



ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

# ЖАЙЫҚ ӘДІСКЕРІ

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

**АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ**

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Әдістемелік орталығы  
 Методический центр Управления образования Западно-Казахстанской области  
 Ғылыми-әдістемелік журнал  
 «Жайық әдіскері»  
 Научно-методический журнал

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 04.12.2013 жылы тіркеліп, №14011-Ж кәулігі берілді. 25.02.2025 жылы №KZ13VPY00113382 кәулігі жаңартылды	Бас редактор	Кубашева Гульмира Камаловна – БҚО әдістемелік орталық директоры
	Жауапты хатшылар	Қуатова Альбина Женисовна – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің қазақ тілі пәнінің әдіскері Ажикенова Ұлпан Маликовна – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің ағылшын тілі пәнінің әдіскері
Редакциялық алқа		
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Жарияланған мақала авторларының көзқарастары редакция пікірін білдірмейді. Таралымы 100 дана Жылына 4 рет шығады. Мақалалар қазақ, орыс тілдерінде басылады. Выходит 4 раз в год, материалы публикуются на казахском, русском языках. Редакцияның мекен-жайы: Орал қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 23 үй, телефондар: 24-08-03, 31-39-24 E-mail: batys-adis@itc.edu.kz	Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна	М.Өтемісов атындағы университетінің "Тарих, экономика және құқық" факультетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
	Ергалиева Гүлжан Алгазиевна	Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов ат. БҚМУ нің педагогика және психология кафедрасының деканы
	Кажымуратова Жаннат Санкибаевна	М.Өтемісов ат БҚУ, ЖГФ, биология, география, химия мұғалімдерін дайындау БББ( білім беру бағдарламасы) аға оқытушысы
	Зулкашева Шынар Мулқайевна	Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры
	Бисенғалиева Асыл Мақымовна	Аға оқытушы, техника ғылымының магистрі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті
	Ізмұханбетова София Салахиденовна	Педагогика ғылымының кандидаты, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «БҚО ПКБАИ» ректоры
	Искалиева Айгүль Бисенбаевна	Орал «Сервис» технологиялық колледжінің директоры
	Еришова Эльмира Айдынгалиевна	Орал қаласы №47 «Байтерек» бөбекжайының меңгерушісі
	Бексултанова Айымгүл Жумакановна	БҚО әдістемелік орталығы мониторинг және талдау бөлімінің басшысы
	Нарикова Женискул Мырзабековна	БҚО әдістемелік орталығы білім сапасын басқару және менеджмент бөлімінің басшысы
	Ерментаева Асел Саткановна	«Абай атындағы мектеп гимназиясы» КММ оқу-ісі жөніндегі орынбасары, «Үздік педагог- 2021», педагог-шебер.
	Қуаншалиева Райгүл Тлеккабыловна	БҚО әдістемелік орталығы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы
Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы	БҚО әдістемелік орталығы медиа-сүйемелдеу бөлімінің басшысы	

Корректорлар:

- 1.Кудашева Даурия Тулегеновна - БҚО әдістемелік орталығы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бөлімінің басшысы
- 2.Карманова Жанар Сәбитовна - БҚО әдістемелік орталығы кәсіптік оқыту бойынша әдіскер
- 3.Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы - БҚО әдістемелік орталығы медиа-сүйемелдеу бөлімінің басшысы



**«ЕСОВАТYS - ерте жастан еңбекке баулу:  
дәстүрлі және заманауи педагогикалық  
технологиялардың интеграциясы»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАРЫ**



## Кубашева Гульмира Камаловна

Батыс Қазақстан облысы  
Әдістемелік орталығының директоры

Адамзат өркениетінің бүгінгі даму кезеңінде табиғатты аялау, қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтау және өскелең ұрпақтың бойында жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру – мемлекетіміздің білім беру саясатындағы ең өзекті, стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі болып табылады.

Бала тұлғасының, оның дүниетанымы мен құндылықтар жүйесінің іргетасы мектепке дейінгі шақта қаланатыны белгілі. Дәл осы кезеңде бала бойына қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті, жан-жануарларға деген қамқорлықты сіңіру, сонымен қатар еңбекке деген қызығушылығын ояту – болашақ саналы, жауапкершілігі жоғары қоғамды қалыптастырудың негізгі кепілі.

Осы асқақ мақсаттарды жүзеге асыру жолында ұйымдастырылып отырған «ЕСОВАТYS – ерте жастан еңбекке баулу: дәстүрлі және заманауи педагогикалық технологиялардың интеграциясы» атты республикалық семинардың маңызы мен берер тағылымы шексіз. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі жаңа мазмұнмен байып, инновациялық үдерістерге

қадам басты. Бұл шара – мектепке дейінгі ұйымдардың үздік педагогтерін бір арнаға тоғыстырып, олардың кәсіби құзыреттілігін жаңа деңгейге көтеруге және ерте жастан кәсіпке баулу бойынша озық тәжірибе алмасудың ауқымды, мазмұнды алаңын қалыптастыруға бағытталған бірегей бастама.

Бұл бастаманы жүзеге асыру бағытында өңірлерімізде жұмыс жасап жатқан құзыреттілік орталықтардың рөлі орасан зор. Бұл орталықтар – жай ғана әдістемелік кеңес беру орны емес, озық педагогикалық идеяларды, заманауи цифрлық және интерактивті технологияларды тиімді ықпалдастыратын негізгі инновациялық орта ретінде танылуда. Олар педагогтердің кәсіби шеберлігін үздіксіз шындай отырып, экологиялық тәрбие мен ерте жастан еңбекке баулудың ең тиімді модельдерін іс-тәжірибеге енгізуге мұрындық болып келеді.

Осы арнайы басылымда Батыс Қазақстан облысының мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ізденістері, шығармашылық жаңалықтары мен практикалық тәжірибелері кеңінен қамтылған. Ұсынылып отырған әдістемелік материалдарда балалардың табиғат құбылыстары туралы түсінігін тереңдетуге, экологиялық сауаттылықты ойын және зерттеу әрекеттері арқылы арттыруға бағытталған озық әдіс-тәсілдер жан-жақты көрсетілген.

Мұнда мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ерте жастан кәсіптік бағдар алу негіздерін (кәсіпке баулу) қалыптастыру, қарапайым еңбек дағдылары арқылы тұлғаны әлеуметтендіру, үлкендердің еңбегін құрметтеу мен бағалауға тәрбиелеу бойынша құнды авторлық жобалар мен мазмұнды дидактикалық материалдар топтастырылған. Педагогтеріміздің кәсіби шеберлігі мен жүрек жылуының арқасында балаларымыз табиғатпен етене жақын танысып, әлемді аялауды үйренуде.

Бұл басылым мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы педагогтерге, сондай-ақ білім беру саласына енді қадам басқан жас мамандарға таптырмас көмекші құрал болатынына сенімім зор.

Осынау құнды дүниенің жарыққа шығуына, идеяның жүзеге асып, жинақтың сапалы жасақталуына аянбай атсалысқан барлық мақала авторларына, шығармашылық топқа және осы семинарды ұйымдастырушыларға өзімнің және әдістемелік орталық ұжымы атынан шынайы алғысымды білдіремін.

Сіздердің жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасап жатқан игі де қасиетті еңбектеріңізге сарқылмас шығармашылық шабыт, кәсіби өсу, отбасылық амандық және білім беру саласында жаңа толағай табыстар тілеймін! Тәжірибе алмасу алаңының жұмысы жемісті де нәтижелі болсын!

# ЖАСЫЛ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІ



## Кудашева Даурия Тулегеновна

Батыс Қазақстан облысы Әдістемелік орталығының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бөлімінің басшысы

## Сиражева Светлана Халеновна

Батыс Қазақстан облысы Әдістемелік орталығының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бөлімінің әдіскері



Экологиялық тәрбие – өскелең ұрпақтың табиғатқа деген саналы көзқарасын қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі. Әсіресе мектепке дейінгі кезең – баланың қоршаған ортамен алғашқы қарым-қатынас орнатып, табиғаттың құндылығын сезіне бастайтын аса маңызды уақыт. Осы бағытта Батыс Қазақстан облысында мазмұнды әрі жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» бастамасы аясында: «Тазалық – әр адамның ішкі мәдениетінің көрінісі. Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз» деп атап өткен болатын. Бұл тұжырым экологиялық тәрбиенің тек білім беру ұйымдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ құндылығы екенін айқындайды.

Осы орайда, Батыс Қазақстан облысында «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы негізінде бірқатар тиімді жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – «Жасыл балабақша» жобасы. Қазіргі таңда облыс бойынша

43 мектепке дейінгі ұйым осы жоба аясында экологиялық бағытта белсенді жұмыс жүргізуде. Балабақшаларда балаларды табиғатты аялауға баулу мақсатында шағын бақша өсіру, гүл егу, ағаш отырғызу, қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыру сияқты жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Аталған бағыттағы іс-шаралар бүгінде қарқынды түрде жалғасын тауып, тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін қалыптас тыруға оң ықпал етуде. Сонымен қатар, осы атқарылып жатқан жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдары мен теледидар арқылы кеңінен насихатталып, әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жариялануда. Бұл өз кезегінде қоғамның экологиялық тәрбиеге деген қызығушылығын арттырып, өскелең ұрпақтың табиғатқа жанашыр көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беруде.

Халық даналығында «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген нақыл сөз бар. Бұл – табиғатты қорғаудың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын құндылық екенін білдіреді.

Балабақша қабырғасынан бастау алған осындай игі істер балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастырады.



«Жасыл балабақша» жобасы аясында табиғат бұрыштары, экологиялық аландар, тәжірибе жасауға арналған шағын зертханалар ұйымдастырылып, балалар табиғи құбылыстарды бақылап, өздігінен зерттеу жүргізуге мүмкіндік алады. Бұл олардың танымдық қызығушылығын арттырып, қоршаған ортаға деген қамқорлық

сезімін нығайтады

Сонымен қатар, облыста «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы да нәтижелі жұмыс жүргізуде. 2017 жылы 18 мектепке дейінгі ұйымда эксперименттік алаңдар ашылып, бастау алған жоба қазіргі таңда 115 мектепке дейінгі ұйымда өз жалғасын табуда.

Аталған зертхана аясында бүгінде 18 мектепке дейінгі ұйым экологиялық тәрбиеге басымдық беріп отыр. Зертханалық жұмыстар барысында балалар су, ауа және топырақтың қасиеттерін тәжірибе арқылы танып, табиғаттағы өзгерістердің себеп-салдарын түсінуге мүмкіндік алады.



Ұлы ойшыл Әл-Фараби: «Адамға ең алдымен тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Бұл ой экологиялық тәрбиеге де тікелей қатысты. Себебі табиғатты қорғау мәдениеті бала бойына ерте жастан сіңірілгенде ғана ол саналы азамат болып қалыптасады.

Сондай-ақ, орыс жазушысы Михаил Пришвин: «Табиғатты қорғау – Отанды қорғау» деп бекер айтпаған. Бұл сөз табиғат пен адам өмірінің ажырамас байланысын терең түсіндіреді.

Облыста экологиялық тәрбиені еңбек және кәсіптік бағдармен ұштастыру мақсатында «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы аясында «Таза орта – таза болашақ» экологиялық жобасы да жүзеге асырылуда. Бұл жобаға қазіргі таңда 5 мектепке дейінгі ұйым қатысып, балаларды еңбекке баулу арқылы табиғатты қорғауға тәрбиелеу бағытында жұмыстар жүргізуде.



Аталған жоба шеңберінде тәрбиеленушілер аула тазалау, өсімдіктерді күту, қарапайым еңбек әрекеттерін орындау, табиғи материалдармен жұмыс жасау сияқты іс-әрекеттерге тартылады. Сонымен қатар балаларға экологиялық мәдениет пен еңбекқорлықтың өзара тығыз байланысы түсіндіріліп, «тазалық – тәртіптің, ал еңбек – табыстың бастауы» екені тәжірибе арқылы ұғындырылады.

Бұл бағыттағы жұмыстар балалардың бойында жауапкершілік, ұқыптылық, еңбексүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып қана қоймай, оларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді. Осы арқылы экологиялық тәрбие мен еңбек тәрбиесінің өзара сабақтастығы қамтамасыз етіледі.

Балабақшаларда ұйымдастырылатын экологиялық ойындар, шығармашылық жобалар, тәжірибелік жұмыстар балалардың тек білімін арттырып қана қоймай, олардың мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық сияқты адами қасиеттерін де дамытады. Табиғатқа қамқорлық жасау арқылы бала өз болашағына жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

**Қазіргі цифрлық дәуірде экологиялық тәрбиені дамытуда цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары да маңызды рөл атқаруда.** Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында интерактивті платформалар, мультимедиялық материалдар және цифрлық білім беру құралдары кеңінен қолданылуда.

Балалар табиғат туралы ақпаратты тек тәжірибе арқылы ғана емес, сонымен қатар бейнежазбалар, анимациялар, интерактивті ойындар арқылы да меңгеруде. Бұл олардың экологиялық ұғымдарды жеңіл әрі қызықты қабылдауына мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект элементтері педагогтерге балалардың танымдық деңгейін бақылауға, жеке ерекшеліктеріне қарай тапсырмалар ұсынуға және оқу үдерісін даралауға мүмкіндік беруде. Сонымен қатар, виртуалды модельдеу арқылы балалар табиғи құбылыстарды, жануарлар әлемін және экожүйелердің жұмысын көрнекі түрде зерттей алады.




Осылайша, цифрлық технологиялар экологиялық тәрбиені жаңа сапалық деңгейге көтеріп, баланың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етуде.

Қорытындылай келе, Батыс Қазақстан облысындағы мектепке дейінгі ұйымдарда «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Жасыл балабақша» жобасы, «Бәрін білгім келеді» интеллектуалды дамыту зертханасы, «Таза орта – таза болашақ» экологиялық жобасы және цифрлық технологияларды енгізу жұмыстары – экологиялық тәрбиені жаңа деңгейге көтеріп отырған маңызды бастамалар. Бұл жұмыстар – табиғатты сүйетін, қоршаған ортаға жанашыр, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеудің берік негізі.

«Жер – біздің ортақ үйіміз. Оны таза сақтау – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз».

## ● Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылады. Батыс Қазақстан облысында «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Жасыл балабақша», «Бәрін білгім келеді» интеллектуалды дамыту зертханасы және «Таза орта – таза болашақ» жобаларының тиімділігі сипатталады. Балалардың табиғатқа деген жауапкершілік көзқарасын қалыптастырудағы тәжірибелік жұмыстар, еңбек тәрбиесімен байланысы және цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері талданады. Экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастырудың маңызы ғылыми-тәжірибелік тұрғыда негізделеді.



## БӨБЕКЖАЙДАҒЫ «КІШКЕНТАЙ ЗЕРТТЕУШІ» ЖОБАСЫ



### Айткалиева Асем Максотовна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайы, меңгеруші

### Биназарова Жанат Рысбаевна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайы, әдіскер



Қазіргі таңда экологиялық мәдениетті қалыптастыру – білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, тұрмыстық қалдықтарды азайту, жасыл кеңістікті көбейту сияқты ұстанымдарды бала кезден бойға сіңіру – болашақ ұрпақтың жауапты азамат болып қалыптасуының негізі. Бөбекжайдағы экологиялық тәрбие арқылы бала табиғатты таниды, оны сүюді, аялауды үйренеді. Осы бағытта біздің № 37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайы ұжымы, мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беруді жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Бөбекжай жұмысының басым бағыттарының бірі – бүлдіршіндердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, экологиялық мәдениетін арттыру. «Кішкентай зерттеуші» жобасы – экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастырудың тиімді жолы.

### «КІШКЕНТАЙ ЗЕРТТЕУШІ» КЕШЕНДІ ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қарапайым зерттеу әдістері арқылы экологиялық білім негіздерін бала бойына қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды сезіндіру, балалардың қызығушылығын жан-жақты жұмыстар арқылы дамыту. Балалардың алған білім, білік және дағдыларын күнделікті өмірде – ойын, еңбек, бақылау кезінде қолдануға үйрету. Жоба арқылы ата-ана, педагог және бала арасындағы ынтымақ тастықты нығайту, экологиялық мәдениетті қалыптас тырудың тиімді жолдарын арттыру.

### ЖОБА МІНДЕТТЕРІ:

- Балаларға табиғат құбылыстары мен қоршаған орта туралы бастапқы ғылыми түсінік беру;
- Бақылау, тәжірибе жасау, зерттеу әдістерін, зерттеушілік әрекеттерін дамыту;
- Командамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;

- Жобаға ата-аналарды тарту, отбасы мен бөбекжай арасындағы ұйымдастырылатын түрлі жұмыс түрлерін көрсету;
- Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты аялау дағдыларын қалыптастыру;
- Балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру;
- Шығармашылық іс-әрекет арқылы экологиялық мәдениетті дамыту.

### ЖОБАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ:

Жоба ата-ана, педагог және бала арасындағы ынтымақтастықты нығайтатын, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді моделі ретінде ұсынылатын, кешенді тәжірибеге негізделген экологиялық тәрбие жұмысын жүргізуге бағытталған, қазіргі таңда ең өзекті жобалардың бірі.

Модуль тақырыптары	Өткізілетін тақырыптар	Жұмыс бағыты	Сағат саны
<b>I-модуль: Ақпараттық бағыт «Жасыл әлем-жасыл болашақ»</b>			
Мақсаты: Балаларды цифрлық технологиялар мен ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын зерттеу және экологиялық білімді кеңейту, балаларды цифрлық құралдармен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларды жүзеге асыруға баулу.	«Өсімдік қалай өседі?»	Ақылды құрылғылар арқылы бақылау	1
	«Жаңбыр қалай пайда болады?»	Видеороликтер көру, тәжірибе жасау	1
	«Тұқымнан гүлге дейін»	Бақылау, АКТ,	1
	«Күннің жылуы өсімдікке қалай әсер етеді?»	Өсімдіктерді бақылау күнделігін жүргізу, Mozaika 3д	1
	«Отбасымдағы еңбек»	Ата-анамен біріккен видеоролик түсіру	1
	«Қоқысты сұрыптаймыз»	Интерактивті экологиялық ойын	1
	«Еңбек құралдарымен танысайық»	ЖИ арқылы танымдық ойындар	1
	«EcoKids – Таза болашақ!»	Ата-аналармен «Жасыл акциялар»	1
<b>II-модуль: Танымдық бағыт «Мен - болашақ эколог»</b>			
Мақсаты: Болашақ мамандықтар (эколог, агроном, фермер т.б) туралы алғашқы түсінік қалыптастыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, түрлі кәсіп түрлерімен таныстырып, өз еңбегінің маңызын түсінуге баулу. Әрбір баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасау.	«Жас экологтар»	Байқау өткізу	1
	«Кішкентай өнертапқыштар»	Эксперименттік-танымдық зертхана	1
	«Жас зерттеушілер»	Медиа саяхат	1
	«Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!»	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу	1
	«Жеміс-жидек дүкені»	Сюжеттік-рөлдік ойын	1
	«Біздің шағын ферма»	Саяхат (ойын түрінде)	1
	«Кішкентай кәсіпкерлер»	Байқау ұйымдастыру	1
	«Еккеніміз – еңбек, жиғанымыз-жеміс»	Бөбекжай ауласындағы көкөністерге күтім жасау	1
	«Эко –патруль»	Ойын сайысы	1

<b>III-модуль: Зерттеушілік бағыт «Ғажайып зертхана»</b>			
<p>Мақсаты: Балалармен табиғат құбылыстарын зерттеу, тәжірибе жасау, ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Эксперимент, бақылау, зерттеу әдістерін қолдана отырып, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.</p>	«Жасыл дәрумендер»	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекет	1
	«Жасыл дәріхана»	Фито-көрме	1
	«Таза су-лас су»	Тәжірибе жүргізу	1
	«Мұз неге тез ериді?»	Зерттеу, тәжірибе	1
	«Біз жаңалық ашамыз!»	STEAM элементтерін кіріктірілген экологиялық ойын	1
	«Желдің күші»	Эксперименттік-танымдық зертхана	2
	«Қалдықтардан жаңа өнім»	Шағын экологиялық зертхана	1
	«Топырақтың құпиясы»	Зерттеу өткізу, тәжірибе.	1
<b>IV-модуль: Шығармашылық бағыт «Шығармашылық зертхана»</b>			
<p>Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін шығармашылық іс- әрекет арқылы дамыту, табиғи және қалдық материалдарды қайта өңдеу арқылы эстетикалық талғам мен табиғатқа ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру.</p>	«Таза аула – біздің еңбегіміз»	Бейнеролик жасау	1
	«Гүлдерді баптаймыз»	Флористика бағытындағы ойындар	1
	«Ғажайып идеялар әлемі»	Ата-аналармен біріккен жәрмеңке ұйымдастыру	1
	«Менің алғашқы жаңалығым»	Өз ойларымен макет құрастыру	1
	«Шебер қолдар»	«Шебер қолдар» шығармашылық көрме қағаз, мата, табиғи материалдармен жұмыс	1
	«Күзгі жапырақтардағы бейнелер»	Сәндік -қолданбалы өнер күнін ұйымдастыру	1
	«Өз қолымен жасаған бұйымды сыйлаймын»	Ата-аналармен шығармашылық идеялар мен шеберлік сағаттары	1
	«Таза табиғат»	Сурет көрмесі	1
	«Қалдыққа екінші өмір»	Шеберлік сынып	1
	«Бақша өнімдерін сатамыз»	Ұйымдастырылған іс -шарамен жобаны қорытындылау.	1
<b>Сағат саны:</b>			<b>36</b>

## «КІШКЕНТАЙ ЗЕРТТЕУШІ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- Балаларда табиғат құбылыстары мен қоршаған орта туралы бастапқы ғылыми түсініктер қалыптасады, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата алады.
- Тәжірибе жасау, бақылау жүргізу, салыстыру, қорытынды шығару сияқты қарапайым зерттеу дағдылары дамиды.
- Зерттеушілік әрекетке қызығушылығы артып, танымдық белсенділігі күшейеді.
- Топта жұмыс істеу, өзара пікір алмасу және бірлескен шешім қабылдау дағдылары қалыптасады.
- Ата-ана мен бөбекжай арасындағы серіктестік нығайып, бірлескен іс-шаралар жүйеленеді.
- Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және экологиялық мәдениет негіздері қалыптасады.
- Балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдылары жетіліп, өз ойын еркін жеткізу қабілеті дамиды.

«Кішкентай зерттеуші» жобасы – болашаққа бағытталған маңызды қадам.

Бұл жоба жас ұрпақты табиғатқа жанашыр, жауапкершілігі жоғары азамат етіп тәрбиелеудің тиімді жолы екенін айқын көрсетті.

Осындай ізгі мақсатты ұстанған ұжым



бүлдіршіндерді қоршаған ортаға қамқорлықпен қарайтын, табиғатты аялауды өмірлік ұстанымына айналдыратын тұлға ретінде қалыптастыруды басты міндеті деп санайды.

Жоба аясында балалардың танымдық белсенділігі артып, зерттеушілік қабілеттері дамиды, табиғат құбылыстарын түсіну арқылы олардың дүниетанымы кеңейеді. Сонымен қатар, экологиялық мәдениет негіздері қалыптасып, әлеуметтік және коммуникативтік дағдылары жетіле түседі.

Осылайша, «Кішкентай зерттеуші» жобасы – тек танымдық бағыттағы жұмыс емес, ол болашақ қоғамның саналы, табиғатқа жауапты азаматтарын тәрбиелеуге бағытталған кешенді педагогикалық бастама болып табылады.



### ● Аңдатпа:

Бұл мақалада «Кішкентай зерттеуші» жобасы аясында бөбекжайдың ересек тобы тәрбиеленушілерімен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі қарастырылады. Жоба – ата-аналар, балалар және педагогтердің бірлескен қатысуымен экологиялық тәрбиені жүйелі қалыптастыруға бағытталған кешенді бағдарлама.

Жоба жас ерекшелікке сай төрт модуль негізінде құрылған: «Жасыл әлем – жасыл болашақ», «Мен – болашақ эколог», «Ғажайып зертхана», «Шығармашылық зертхана». Әр модуль балалардың экологиялық білімін тереңдетіп, танымдық, зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жұмыс ойын, тәжірибе, бақылау, зерттеу, көрме және интерактивті іс-шаралар арқылы ұйымдастырылады.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ



## Еришова Эльмира Айдынгалиевна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№47 «Бәйтерек» бөбекжайы, меңгеруші

Табиғат сұлулығы баланың рухани дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпал етеді. Ол балаларды мейірімділікке, жанашырлыққа, айналасындағы адамдарға қамқор болуға тәрбиелейді. Сонымен қатар табиғат – балалар үшін қоршаған ортаны танып-білудің, табиғат құбылыстарын түсінудің және сөздік қорын байытудың маңызды көзі болып табылады. Табиғат аясындағы бақылау, зерттеу, тәжірибе жүргізу баланың сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамытудың ең тиімді жолдарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор болып саналады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа деген ықыласты қарым-қатынасын бірнеше деңгейде қарастыруға болады. Біріншіден, бұл – баланың табиғатқа деген эмоциялық қатынасы (қызығушылық, немқұрайлылық, қорқыныш, таңдану және т.б.). Екіншіден, экологиялық мәселелерге деген қызығушылықтың қалыптасуы, яғни табиғаттағы

өзгерістердің себеп-салдарын түсінуге ұмтылуы. Үшіншіден, табиғи құбылыстарды түсінуден практикалық іс-әрекетке көшуі. Төртіншіден, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, экологиялық сананың қалыптасуы және оны тұлғаның ішкі мәдениетінің бір бөлігі ретінде қабылдауы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктері олардың тікелей іс-әрекеті барысында қалыптасады. Бұл процесс баланың жас ерекшеліктерімен, жеке даму деңгейімен және жинақтаған әлеуметтік тәжірибесімен тығыз байланысты.



Сондықтан экологиялық тәрбие беру үдерісі баланың табиғи дамуын, қызығушылықтарын және қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдас тырылуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие мен білім беру төмендегі негізгі бағыттармен сабақтастықта жүзеге асырылуы қажет:

- табиғатқа деген жағымды, қамқор көзқарас қалыптастыру (адамгершілік тәрбие);
- экологиялық білім негіздерін меңгерту (ақыл-ой тәрбиесі);
- табиғат сұлулығын сезіну арқылы эстетикалық талғамды дамыту;
- табиғатты қорғауға бағытталған іс-әрекеттерге тарту.

Аталған бағыттардың барлығы өзара тығыз байланыста жүзеге асқанда ғана тиімді нәтиже береді. Балалар табиғаттың қайталанбас құндылық екенін түсініп, оған қамқорлықпен қарауды үйренуі қажет. Осы мақсатта бөбекжайларда табиғат бұрыштары ұйымдастырылып, серуендер, экскурсиялар, тәжірибелік жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

## Тәжірибелік жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері

Біздің бөбекжайда табиғатты тану жұмыстары экологиялық соқпақтар мен дамытушы орта арқылы жүйелі түрде ұйымдастырылады. Осы бағытта мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие мәселелерін зерттеу мақсатында «ЭКОБАЛАБАҚША» облыстық зертханалық жобалық жұмысы жүргізілді.

Сонымен қатар, облыстық «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы аясында «Қызықты ғылымдар зертханасы» (инновациялық жобалар) атты эксперименттік тәжірибелік алаң құрылды.

Жобаны іске асыру барысында:

-жауапты мамандар бекітілді;

-2024–2027 жылдарға арналған

жұмыс жоспары әзірленді;

-жоба төлқұжаты мен логотипі жасалды;

-қатысушылар құрамы (педагогтер, балалар, топтар) анықталды.

Жобаның негізгі мазмұны «Жасыл тәлімбақ» бағыты арқылы жүзеге асырылып, баланың зерттеушілік және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталды.

## МАҚСАТЫ:

Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, зерттеу және бақылау арқылы танымдық дербестігін дамыту, тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге бағытталған қолайлы білім беру ортасын құру.

## МІНДЕТТЕРІ:

- балалардың өмір қауіпсіздігін, денсаулығын және эмоционалдық жай-күйін қамтамасыз ету;
- жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әлеуетін дамыту;
- табиғатқа, туған жерге, отбасына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- дамытушы органы тиімді ұйымдастыру;
- зерттеушілік, танымдық қабілеттерін дамыту;
- ата-аналармен серіктестік орнату.

## БАҒЫТТАРЫ:

Тәжірибелік алаң жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

«Жасыл тәлімбақ», «Метеорологиялық алаң», «Жануарлар әлемінде», «Экологиялық ойындар», «М.Монтессори», «Арт-студия», «Планетарий», «Экспериментариум», «Шешендік өнер студиясы», «Қылқан жапырақтылар аллеясы», «Ертегілер әлемі», «Шығармашылық».

Дайындық кезеңінде:

- бөбекжай ауласында бау-бақша ұйымдастырылды;
- экологиялық бұрыштар жасақталды;
- экологиялық соқпақ нүктелері орнатылды;
- метеоалаң құрылды;
- әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілді.

Экологиялық тәрбие беру жұмыстары кешенді түрде ұйымдастырылды. Атап айтқанда:

- табиғатты бақылау;
- тәжірибелік-зерттеу жұмыстары;
- серуендер мен экскурсиялар;
- табиғаттағы еңбек;
- дидактикалық және қимылды ойындар.

Педагогикалық эксперимент барысында серуен кезінде ұйымдас тырылатын бақылау үлгілерінің баланы қоршаған ортамен таныс тыруда тиімді екендігі анықталды.

Балабақшадағы серуен күн тәртібінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол бес бөлімнен тұрады: бақылау, жеке жұмыс, қимылды ойын, табиғаттағы еңбек және дербес (еркін) ойындар. Бес бөлім бірін-бірі толықтырып,

баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Серуен барысында балалар ауа райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен өсімдіктерді, жануарлар мен құстарды бақылау арқылы білімдерін жетілдіріп, өздері үшін жаңалық ашады.

Табиғатпен байланыс, ойластырылған бақылаулар, серуендер мен әңгімелер ұйымдастыру – экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қоюдың және қажетті нәтижеге жетудің маңызды алғышарты ретінде қарастырылды. Жеңілден күрделіге қарай бағытталған жұмыстар арқылы табиғат құбылыстарының көпқырлылығы көрсетілді.

Серуендерді өткізу барысында дидактикалық, қимылды, танымдық және сюжеттік ойындарға ерекше мән берілді.

Бақылау – мектеп жасына дейінгі балаларды табиғат құбылыстарымен таныстырудың жетекші әдісі. Сонымен қатар, ол тәрбиеші басшылығымен жүзеге асатын табиғатты танудың негізгі құралы болып табылады. Баланың қабылдауы көру, есту, иіскеу, сезу сияқты танымдық процестер арқылы жүзеге асып, ойлау және қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуына негіз болады.

Сонымен қатар экологиялық тәрбие беру барысында:

-экологиялық ертегілер;

-экологиялық жұмбақтар;

-экологиялық ойындар;

-мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар;

-экологиялық ертегілер құрастыру;

-терезе алдындағы бақша мен жылыжайдағы еңбек;

-зерттеу және тәжірибелік жұмыстар;

-әңгіме-кеңестер кеңінен қолданылды.

Пәнаралық байланыс (қоршаған ортамен таныстыру, жаратылыстану, экология негіздері, сөйлеуді дамыту, еңбек, бейнелеу өнері, музыка) негізінде кешенді оқу қызметтері ұйымдастырылды.



## Мектепке дейінгі ұйымда жүргізілген жүйелі жұмыстар нәтижесінде экологиялық тәрбие беру үдерісінің тиімділігі дәлелденді.

Мектепке дейінгі ұйымда жүргізілген жүйелі жұмыстар нәтижесінде экологиялық тәрбие беру үдерісінің тиімділігі дәлелденді.

«Қызықты ғылымдар зертханасы» тақырыбындағы облыстық тәжірибе алаңы бойынша 2022–2025 жылдар аралығында жүйелі жұмыс жүргізіліп, өз нәтижесін көрсетті. Тәрбиеленушілердің бақылау, зерттеушілік қабілеттері дамып, табиғатқа деген сүйіспеншілігі артты.

Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби шеберліктерін жетілдірді. Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық нығая түсті.



2024–2025 оқу жылында тәрбиеленушілердің байқауларға қатысуы – 35%, әдістемелік жинақтар – 37%, БАҚ-та жарияланымдар – 30%, ал семинар-тәжірибелерге қатысу – 51% көрсеткішті құрап, атқарылған жұмыстың тиімділігін көрсетті.

«ЭКОБАЛАБАҚША» жобасын қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін дамыту жұмыстарын тек біржақты емес, отбасы мен балабақша ынтымақтастығы негізінде ұйымдастыру қажеттілігі анықталды.

Жоба аясында балалар экологиялық соқпақтар арқылы тірі және өлі табиғатты ажыратып, олардың өзара тығыз байланыста екенін түсінді. Балалардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық даму деңгейлерінде оң өзгерістер байқалды.

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру – қазіргі таңда өзекті әрі маңызды

бағыттардың бірі. Болашақ ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру – баршамыздың басты міндетіміз.

### ● Аңдатпа:

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың алғы шарттары қарастырылады. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу және экологиялық білім негіздерін ерте жастан қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Сонымен қатар, экологиялық тәрбиені жүзеге асырудағы отбасы мен балабақшаның рөлі, табиғатпен таныстырудың тиімді әдістемелері мен балалардың танымдық белсенділігін дамыту жолдары талданады. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптас тыруға бағытталған педагогикалық жұмыстардың мазмұны мен ерекшеліктері сипатталады.

# ТАБИҒАТ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ: БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ



## Сабирова Шолпан Шамуратовна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№48 «Мұрагер» бөбекжайы, меңгеруші

Заманауи жағдайда жаһандық экологиялық мәселелер – климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың азаюы, қоршаған ортаның ластануы – адамзат алдында тұрған маңызды проблема лардың бірі болып отыр. Осындай күрделі жағдайда экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру қажеттілігі айқын сезілуде. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында балалардың табиғатқа қамқорлық қатынасын қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленген.

Балабақша кезеңі – баланың дүниетанымы мен құндылық бағдарлары қалыптасатын шешуші уақыт. Осыған байланысты «Табиғат – тәрбие бастауы» қағидасы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде экологиялық бағытты жүйелі түрде енгізуді талап етеді. Бұл бағытта баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жауапкершілігін және экологиялық мәдениетін қалыптастыру – педагогтің маңызды міндеттерінің бірі.

Осы мақалада балабақшадағы экологиялық тәрбиенің мазмұны,

әдістері мен нәтижелері нақты педагогикалық зерттеу негізінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау және оларды ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу жұмысы 2024–2025 оқу жылында «Балбөбек» ересек тобында (4 жас, 25 бала) және 2025–2026 оқу жылында «Самұрық» мектепалды тобында (5 жас, 23 бала) жүргізілді. Зерттеу барысында бақылау, сауалнама, педагогикалық экспери мент және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Атап айтқанда, балалардың табиғат бұрышындағы іс-әрекеттері жүйелі бақылауға алынып, ата-аналардың экологиялық тәрбиеге көзқарастары сауалнама арқылы анықталды. Сонымен қатар арнайы ұйымдастырылған жобалар арқылы тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, бастапқы және қорытынды нәтижелер салыстырылды. Зерттеу мазмұны экологиялық тәрбиені үш негізгі компонент арқылы жүзеге асыруға

негізделді: танымдық, эмоционалдық-құндылық және іс-әрекеттік. Танымдық компонент балалардың табиғат құбылыстары туралы білімін қалыптастыруға бағытталса, эмоционалдық-құндылық компонент табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін дамытуға ықпал етті. Ал іс-әрекеттік компонент арқылы балалардың табиғатты қорғау дағдылары тәжірибе жүзінде қалыптастырылды.

Балабақшадағы экологиялық жұмыстар бірнеше бағытта ұйымдастырылды. Табиғатты бақылау барысында балалар серуен кезінде ағаштарды, жапырақтарды, жәндіктерді зерттеп, жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді салыстырды. Тәжірибелік әрекеттер арқылы гүл отырғызу, өсімдіктерді суару, шағын бақша ұйымдастыру жүзеге асырылып, балалардың еңбекке деген қызығушылығы артты. Сонымен қатар экологиялық ойындар мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, табиғатты қорғау идеялары дидактикалық және рөлдік ойындар арқылы меңгертілді.



№ 48 «Мұрагер» бөбекжайында экологиялық тәрбие бағытында бірнеше жобалық жұмыстар іске асырылды. Соның бірі – «Жас бағбан» («Бау-бақша – береке бастауы») жобасы. Бұл жоба барысында балалар терезе алды бақшада көкөніс тұқымдарын егіп, олардың өсу кезеңдерін бақылап, арнайы бақылау карталарын толтырды. Өскен көшеттерді жылыжай мен бақшаға отырғызу арқылы балалардың еңбекке баулу және зерттеушілік дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар «Таза аула» акциясы ұйымдастырылып, балалар балабақша ауласындағы қоқыстарды сұрыптап жинауға қатысты. Бұл әрекет олардың қоршаған ортаны қорғаудың практикалық маңызын түсінуіне ықпал етті. Табиғат бұрышында аквариум мен бөлме өсімдіктерін күту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, кезекшілік жүйесі енгізілді. Нәтижесінде балалардың 80%-ы өз міндеттерін жауапкершілікпен орындауға дағдыланды.

«Кішкентай зерттеушілер» жобасы аясында балалар тірі және өлі табиғат туралы алғашқы түсініктерін кеңейтіп, қарапайым тәжірибелер арқылы бақылау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын меңгерді. Сонымен қатар қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу сияқты экологиялық әдеттер қалыптасты.



Зерттеу нәтижелері бойынша бастапқы кезеңде балалардың тек 40%-ында ғана табиғатқа саналы қатынас байқалса, эксперимент соңында бұл көрсеткіш 86%-ға дейін өсті. Талдау нәтижелері балалардың экологиялық білім деңгейінің артқанын, табиғатқа қамқорлық әрекеттерінің жүйелі сипат алғанын көрсетті. Сонымен қатар ата-аналардың 65%-ы үй жағдайында экологиялық әдеттерді енгізе бастағаны анықталды.

Жүргізілген зерттеу экологиялық тәрбиенің тек теориялық ақпарат берумен шектелмеуі керектігін дәлелдеді. Егер жұмыс тек сипаттамалық деңгейде ұйымдастырылса, балаларда тұрақты дағды қалыптаспайды. Ал жобалық және тәжірибелік әдістерді қолдану олардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Салыстырмалы талдау нәтижесінде экологиялық тәрбиенің табысты болуы үшін жүйелілік, практикалық іс-әрекетке негізделу және ата-анамен ынтымақтастық сияқты факторлардың маңыздылығы айқындалды.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, балабақша бағдарламасына экологиялық жобаларды жүйелі түрде енгізу, әр топта тұрақты табиғат бұрышын ұйымдастыру, ата-аналарға арналған экологиялық семинарлар мен кеңестер өткізу, жергілікті табиғи нысандарға экскурсиялар ұйымдастыру және экологиялық күнтізбе арқылы бақылау мәдениетін дамыту ұсынылады. Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес экологиялық білім мазмұнын жаңғыртып, тәжірибелік әрекеттер

үлесін арттыру маңызды болып табылады. Педагогтердің экологиялық құзыреттілігін арттыру, заманауи әдіс-тәсілдер мен цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану да бұл бағыттағы жұмыстың сапасын көтереді.



Бұдан бөлек, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты күшейту ерекше маңызға ие. Ата-аналарды экологиялық тәрбие үдерісіне белсенді тарту арқылы балалардың күнделікті өмірінде табиғатты қорғау дағдыларын бекітуге мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде баланың мінез-құлқына оң әсер етіп, экологиялық мәдениеттің тұрақты қалыптасуына негіз болады.

Қорыта айтқанда, «Табиғат – тәрбие бастауы» қағидасы мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жүйесінің маңызды бағыты болып табылады. Экологиялық бағыттағы жүйелі әрі тәжірибеге негізделген жұмыс балалардың табиғатқа жауапкершілік қатынасын қалыптастыруда жоғары тиімділік көрсетеді. Мұндай жұмыстар балалардың тек білім деңгейін арттырып қана қоймай, олардың қоршаған ортаға деген жанашырлық, қамқорлық сезімдерін қалыптастырады.

Демек, экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру – болашақ қоғамның тұрақты дамуының сенімді кепілі. Табиғатты аялауды бала бойына сіңіру арқылы біз экологиялық санасы жоғары, жауапкершілігі мол тұлғаны тәрбиелей аламыз. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жетілдіру мен дамыту – білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болып қала береді.



### Аңдатпа:

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық бағыттағы тәрбиенің өзектілігі, мазмұны және педагогикалық тиімділігі талданады. Зерттеу жұмысы балабақша жағдайында балалардың табиғатқа жауапкершілік қатынасын қалыптастыруға бағытталған әдістер мен практикалық іс-тәжірибелерге негізделген. Мақалада бақылау, сауалнама, педагогикалық эксперимент әдістері қолданылып, олардың нәтижелері сараптамалық тұрғыда сипатталады. Экологиялық тәрбиенің тиімді моделін енгізу бойынша ұсыныстар беріледі.



# БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР



## Ниярова Нурсулу Мадениетовна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№44 «Мерей» бөбекжайы, меңгеруші

Экологиялық мәселелердің ушығуы адамзат алдында үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті сақтау – болашақ ұрпақтың өмір сапасының кепілі. Осы тұрғыдан алғанда, экологиялық тәрбиені ерте жастан, яғни мектепке дейінгі кезеңнен бастау – уақыт талабы. Аталған мәселенің маңыздылығы мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қажеттілігін айқындайды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – балабақша жағдайында экологиялық тәрбиені тиімді ұйымдастыру жолдарын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалды: экологиялық тәрбиенің мазмұнын анықтау, тиімді әдістер мен тәсілдерді талдау, сондай-ақ тәжірибелік жұмыстардың нәтижелерін саралау.

Тақырыптың өзектілігі – балалардың табиғатқа деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру арқылы қоғамда экологиялық мәдениетті орнықтыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты зерттеу жұмысының әдістемелік негізін айқындау маңызды болды.



Зерттеу үдерісі мектепке дейінгі ұйымдағы күнделікті оқу-тәрбие жұмысының мазмұнымен тығыз байланыста ұйымдастырылып, балалардың жас ерекшеліктері мен психологиялық даму деңгейі ескерілді. Экологиялық тәрбие беру жұмысы кешенді түрде ұйымдастырылған іс-әрекеті, серуен, ойын және еңбек әрекеттері барысында жүйелі түрде іске асырылды.

Зерттеу барысында бір-бірімен өзара байланыста бірнеше ғылыми-педагогикалық әдістер қолданылды. Солардың ішінде бақылау әдісі зерттеудің негізгі құралдарының бірі болды. Бақылау барысында балалардың табиғатпен қарым-қатынасы, өсімдіктер мен жануарларға деген көзқарасы, қоршаған ортаға ұқыптылық деңгейі жүйелі түрде қадағаланды.

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Бұл жұмыстар күнделікті серуен кезінде, табиғат бұрышындағы әрекеттер барысында және ұйымдастырылған іс-әрекеттері кезінде жүргізілді. Әсіресе балалардың табиғи құбылыстарға деген қызығушылығы мен эмоционалдық реакцияларына ерекше назар аударылды.



Тәжірибелік әдіс балалардың экологиялық білімін нақты әрекет арқылы қалыптастыруға бағытталды. Балалар «Табиғат бұрышында» өсімдіктерді отырғызу, суару, топырақты қопсыту сияқты жұмыстарды өз қолымен орындады. Сонымен қатар қарапайым тәжірибелер ұйымдастырылып, өсімдіктің жарық пен суға тәуелділігі, тұқымның өну кезеңдері және судың күй өзгерістері бақыланды. Бұл балалардың табиғат заңдылықтарын түсінуіне мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында сұхбат және сауалнама әдістері қолданылып, тәрбиешілер мен ата-аналардың экологиялық тәрбиеге деген көзқарасы анықталды. Бұл балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықтың деңгейін айқындауға мүмкіндік берді. Жиналған мәліметтерді өңдеу барысында талдау және салыстыру әдістері қолданылып, балалардың бастапқы және қорытынды деңгейлері салыстырылды.



Зерттеу жұмысы дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерден тұрды. Әдістемелік тұрғыда ұйымдастырылған бұл жұмыс нақты практикалық әрекеттермен толықтырылды. Зерттеу барысында экологиялық тәрбие беру жұмыстары балалардың белсенді қатысуына негізделген практикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, балабақшадағы «Табиғат бұрышы» балалар үшін шағын зертхана қызметін атқарды. Мұнда олар өсімдіктердің өсу кезеңдерін күнделікті бақылап, гүлдерді суару, жапырақтарын сүрту, топырақты қопсыту сияқты жұмыстарды жүйелі орындады.



Уақыт өте келе бұл әрекеттер балалар үшін тек тапсырма емес, ішкі қажеттілікке айналды.

Практикалық жұмыстардың бірі ретінде өсімдіктерге жүргізілген тәжірибелер ерекше нәтиже берді. Мысалы, бір өсімдікті уақытылы суарып, екіншісін сусыз қалдыру арқылы олардың айырмашылығын бақылау балалардың себеп-салдарлық байланыстарды түсінуіне ықпал етті.

Сонымен қатар, «Жас бағбан» жобасы аясында балалар тұқым отырғызып, оның өсу кезеңдерін толық бақылауға мүмкіндік алды. Бұл жоба балалардың еңбекқорлық, шыдамдылық және жауапкершілік қасиеттерін дамытуға әсер етті.



Жүргізілген бақылаулар мен тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде балалардың танымдық, эмоционалдық және мінез-құлықтық деңгейлерінде оң өзгерістер байқалды.

Балалардың табиғатқа деген қызығушылығы айтарлықтай артты. Олар табиғи құбылыстарға белсенді түрде қызығушылық танытып, сұрақтар қойып, өз бетінше бақылау жүргізуге ұмтылды.



Сонымен қатар, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау дағдылары қалыптасты. Балалар табиғат бұрышындағы жұмыстарды жауапкершілікпен орындап, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды үйренді.

Экологиялық ұғымдарды түсіну және қолдану деңгейі де жоғарылады.



Балалар өз ойларын еркін жеткізіп, экологиялық терминдерді дұрыс қолдана бастады.

Бұл нәтижелер зерттеу барысында қолданылған әдістердің тиімділігін көрсетіп, оларды ғылыми тұрғыда талқылауды қажет етеді.



Зерттеу нәтижелерін талдау экологиялық тәрбиенің тиімділігі оның жүйелі, мақсатты және кешенді түрде ұйымдастырылуына тікелей байланысты екенін көрсетті.

Атап айтқанда, табиғатпен тікелей байланыс балалардың экологиялық санасының қалыптасуына ерекше әсер етеді. Сонымен қатар, ойын арқылы берілген білімнің тиімділігі жоғары екені анықталды. Ата-анамен бірлескен жұмыстар да экологиялық тәрбиенің нәтижелілігін арттырады.

Цифрлық технологияларды қолдану балалардың қызығушылығын арттырғанымен, олар табиғатпен тікелей әрекетті алмастыра алмайтыны анықталды. Осыған байланысты экологиялық тәрбиенің табысты болуы келесі шарттарға тәуелді екені анықталды: жүйелілік, үздіксіздік,

тәжірибеге бағытталу, баланың белсенді қатысуы және педагог пен ата-ананың ынтымақтастығы. Сонымен қатар, бөбек жайда арнайы робототехника кабинеті жұмыс істейді. Робототехника сабақтары барысында балалар экологиялық бағыттағы түрлі жобалармен айналысады. Атап айтқанда, «Тауық фермасы» тақырыбында жоба құрастырып, табиғат пен технологияны ұштастыру арқылы тәжірибелік жұмыстар жүргізеді. Бұл жұмыстар балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Балабақшадағы экологиялық тәрбие – баланың дүниетанымын қалыптастыратын және оның тұлғалық дамуына тікелей әсер ететін маңызды үдеріс. Ол табиғатқа деген жауапкершілік сезімін оятып, экологиялық мәдениеттің негізін қалайды. Ерте жастан берілген мұндай тәрбие баланың қоршаған ортаға саналы көзқарасын қалыптастырып, болашақта табиғатты қорғауға бағытталған мінез-құлықтың тұрақты болуына ықпал етеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері экологиялық тәрбиені жүйелі, мақсатты және тәжірибеге бағытталған түрде ұйымдастырудың жоғары тиімділігін

көрсетті. Әсіресе ұйымдастырылған іс-әрекеті, ойын, еңбек әрекеті және серуен барысында өзара байланыста жүзеге асырылған жұмыстар балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың мінез-құлқында оң өзгерістер қалыптастырды. Балалар табиғатты танып-білу деңгейінен оны қорғау қажеттілігін түсіну деңгейіне көтеріле бастады. Сонымен қатар, зерттеу барысында экологиялық тәрбиенің табысты болуы оның үздіксіздігіне, баланың белсенді қатысуына және тәжірибелік әрекеттердің жеткілікті ұйымдастырылуына байланысты екені анықталды. Практикалық жұмыстар мен табиғатпен тікелей қарым-қатынас балалардың білімін тереңдетіп, оны өмірлік дағдыға айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, ата-анамен бірлескен жұмыс пен педагогтің кәсіби шеберлігі экологиялық тәрбиенің нәтижелілігін арттыратын маңызды факторлар ретінде айқындалды. Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастық сақталған жағдайда ғана баланың экологиялық дағдылары тұрақты сипат алады.

Қазіргі білім беру жағдайында цифрлық технологияларды тиімді пайдалану да өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Алайда олар табиғатпен тікелей байланысты алмастырмай, тек толықтырушы құрал ретінде қолданылғанда ғана нәтижелі болатыны анықталды.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие – болашақ экологиялық мәдениетті қоғам қалыптастырудың берік негізі. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жетілдіру, тәжірибеге енгізу және кеңінен тарату педагогикалық қауымдастықтың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МЕН ЭКОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ АРАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



## Утешова Лаура Рашидовна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№50 «Заңғар» бөбекжайы, меңгеруші

XXI ғасырдағы жаһандық сын-қатерлердің бірі – экологиялық дағдарыс. Табиғи ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы, биоалуантүрліліктің азаюы – бұл мәселелер адамзаттың болашағына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты экологиялық мәдениетті қалыптастыру үздіксіз білім берудің маңызды бағытына айналды.

Экологиялық мәдениет – бұл адамның табиғатқа саналы, жауапкершілікпен қарауын, экологиялық нормалар мен ережелерді сақтауға дайын болуын, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған мінез-құлық дағдыларын қамтитын кешенді ұғым. Мұндай мәдениетті қалыптастыру мектепке дейінгі жастан басталуы тиіс, себебі дәл осы кезеңде баланың құндылықтық бағдарлары, мінез-құлық нормалары мен эмоциялық қатынасы қалыптасады.

Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, көптеген мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие көбінесе теориялық сипатта қалып қояды. Табиғат туралы әңгімелеу, суреттер көрсету, тақпақ жаттау – бұлар баланың тұрақты

экологиялық мінез-құлқын қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Сондықтан білім беру ұйымдарына тәжірибелік бағытты күшейту, әлеуметтік серіктестік аясын кеңейту қажеттілігі туындайды.

Осы тұрғыдан алғанда мектепке дейінгі ұйым мен экология орталығы арасындағы серіктестік экологиялық тәрбиенің сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Мұндай серіктестік балаларға табиғатты тікелей бақылауға, зертханалық тәжірибелер жүргізуге, мамандармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

### Зерттеудің мақсаты:

мектепке дейінгі ұйым мен экология орталығы арасындағы серіктестіктің балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру дағы тиімділігін ғылыми-тәжірибелік тұрғыда негіздеу.

### Зерттеу міндеттері:

- серіктестік жұмысының мазмұны мен құрылымын талдау;
- қолданылған педагогикалық әдістердің тиімділігін анықтау;
- балалардың экологиялық білім, білік және дағдыларындағы өзгерістерді салыстырмалы талдау;

Зерттеу 2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның ересек тобында жүргізілді. Зерттеуге 5 жастағы 22 бала қатысты. Зерттеу үш кезеңнен жүргізілді:

1. Бастапқы диагностикалық кезең
  2. Тәжірибелік-эксперименттік кезең
- Қорытынды бақылау кезеңі



### 1. Бақылау әдісі

Балалардың табиғат бұрышындағы, серуен кезіндегі және ұйымдастырылған іс-әрекетінде барысындағы іс-әрекеттері жүйелі түрде бақылауға алынды. Бақылау нәтижелері арнайы карталарға тіркелді.

## 2. Диагностикалық тапсырмалар

Балалардың:

- өсімдіктер мен жануарлар туралы білімін;
- табиғатты қорғау ережелерін меңгеру деңгейін;
- экологиялық мінез-құлық элементтерін анықтау мақсатында арнайы тапсырмалар дайындалды.

## 3. Әңгімелесу және сауалнама

Ата-аналар мен педагогтер арасында сауалнама жүргізіліп, балалардың үй жағдайындағы мінез-құлқындағы өзгеріс тер анықталды.

## 4. Педагогикалық эксперимент

Серіктестік негізінде жаңа мазмұндағы экологиялық жұмыстар ұйымдас тырылып, олардың тиімділігі тәжірибе арқылы тексерілді.

## 5. Салыстырмалы талдау

Бастапқы және қорытынды нәтижелер пайыздық көрсеткіштер арқылы салысты рылды.

Серіктестік жұмысы жүйелі жоспар негізінде ұйымдастырылды. Жұмыстың негізгі бағыттары:

- экология орталығы мамандарының шеберлік сабақтары;
- табиғи ортаға экскурсиялар;
- «Жас зерттеуші» жобасы;
- қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру;
- шағын жылыжай ұйымдастыру;
- ата-аналармен бірлескен экология лық акциялар.



## «Жас зерттеуші» жобасы

Балалар топ бөлмесінде шағын зерттеу аймағын ұйымдастырып, тұқым егу, суару, жарықтың әсерін бақылау сияқты қарапайым тәжірибелер жүргізді. Әр бала жеке бақылау күнделігін толтырды.

Бұл жұмыс барысында балалар:

- бақылау;
- салыстыру;
- қарапайым қорытынды жасау;
- нәтижені бейнелеу дағдыларын меңгерді.



## Қалдықтарды сұрыптау жұмысы

Топ ішінде пластик, қағаз, органикалық қалдықтарға арналған бөлек жәшіктер қойылды. Балалар тұрмыстық қалдықтарды дұрыс бөлуге үйренді. Бұл әрекет тек білім беріп қана қоймай, тұрақты мінез-құлық қалыптастыруға бағытталды.

## Нәтижелер

Бастапқы диагностика нәтижесінде балалардың экологиялық білім деңгейі орташа екені анықталды.

## Бастапқы кезең көрсеткіштері:

- 42% бала табиғатты қорғау ережелерін толық атай алмады;
- 37% бала өсімдіктің өсуіне қажетті жағдайларды шатастырды;
- 30% бала қалдықтарды сұрыптау туралы түсінігі болмады;
- 45% бала табиғаттағы мінез-құлық ережелерін нақты қолдана алмады.

Серіктестік негізінде 5 ай бойы жүйелі жұмыс жүргізілгеннен кейін қорытынды диагностика алынды.

Қорытынды кезең көрсеткіштері:

- 88% бала табиғатты қорғау ереже лерін дұрыс түсіндірді;
- 83% бала өсімдіктің өсу шарттарын нақты атады;
- 79% бала қалдықтарды сұрыптаудың қажеттігін түсіндірді;
- 85% бала табиғаттағы дұрыс мінез- құлық үлгілерін көрсетті.

Нәтижелер балалардың білім деңгейінің ғана емес, мінез-құлық мәдениетінің де артқанын көрсетті.

## Ата-аналар сауалнамасы бойынша:

- 72% ата-ана баласының үйде өсімдіктерге күтім жасауға қызығу шылығы артқанын;
- 68% ата-ана баласының қоқысты бөлек жинауға назар аудару бастағанын;
- 74% ата-ана табиғатқа қатысты сұрақтарының көбейгенін атап өтті.

Алынған нәтижелер серіктестік негізіндегі экологиялық тәрбиенің тиімділігін дәлелдейді. Теориялық түсіндірумен шектелмей, тәжірибелік әрекетке негізделген жұмыс балалардың танымдық белсенділігін арттырып, білімнің беріктігін қамтамасыз етті.

Экология орталығы мамандарының қатысуы оқу процесін жандандырып, кәсіби мазмұнмен толықтырды. Балалар мамандармен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы табиғатты ғылыми тұрғыда түсінуге қадам жасады.

Сонымен қатар серіктестік педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етті. Олар жаңа әдістерді меңгеріп, тәжірибелік бағыттағы жұмысты жүйелі ұйымдастыруға үйренді.

Зерттеу нәтижелері экологиялық мәдениетті қалыптастыруда үш негізгі шарттың маңызын көрсетті:

1. Жүйелілік;
2. Тәжірибелік бағыт;
3. Әлеуметтік серіктестік.

Жүргізілген зерттеу мектепке дейінгі ұйым мен экология орталығы арасындағы серіктестіктің тиімді педагогикалық моделі екенін дәлелдеді.



#### Серіктестік нәтижесінде:

- балалардың экологиялық білім деңгейі айтарлықтай артты;
- табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптасты;
- зерттеушілік әрекетке қызығушылық өсті;
- ата-аналардың экологиялық тәрбиеге қатысу белсенділігі артты.

#### Ұсыныстар

1. Экологиялық жобаларды жылдық жоспарға жүйелі енгізу;
  2. Экология орталықтарымен ұзақ мерзімді меморандумдар жасау;
  3. Балалардың зерттеу нәтижелерін көрме, жоба қорғау форматында ұсыну;
  4. Педагогтерге арналған экологиялық семинарлар ұйымдастыру;
  5. Ата-аналар қауымдастығын экологиялық акцияларға тарту.
- Зерттеу перспективалары – серіктестік моделін аймақтық деңгейде тарату және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында экологиялық желілік қауымдастық құру.

#### Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі ұйым мен экология орталығының серіктестігі арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру моделін қарастырады. Зерттеу балалардың экологиялық білімін, табиғатқа жауапкершілігін және зерттеушілік дағдыларын арттыруға бағытталған бірлескен іс-әрекеттердің тиімділігін дәлелдеді. Практикалық мысалдар мен әдістемелік ұсыныстар серіктестікті ұйымдастыруға бағытталған.



## ЭКО КЕҢІСТІК – БОЛАШАҚТЫҢ ЖАСЫЛ БАЛАБАҚШАСЫ



**Кажгалиева Гулжанат  
Жигербаевна**

Батыс Қазақстан облысы  
Ақжайық ауданының білім беру бөлімінің  
«Ақбота» балабақшасы, меңгеруші

**Мурзагалиева Айнагуль  
Искендировна**

Батыс Қазақстан облысы  
Ақжайық ауданының білім беру бөлімінің  
«Ақбота» балабақшасы, әдіскер



Қазіргі уақытта әлемде экологиялық мәселелердің күрделенуі қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін арттырып отыр. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау және экологиялық сананы қалыптастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының рөлі ерекше.

Баланың табиғатқа деген алғашқы көзқарасы дәл осы балабақшада қалыптасады. Сондықтан балабақшада экологиялық тәрбие беру арқылы балаларды табиғатты сүйеге, оны қорғауға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу қажет.

«Эко кеңістік – болашақтың жасыл балабақшасы» идеясы осы мақсатқа бағытталған. Бұл ұғым балабақша аумағында табиғатпен үйлесімді, қауіпсіз және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасын құруды білдіреді.

### ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жасыл балабақша – бұл экологиялық таза орта қалыптастыруға бағытталған білім беру мекемесі. Мұндай балабақшада балалар табиғатпен тікелей байланыс жасап, өсімдіктер мен жануарларды бақылап, табиғи құбылыстарды зерттеу арқылы қоршаған ортаны таниды.

Жасыл балабақша моделі балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалар табиғатты бақылау, тәжірибе жасау және зерттеу жұмыстарын орындау арқылы танымдық қабілеттерін дамытады.

### БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭКО КЕҢІСТІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Ақбота» балабақшасында құрылған эко кеңістік бірнеше маңызды бағыттарды қамтиды. Соның бірі – цифрлық бағдарламалау негізінде жасалған заманауи жылыжай. Бұл жылыжайда температура, ылғалдылық және жарық

деңгейі автоматты түрде реттеледі. Жасанды интеллект (ЖИ) элементтері арқылы өсімдіктердің өсуіне қолайлы жағдайлар талданып, тиімді күтім ұйымдастырылады. Автоматтандырылған басқару жүйелері өсімдікке қолайлы ортаны (температура, жарық, ылғал) адамсыз реттейтін жүйелер: Arduino және Raspberry Pi (ЖИ модульдерімен): бұл құрылғыларға қосылған сенсорлар топырақтың ылғалдылығын өлшейді. ЖИ алгоритмі TensorFlow Lite деректерді талдап, суару жүйесін қашан қосу керектігін шешеді. ClimateAi: Ауа райының өзгеруін алдын ала болжап, ЖИ арқылы жылыжайдың режимін дайындайды. Мысалы, ертең күн қатты ысыса, жүйе бүгіннен бастап ылғалдылықты реттей бастайды. Балалар өсімдіктердің даму кезеңдерін бақылап, тәжірибе арқылы табиғи үдерістерді түсінеді.

Сонымен қатар, балабақша аумағында орналасқан бақша тәрбиеленушілер үшін тәжірибелік оқу алаңы ретінде қызмет атқарады. Мұнда балалар көкөністер мен гүлдерді егіп, оларды күтіп-баптауға белсенді қатысады. Бұл үдеріс балаларды еңбекке баулып қана



қоймай, табиғатқа деген жанашырлық пен жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Әр топ бөлмесінде ұйымдастырылған «терезе алдындағы жасыл бақ» жобасы да ерекше маңызға ие. Бұл шағын жасыл аймақтарда балалар бөлме өсімдіктерін өсіріп, оларды күтіп-баптау дағдыларын меңгереді. Цифрлық бағдарламалау элементтері арқылы автоматтан дырылған суару жүйесі енгізіліп, өсімдіктердің жағдайы тұрақты бақылауда болады. Бұл балалардың цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Балабақшада экологиялық бағыттағы жұмыстарды жандандыруда AR бағдарламасы, Medge Cube интерактивті құрылғысы кеңінен қолданылады. Бұл құрылғы арқылы өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттер балаларға табиғат құбылыстарын виртуалды ортада зерттеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығы артып, ақпаратты қабылдау деңгейі жоғарылайды.

Жалпы алғанда, «Ақбота» балабақшасында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар экологиялық тәрбие мен цифрлық білім берудің үйлесімді байланысын көрсетеді. Жүргізіліп жатырған жұмыстар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып,

олардың экологиялық санасын қалыптастыруға, сондай-ақ заманауи технологияларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Балабақшада эко кеңістік құру балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай ортада тәрбиеленген балалар табиғатты қорғау қажеттілігін түсінеді және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайды.

Сонымен қатар, балалардың танымдық белсенділігі артып, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттері дамиды. Балалар табиғатты қорғау, ресурстарды үнемдеу және қоршаған ортаны таза ұстау сияқты құндылықтарды меңгереді. Қорытындылай келе, «Эко кеңістік – болашақтың жасыл балабақшасы» моделі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Балабақшада экологиялық орта құру балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін қалыптастырады.

Экологиялық тәрбие беру арқылы балалардың табиғатты түсінуі, оны қорғауы және экологиялық мәдениетті меңгеруі қамтамасыз етіледі. Сондықтан балабақшада эко кеңістік ұйымдастыру болашақ ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.



### ● Аңдатпа:

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие беру және «эко кеңістік» ұғымының маңызы қарастырылады. Қазіргі қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру ерте жастан басталуы тиіс. Балабақшада экологиялық орта құру балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырып, қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін арттырады. Эко кеңістік – балабақша аумағында табиғатпен үйлесімді, экологиялық таза және тәрбиелік мәні бар орта қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жүйе. Мақалада жасыл балабақша моделінің ерекшеліктері, экологиялық білім беру әдістері және балалардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру жолдары талданады.



# ЖАСЫЛ ПЕДАГОГИКА: БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ТҮЛҒАНЫ ДАМУЫ



## Шарипова Молдир Гадилболатовна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№35 «Шұғыла» бөбекжайы, меңгеруші

XXI ғасырда адамзат алдында тұрған басты мәселелердің бірі — экологиялық тұрақтылық. Қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың азаюы жас ұрпаққа жаңа дүниетаным қалыптастыру қажеттігін туындатады. Осы тұрғыда «жасыл педагогика» ұғымы білім беру жүйесінде маңызды бағыт ретінде қарастырылады.

Жасыл педагогика — бұл табиғатпен үйлесімді өмір сүру мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік жүйе. Мектепке дейінгі кезең баланың тұлғалық іргетасы қаланатын уақыт болғандықтан, экологиялық тәрбие осы жаста ерекше мәнге ие.

**Зерттеудің мақсаты** — жасыл педагогика қағидалары негізінде экологиялық тәрбие беру арқылы болашақ тұлғаны дамыту жолдарын анықтау.

**Міндеттері:**

- жасыл педагогиканың теориялық негізін талдау;
- мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбиенің моделін сипаттау;
- тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін анықтау;

**Тақырыптың өзектілігі** — экологиялық саналы тұлға тәрбиелеу тұрақты дамудың басты шарты.

Зерттеудің әдіснамалық негізін баланың дамуы мен тәрбиесіндегі іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілік тұғырлар құрады. Осы бағытта Лев Выготский еңбектеріндегі «жақын даму аймағы» теориясы мен Мария Монтессори ұсынған дербес әрекет арқылы оқыту қағидалары басшылыққа алынды.

Зерттеу мектепке дейінгі ұйымдағы ересек топ балалары арасында жүргізілді.

Экологиялық тәрбие жүйелі түрде енгізіліп, жасыл педагогика принциптері оқу-тәрбие үдерісіне интеграцияланды.

**Қолданылған әдістер:**

- педагогикалық бақылау;
- тәжірибелік эксперимент;
- жобалық әдіс;
- әңгімелесу;
- шығармашылық тапсырмалар;
- салыстырмалы талдау.

Зерттеу барысында экологиялық орта ұйымдастырылып, балалар табиғатпен тікелей әрекетке тартылды. Оқу үдерісі ойын, тәжірибе және зерттеу арқылы жүзеге асырылды.

### БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҮСІНІГІ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІН БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бағалау көрсеткіші	Зерттеу басталғандағы деңгей, %	Зерттеу соңындағы деңгей, %
Экологиялық білім	40	85
Табиғатты қорғау әрекеті	35	70
Ұжымдық жұмысқа қатысу	60	90
Зерттеушілік белсенділік	45	80



Зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жүйелі енгізудің маңызын дәлелдейді. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде мектепке дейінгі ұйым жағдайында жүйелі әрі мақсатты ұйымдастырылған жұмыстар балалар дамуына оң әсер ететіні дәлелденді.

Балабақшада «Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді технологиялары» атты авторлық экологиялық бағдарлама енгізілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – мектепке дейінгі балалардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.

#### Бағдарлама үш бағыттан тұрды:

1. Табиғатты тану
2. Табиғатты қорғау
3. Табиғатпен үйлесімді өмір сүру

Практикалық жұмыс барысында тәрбиеленушілер топтық және жеке форматта жұмыс істеді:

#### 1. «Жасыл бұрыш» жобасы

Балалар өсімдіктерді күтіп, табиғи циклдерді бақылауды үйренді.

#### 2. Эко-зертхана

Су тазалығы, топырақ қасиеті, ауа маңызы туралы тәжірибелер жүргізілді.

#### 3. Қайта өңдеу шеберханасы

Қалдық материалдардан ойыншықтар мен бұйымдар жасалды.

#### 4. Табиғат күнделігі

Балалар бақылауларын сурет, белгі, әңгіме арқылы тіркеді.

#### 5. Эко-акциялар

«Таза аула», «Суды үнемдейік», «Ағаш отырғызу күні».

#### Нәтижесінде:

- балалардың экологиялық түсінігі кеңейді;
- жауапкершілік сезімі артты;
- ұжымдық әрекет дағдылары қалыптасты;
- зерттеушілік қызығушылығы күшейді;
- сөйлеу және шығармашылық белсенділігі дамыды.
- жауапкершілік қалыптасты;
- әлеуметтік белсенділікті артты;
- табиғатқа деген құрметі тәрбиеленді.

Жалпы алғанда, жүргізілген жұмыс «жасыл педагогика» элементтерін мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу болашақ тұлғаның экологиялық жауапкершілігін, әлеуметтік белсенділігін және құндылықтық бағдарын қалыптастыруға ықпал ететінін дәлел деді.

Зерттеу нәтижелері жасыл педагогика тек экологиялық білім берумен шектелмейтінін көрсетті. Ол баланың тұлғалық дамуына кешенді әсер етеді.



Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда «жасыл педагогика» қағидаттарын тиімді жүзеге асыру мақсатында төмендегідей ұсыныстар беріледі:

- балабақшада тұрақты экологиялық орта қалыптастыру;
- ата-аналарды жасыл жобаларға тарту;
- тәжірибелік сабақтарды көбейту;
- экологиялық мерекелер өткізу;
- балалардың зерттеушілік әрекетін қолдау;
- цифрлық экологиялық ресурстарды пайдалану.

Балалар табиғатқа жанашырлық танытып қана қоймай, өз әрекетінің салдарын түсіне бастады. Экологиялық жобалар балалардың эмоционалдық интеллектін, көшбасшылық қасиеттерін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытты. Бұл жасыл педагогиканың тұлға қалыптастырудағы стратегиялық рөлін дәлелдейді. Тәжірибе көрсеткендей, табиғатпен тікелей байланысқа негізделген тәрбие балалардың мінез-құлқына тұрақты әсер етеді. Олар экологиялық нормаларды сыртқы талап емес, ішкі құндылық ретінде қабылдай бастайды.

Экологиялық тәрбие арқылы бала табиғатпен үйлесімді өмір сүру мәдениетін меңгеріп, саналы азамат ретінде қалыптасуға алғашқы қадам жасайды.

Жасыл педагогика – мектепке дейінгі тәрбиенің болашағы. Экологиялық тәрбие арқылы балада:

- саналы мінез-құлық;
- әлеуметтік жауапкершілік;
- табиғатқа құрмет;
- тұрақты құндылықтар қалыптасады.

Зерттеу нәтижелері экологиялық тәрбиені жүйелі енгізу болашақ тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ететінін дәлелдеді.

Перспектива: жасыл педагогиканы цифрлық технологиялармен, ата-анамен серіктестікпен және қоғаммен интеграциялау.

# ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ



## Дюсембиева Рауза Магажановна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№48 «Мұрагер» бөбекжайы, тәрбиеші

Қазіргі қоғамдағы экологиялық жағдайдың күрделенуі жас ұрпақтың табиғатқа деген саналы көзқарасын ерте жастан қалыптастыруды талап етеді. Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық қасиеттері мен құндылықтарының негізі қаланатын маңызды кезең.

Табиғатпен тікелей байланыс баланың эмоционалдық дамуына, тіл байлығының артуына, логикалық ойлау қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан «Табиғат әлемі» тақырыбы мектепке дейінгі білім беру мазмұнында ерекше орын алады.

Зерттеудің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым жағдайында табиғат әлемін таныстырудың тиімді педагогикалық әдістерін анықтау және олардың нәтижелілігін талдау.



### Зерттеу міндеттері:

- табиғат туралы қарапайым ғылыми түсініктер қалыптастыру;
- балалардың бақылау және салыстыру дағдыларын дамыту;
- экологиялық мінез-құлық нормаларын тәрбиелеу;
- тәжірибелік жұмыстардың нәтижесін сараптау.

### Зерттеу әдістемесі:

Зерттеу мектепалды даярлық тобының 25 тәрбиеленушісі арасында жүргізілді. Жұмыс 3 ай көлемінде жүйелі түрде ұйымдастырылды.

### Қолданылған әдістер:

#### 1. Бақылау әдісі

- Балалар күнделікті серуен барысында;
- ауа райының өзгерісін;
- ағаштардың жапырақ күйін;
- құстардың мінез-құлқын бақылап отырды.

#### 2. Тәжірибелік әдіс

«Дәннің өсуі» тәжірибесі жүргізілді. Балалар екі ыдысқа бидай дәнін отырғызды:

- бірін жарық жерге;
- екіншісін көлеңкеге қойды.



Нәтижесінде балалар жарықтың өсімдік өсуіне әсерін өздері бақылап анықтады.

### 3. Ойын технологиясы

- «Тірі және өлі табиғат»
- «Қай мезгіл?»
- «Артығын тап»
- «Орнын тап»

Мысалы, «Жәндіктер туралы не білеміз?» танымдық ойыны.

**Мақсаты:** Балалардың зейінін шоғырландыру. Тапсырманы орындау арқылы танымын кеңейту.

**Шарты:** Жәндіктердің орнын тауып орналастыру.

**Ойын барысы:** Балалар, бүгін біз белсенді орталықтармен жұмыс жасайтын боламыз. (түсіндіру)

«Өнер орталығында» бояймыз, мүсін дейміз. «Құрылыс орталығында» түрлі табиғи заттардан жәндіктердің бейнесін жасап шығарамыз, құрастыру материалдардан жәндіктердің бейнесін құрастырамыз.

«Кітапхана орталығында» балалар жәндіктердің суреттерімен танысамыз.

Ойын барысында балалар жіктеу, салыстыру дағдыларын меңгерді.

#### 4. Табиғат бұрышын ұйымдастыру

Топта бөлме өсімдіктері орналасырылып, балалар кезекшілік арқылы күтім жасады.

#### 5. Ата-анамен бірлескен жұмыс

- «Бір тал ексең, он тал ек» акциясы
- Табиғи материалдар көрмесі

#### Нәтижелер:

Зерттеу нәтижелері төмендегідей көрсеткіштерді анықтады:

Табиғатты таныстыруда тәжірибелік әрекет шешуші рөл атқарады. Балалар өз қолымен орындаған әрекеттерді жақсы есте сақтайды.

Бақылау, салыстыру және тәжірибе жасау арқылы балаларда себеп-салдарлық байланыс қалыптаса бастайды. Бұл – мектепке дейінгі жаста логикалық ойлаудың дамуына негіз болады.

Ата-аналармен бірлескен жұмыс экологиялық тәрбиенің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

«Табиғат әлемі» тақырыбын жүйелі әрі тәжірибелік бағытта ұйымдастыру мектепке дейінгі жастағы балалардың:

- экологиялық мәдениетін;
- танымдық белсенділігін;
- жауапкершілік сезімін;
- табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Табиғат бұрышын ұйымдастыру, маусымдық бақылаулар жүргізу, тәжірибелік жұмыстар мен ойын технологияларын қолдану тиімді нәтиже береді. Болашақта экологиялық тәрбиені цифрлық ресурстармен және жобалық әрекетпен ұштастыру – перспективалы бағыттардың бірі болып табылады. Осы жұмыстың нәтижесінде «Мен зерттеушімін» танымдық-зерттеушілік республикалық байқауының қалалық кезеңінде 3-орынға ие болдық.

**Аңдатпа:**

Мақалада мектепке дейінгі ұйым жағдайында «Табиғат әлемі» тақырыбын жүйелі ұйымдастырудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – табиғатпен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін, танымдық белсенділігін және бақылау дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтау. Зерттеу барысында бақылау, тәжірибе, ойын, жобалау жұмыс түрлері қолданылды. Нәтижелер табиғат бұрышын ұйымдастыру, маусымдық бақылаулар жүргізу және тәжірибелік әрекеттер балалардың қоршаған ортаға жауапкершілік қатынасын қалыптастыруда тиімді екенін көрсетті.

Көрсеткіш	Зерттеу басында	Зерттеу соңында
Жыл мезгілдерін ажырату	45%	90%
Тірі және өлі табиғатты ажырату	45%	90%
Өсімдікке күтім жасау дағдысы	45%	90%
Табиғатты қорғау туралы түсінік	45%	90%



## БОЛАШАҚТЫҢ ЖАСЫЛ ШЕШІМІ: АЛОЭ МЕН ГИДРОПОНИКА



### Нугманова Самал Муратхановна

Батыс Қазақстан облысы  
Бөрлі ауданының білім беру бөлімінің  
Ақсай қаласының №9 «Наурыз»  
бөбекжайы, меңгеруші

Бүгінгі таңда экологиялық пробле-  
малардың ушығуы білім беру жүйесіне  
жаңа талаптар мен міндеттер қояды.  
Балаларды табиғатты қорғауға,  
ресурстарды үнемдеуге және экология  
лық мәдениетті қалыптастыруға ерте  
жастан баулу – уақыт талабы.

Осы тұрғыда «жасыл технологияларды»  
білім беру процесіне енгізу өзекті болып  
отыр. Соның бірі – гидропоника әдісі. Бұл  
әдіс топырақсыз өсімдік өсіруге  
мүмкіндік береді және су ресурстарын  
тиімді пайдалануға бағытталған.

Алоэ өсімдігі – күтімі жеңіл, емдік  
қасиеті бар, балалар үшін қауіпсіз өсімдік.  
Сондықтан алоэны гидропоника әдісімен  
өсіру – мектепке дейінгі ұйымдар үшін  
тиімді танымдық зерттеу нысаны болып  
табылады.

Практикалық тұрғыдан алғанда, алоэ  
өсімдігін күтіп-баптау және одан  
қарапайым табиғи өнім (мысалы, крем)  
дайындау балалардың зерттеушілік және  
тәжірибелік дағдыларын дамытуға ықпал  
етеді. Мұндай әрекеттер арқылы бала тек  
бақылаушы емес, белсенді қатысушы  
ретінде білім алады.

Осылайша, аталған тақырып  
экологиялық тәрбие, денсаулық сақтау  
және танымдық-зерттеу іс-әрекетін  
біріктіретін өзекті педагогикалық бағыт  
ретінде қарастырылады.



**Зерттеудің мақсаты** – алоэ өсімдігін  
гидропоника әдісімен өсіру арқылы  
балалардың танымдық белсенділігін,  
еңбек дағдыларын және экологиялық  
санасын дамыту тиімділігін анықтау.



#### Зерттеудің міндеттері:

- гидропоника әдісінің ерекшеліктерін түсіндіру;
- алоэ өсімдігінің өсуін бақылау;
- балалардың зерттеушілік дағдыларын дамыту;
- экологиялық тәрбиенің тиімділігін талдау.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

**Бақылау әдісі** – өсімдіктің өсу динамикасын бақылау.

Тәжірибе (эксперимент) – топырақта және гидропоникада өсіруді салыстыру.

**Сұрақ-жауап әдісі** – балалардың түсінігін анықтау.

**Талдау әдісі** – алынған нәтижелерді салыстыру.

## ПРАКТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ СИПАТТАМАСЫ

Зерттеу екі топта жүргізілді:

1-топ: алоэ топырақта өсірілді

2-топ: алоэ гидропоника әдісімен өсірілді

Балалар келесі әрекеттерді орындады:

- өсімдікті отырғызу;
- су деңгейін бақылау;
- жарықтың әсерін зерттеу;
- күнделік жүргізу.

Зерттеу жұмысы балабақшадағы ересек және мектепалды топ (4-5 жас) балаларымен жүргізілді. Тәжірибе барысында арнайы «Жасыл бұрыш» ұйымдастырылып, онда гидропоникаға арналған шағын құрылғы (мөлдір ыдыс, су, тірек материал) орналастырылды. Балалар күнделікті осы бұрышта жұмыс жүргізді. Аптаның белгілі бір күндері «табиғат күні» ретінде белгіленіп, келесі іс-әрекеттер жүзеге асырылды:

- балалар алоэ көшеттерін өз қолдарымен орналастырды;
- су деңгейін өлшеу үшін қарапайым белгілер қойды;
- өсімдіктің биіктігін сызғышпен өлшеп, нәтижесін сурет немесе белгі арқылы күнделікке түсірді;
- жапырақтарының өзгерісін бақылап, тәрбиешімен бірге талқылады.



Сонымен қатар, ұйымдастырылған іс-әрекетінде тақырыпқа байланысты кіріктірілген жұмыстар жүргізілді:

- сөйлеуді дамытуда балалар өсімдік туралы әңгіме құрастырды;
- математикада су көлемін салыстыру, өлшеу дағдылары қалыптастырылды;
- сурет салуда балалар алоэ өсімдігін бейнеледі;
- тәжірибе сабағында «қай өсімдік тез өседі?» атты шағын зерттеу жүргізілді.

Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын элементтері де енгізілді. Мысалы, «Өсімдікке көмектес» ойынында балалар су жетіспеген жағдайда не істеу керектігін шешті.

Айына бір рет ата-аналардың қатысуымен шағын шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Онда балалар:

- алоэ жапырағынан қарапайым табиғи крем дайындауды көрді;
- өсімдіктің пайдасы туралы мәлімет алды;
- ата-аналарымен бірге тәжірибеге қатысты пікір алмасты.

Тәжірибе нәтижесінде балаларда келесі өзгерістер байқалды:

- табиғатқа қамқорлық жасау дағдысы қалыптасты;
- бақылау және салыстыру қабілеттері дамыды;
- өз еңбегінің нәтижесіне қызығушылығы артты;
- экологиялық түсініктері нақты тәжірибе арқылы бекіді.



Осылайша, гидропоника әдісін балабақшада қолдану тек танымдық емес, сонымен қатар тәрбиелік, дамытушылық маңызы бар тиімді педагогикалық құрал екендігі тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Гидропоника әдісі балалардың қызығушылығын арттырды, себебі процесс көрнекі және заманауи технологияға негізделген. Сонымен қатар, балалар тәжірибе арқылы себеп-салдар байланысын жақсы түсінді.

### Практикалық маңыздылығы

Бұл зерттеу көрсеткендей:

- балалар тәжірибе арқылы жақсы үйренеді;
- еңбек әрекеті мен ғылым біріктірілгенде нәтиже жоғары болады;
- экологиялық тәрбие нақты әрекет арқылы тиімді қалыптасады.

Мысалы, балалар су деңгейі азайса, өсімдік өспейтінін өздері байқап, қорытынды жасады. Бұл – теориядан гөрі тиімді тәжірибе.



Көрсеткіш	Көрсеткіш	Көрсеткіш
Өсу жылдамдығы	Орташа	Жоғары
Күтім күрделілігі	Жоғары	Төмен
Балалардың қызығушылығы	Орташа	Жоғары

## МӘСЕЛЕНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Қазіргі таңда су тапшылығы – әлемдік мәселе. Гидропоника осы мәселені шешудің бір жолы.

Балалар бұл әдісті меңгере отырып:

–суды үнемдеуді;

–экологиялық жауапкершілікті;

–болашақ технологияларды түсінуді үйренеді.

Зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар

–Балабақшаларда гидропоника бұрышын ұйымдастыру;

–Экологиялық жобаларды көбейту;

–Танымдық зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізу;

–Ата-аналарды жобаға тарту;

–STEM элементтерін енгізу.

Гидропониканы пайдалану арқылы біздің тәрбиеленушілер өсімдіктерді топырақсыз, қоректік ерітінділер арқылы өсіру үдерісімен танысады. Осы әдіс балаларға өсімдіктердің табиғи

жағдайда қалай өсіп, дамитынын бақылап, оларға күтім жасауды үйренуге мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде қоршаған ортаға деген жауапкершілік пен ұқыптылықты қалыптастырады.



Қорыта айтқанда, алоэ өсімдігін гидропоника әдісімен өсіру – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тиімді әрі заманауи педагогикалық құрал болып табылады. Бұл әдіс оқу-тәрбие процесіне тәжірибелік бағыт енгізіп, балалардың табиғатпен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Аталған тәсіл арқылы балалар тек өсімдіктің өсуін бақылап қана қоймай, өз әрекеттерінің нәтижесін көріп, қарапайым ғылыми қорытынды жасауға дағдыланады. Сонымен қатар, гидропоника әдісі ресурстарды үнемдеу, әсіресе суды тиімді пайдалану сияқты маңызды экологиялық ұғымдарды тәжірибе арқылы түсінуге жол ашады.

Бұл әдіс:

- балалардың танымдық қабілетін дамытады;
- еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулиды;
- зерттеушілік және тәжірибелік дағдыларын қалыптастырады;
- экологиялық мәдениетті және жауапкершілікті дамытады.

Практикалық жұмыстар барысында балалардың қызығушылығы артып, олар белсенді қатысушыға айналатыны байқалды. Яғни, білім беру процесі нәтижелі әрі мағыналы сипатқа ие болады.

Сондықтан «жасыл технологияларды», соның ішінде гидропоника әдісін білім беру жүйесіне енгізу – экологиялық

сауатты, жауапкершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеудің маңызды бағыты болып табылады.

### ● Аңдатпа:

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие берудің заманауи тәсілдерінің бірі ретінде алоэ өсімдігін гидропоника әдісімен өсірудің тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында балалардың танымдық белсенділігі, еңбек дағдылары және экологиялық мәдениеті қалыптасуы талданды. Мақалада педагогикалық зерттеу әдістері, тәжірибелік жұмыс нәтижелері және оларды білім беру процесіне енгізу жолдары ұсынылады.



## ЭКО-МӘДЕНИЕТ – БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛУЫ КЕРЕК



**Абилова Айболсын  
Адиетовна**

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№39 «Салтанат» бөбекжайы, меңгеруші

**Ескалиева Тыныштық  
Сарсенбаевна**

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№39 «Салтанат» бөбекжайы, әдіскер



Эко-мәдениет – бұл адамның табиғатқа деген саналы қарым-қатынасы, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған күнделікті дағдылары мен өмір сүру салты.

Әрбір адамның қолайлы және қауіпсіз ортада өмір сүруге құқығы бар. Алайда, бұл құқықпен қатар әр адам табиғатты сақтау, қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ халықтардың тұрақты дамуының, өмірі мен қызметінің негізі болып табылатын табиғи ресурстарға ұқыпты әрі жауапкершілікпен қарау міндетін де сезінуі тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлемге құрметпен қарауға тәрбиелеу – қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Себебі баланың тұлғалық дамуының іргетасы дәл осы кезеңде қаланады.

Оның алғашқы қадамдары, дүние танымы, мінез-құлқы мен құндылық бағдарлары отбасы мен балабақша қабырғасында қалыптасады. Сондықтан осы жастағы балаларға табиғатты сүйуге, оны қорғауға қоршаған ортаға

жанашырлықпен қарауға баулу, сондай-ақ адамгершілік қасиеттерін дамыту ерекше маңызды.

Бұл бағыттағы жүйелі тәрбие жұмысы болашақ ұрпақтың экологиялық сана-сезімін қалыптастырып қана қоймай, қоғамдағы өзара сыйластық пен жауапкершілік мәдениетін де арттырады. Балалардың табиғатпен алғашқы танысуы көбінесе ойын әрекеттері, бақылау, тәжірибелік жұмыстар және қарапайым зерттеулер арқылы жүзеге асады.

Балабақшада ұйымдастырылатын серуен дер, табиғат аясында өткізілетін танымдық іс-шаралар, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы әңгімелер балалардың қызығушылығын оятып, табиғаттың әсемдігі мен үйлесімділігін сезінуге мүмкіндік береді. Көктемгі жаңару, гүлдердің ашылуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі, күздің салқын самалы, қыс мезгіліндегі табиғаттың тыныштығы – мұның барлығы балалардың табиғатты тереңірек түсінуіне ықпал етеді.



Бұл үдерісте ата-аналар мен тәрбиешілердің рөлі ерекше. Олар балаларға тек сөзбен ғана емес, өз іс-әрекеттері арқылы үлгі болуы тиіс. Күнделікті өмірде қоқысты кез келген жерге тастамау, суды үнемдеп пайдалану, ағаш отырғызу, өсімдіктерге күтім жасау сияқты қарапайым әрекеттердің өзі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Осындай нақты әрекеттер арқылы бала табиғатты қорғаудың қажеттілігін түсініп, қоршаған ортаға деген құрмет сезімін бойына сіңіреді.



Балаларды іс-әрекет арқылы тәрбиелеу – ең тиімді тәсілдердің бірі. Мысалы, балалармен бірге ағаш отырғызу, гүл егу, табиғатты қорғауға бағытталған ойындар ұйымдастыру арқылы олар табиғаттың маңызын тереңірек түсінеді. Сонымен қатар жануарларға қамқорлық жасау, оларға жем беру, күтіміне қатысу балалардың жүрегінде мейірімділік, жанашырлық және жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Мұндай іс-шаралар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытып, топпен жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесуге және өзара қолдау көрсетуге үйретеді.

Экологиялық білім беру мен табиғатқа құрмет сезімін қалыптастыру – тек білім беру ұйымдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.



Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда арнайы ұйымдастырылған экологиялық орта баланың жан-жақты дамуына бағытталуы тиіс. Атап айтқанда, ол баланың танымдық белсенділігін арттыруға, экологиялық және эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға, денсаулығын нығайтуға, экологиялық сауатты мінез-құлық дағдыларын дамытуға және түрлі іс-әрекеттерін «жасылдандыруға» мүмкіндік беруі қажет.

Біздің №39 «Салтанат» бөбекжайында 2022 жылғы 7 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының №713 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы аясында «Экология және біз» тақырыбындағы тәжірибелік алаң жұмысы ұйымдастырылып, үш жыл бойы жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Мұндай жүйелі және мақсатты түрде жүргізілген жұмыс балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілік сезімін қалыптастырып, олардың тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.



Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортаға құрметпен қарауға тәрбиелеу – кешенді, үздіксіз әрі маңызды үдеріс болып табылады. Әрбір бала табиғатты сүйу мен қорғауды бойына сіңіріп өссе, болашақта экологиялық мәселелерді саналы түрде шеше алатын, табиғи ресурстарды тиімді әрі ұқыпты пайдаланатын азаматқа айналады.



Сонымен қатар, мұндай тәрбие адамгершілік құндылықтарды нығайтып, қоғамдағы өзара түсіністік пен бірлік сезімін арттырады.



Осыған орай, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар мен білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, жаңартып отыру қажет. Балалар табиғаттағы өзгерістерді бақылап, оның сұлулығын сезініп, алған әсерлерін ата-аналарымен бөлісу арқылы табиғатқа деген қызығушылығын одан әрі арттыра түседі.

Экологиялық білім мен тәрбиені ойын арқылы беру, интерактивті әдістерді қолдану балалардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың белсенділігін арттырады және болашаққа деген сенімін нығайтады.

Сондықтан тәрбиешілер мен ата-аналардың басты міндеті – балаларға бәріміздің Жер үшін жауапты екенімізді, оның сұлулығын сақтап қана қоймай, оны арттыра алатынымызды түсіндіру, осы бағытта бірлесіп әрекет ету.





## ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

### 2022–2023 оқу жылы:

Балабақшада «ЕСО бұрышы» жасақталды. Бұл бұрышта Қызыл кітап материалдары, аквариум, түрлі сәндік гүлдер орналастырылып, балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасалды.

### 2023–2024 оқу жылы:

«ЕСО – жаңа өмір» атты экологиялық кабинет ұйымдастырылды. Бұл кабинет балалардың экологиялық білімін тереңдетуге, релаксация жасауға, өзіндік жұмыстар орындауға және ойын әрекеттерін жүзеге асыруға арналған кешенді орта болып табылады. Кабинет бірнеше функционалдық аймақтарға бөлінді: оқу аймағы, аквариум аймағы, релаксация аймағы, электронды кітапхана, экологиялық көрмелер мен экспозициялар, эксперимент жүргізу аймағы.



Оқу аймағында балалар тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, сурет салып, мүсін жасап, түрлі дидактикалық материалдармен жұмыс істейді.

Бұл олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

### 2024–2025 оқу жылы:

«Таза өнім – біздің жылыжайда» жобасы аясында арнайы жылыжай ұйымдастырылды. Жылыжайда балалар өсімдіктерді өсіру, тұқымнан көшет алу, оларды дұрыс отырғызу, топырақты күтіп-баптау, қопсыту, суару, сондай-ақ арамшөптерді ажырата білу сияқты практикалық дағдыларды меңгерді. Бұл жұмыс балалардың еңбекке баулуымен қатар, табиғатқа деген жауапкершілігін арттырды.



Сонымен қатар, жүргізілген экологиялық тәрбие жұмыстарының қорытындысы ретінде «Балабақшадағы экологиялық өмір» тақырыбында әдістемелік құрал жарық көрді (БҚО Әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесінде қаралып, облыс педагогтеріне таратуға ұсынылды. Хаттама №2, 25.04.2025 ж.).

Мұндай жүйелі және мақсатты түрде жүргізілген жұмыс балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілік сезімін қалыптастырып, олардың тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

### Аңдатпа:

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың маңызы қарастырылады. Баланың табиғатқа саналы қарым-қатынасын дамытудағы отбасы мен балабақшаның рөлі айқындалады. Ойын, тәжірибелік іс-әрекеттер, серуендер арқылы экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдары сипатталады.

Сонымен қатар, № 39 «Салтанат» бөбекжайында «Экология және біз» тақырыбындағы тәжірибелік алаң аясында жүргізілген жұмыстар нәтижесі ұсынылады. «ЕСО бұрышы», экологиялық кабинет және жылыжай арқылы балалардың экологиялық білімі мен дағдылары қалыптастырылғаны көрсетіледі.

Мақалада экологиялық ортаны ұйымдастырудың баланың дамуына әсері мен тәрбиелік маңызы айқындалады.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



## Жанжигитова Сандугаш Ерсайиновна

Батыс Қазақстан облысы  
Тасқала ауданының білім беру бөлімінің  
«Бөбек» бөбекжайы, меңгеруші

Қазіргі таңда Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүниежүзі бойынша қоршаған ортаны қорғау және сақтау мәселесі адамзат алдындағы ең өзекті міндеттердің біріне айналып отыр. Табиғи ресурстардың сарқылуы, климаттың өзгеруі, орман алқаптарының азаюы сияқты жаһандық проблемалар әрбір адамнан жауапкершілікті талап етеді. Болашақ ұрпаққа табиғатты таза, бастапқы қалпында жеткізу үшін экологиялық тәрбиені ерте жастан бастау – уақыт талабы.

Экологиялық мәселелердің күрделене түсуі халықтың экологиялық санасын қалыптастыруды, табиғатты тиімді пайдалану мәдениетін дамытуды қажет етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы буыны – мектепке дейінгі ұйымдардан бастау алуы тиіс. Себебі мектепке дейінгі кезең – тұлғаның дүниетанымы қалыптасып, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы орнығатын аса маңызды кезең.

Қоғамды экологияландыру процесі әрбір жеке адамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудан басталады. Осы тұрғыда мектепке дейінгі ұйымдардың рөлі ерекше, себебі дәл осы кезеңде бала табиғатпен тікелей байланыс орнатып, оны сезіну, қорғау, аялау қажеттілігін үйренеді. Сондықтан қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру мазмұны жаңартылып, оған қойылатын талаптар күшейтілуде.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру аясында инновациялық тәжірибелерді енгізу, авторлық бағдарламаларды қолдану және озат педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында Батыс Қазақстан облысында «Бәрін білгім келеді»



интеллектуалдық дамыту зертханасы өз қызметін тиімді жүзеге асыруда.

Облыс бойынша 118 мектепке дейінгі ұйымда құрылған зертханалық алаңдар балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, танымдық-интеллектуалдық даму, экологиялық тәрбие, салауатты өмір салты, музейлік педагогика, патриоттық және адамгершілік тәрбие, ұлттық құндылықтарды насихаттау, театр қызметі, ақпараттық технологияларды қолдану сияқты бағыттарда жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Осы бағыттардың бірі ретінде Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Тасқала ауылындағы «Бөбек» бөбекжайында «Макулатураны тапсырыңыз – ағаштарды сақтаңыз» атты экологиялық жоба жүзеге асырылуда. Жоба облыстық зертхана жұмысының бір бөлігі ретінде ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Жобаның негізгі мақсаты – педагогтер, балалар және ата-аналар арасында қағазды тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыру, орман ресурстарын сақтау қажеттілігі туралы түсінік беру және экологиялық жауапкершілікті арттыру.

Жоба тақырыбының таңдалуы да кездейсоқ емес. Қағаз – күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын және ең көп қалдыққа айналатын материалдардың бірі. Бір адам жылына шамамен 150 кг қағаз қалдығын шығарады. Ал 1 тонна қағаз өндіру үшін 10-ға жуық ағаш кесіліп, 20 000 литр су жұмсалады. Бұл өз кезегінде табиғи ресурстардың азаюына және экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келеді.

Ормандар – табиғаттың «өкпесі». Олар атмосфераны оттегімен қамтамасыз етеді, топырақты қорғайды, климатты реттейді. Сондықтан орман қорын сақтау – бүкіл адамзаттың ортақ міндеті. Макулатураны қайта өңдеу – осы мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі.

Жобаны жүзеге асыру барысында кешенді жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда:

- ата-аналармен түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, сауалнамалар алынды;
- макулатура жинауға арналған арнайы бұрыштар жасақталды;
- «Макулатура тапсырыңыз», «Ағаштарды сақтаңыз», «Кітаптар ауруханасы» акциялары өткізілді;
- қағазды қайта пайдалану бойынша шеберлік сағаттары ұйымдастырылды;
- балалармен тәжірибелік-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Балалар қағаздың қасиеттерін зерттеп, оның басқа материалдардан айырмашылығын тәжірибе арқылы анықтады. Бұл олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, танымдық қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар «Кітаптар ауруханасы» акциясы барысында балалар кітапқа ұқыпты қарауды үйреніп, бүлінген кітаптарды қалпына келтіруге атсалысты.

«Қағазға екінші өмір сыйлаймыз» тақырыбы аясында балалар қағаз қалдықтарынан түрлі дидактикалық

ойындар, қолөнер бұйымдарын жасап, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Бұл жұмыс балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, экологиялық тәрбиені тәжірибе арқылы меңгеруге мүмкіндік берді.

Жоба барысында педагогтер экологиялық тәрбиені ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданды: бақылау, тәжірибе, ойын, зерттеу, шығармашылық жұмыс, ата-анамен бірлескен іс-әрекет. Мұндай кешенді тәсіл балалардың экологиялық білімін тереңдетіп, мінез-құлқында оң өзгерістер қалыптастырды.



Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бөбекжайда 823 кг 800 г макулатура жиналды. Ғылыми деректерге сүйенсек, әр 60 кг макулатура 1 ағашты сақтауға мүмкіндік береді. Осы есеп бойынша 13 ірі ағаш кесілуден сақталды.

Бұл – жоба жұмысының нақты әрі маңызды нәтижесі.

Сонымен қатар жоба ата-аналардың да экологиялық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті. Олар балаларымен бірге табиғатты қорғау іс-шараларына белсенді қатысып, отбасылық деңгейде экологиялық тәрбие берудің маңыздылығын түсінді.

Қорытындылай келе, макулатура жинау және оны қайта өңдеу – табиғатты қорғаудың тиімді жолдарының бірі. Мұндай жобалар балалардың экологиялық

санасын қалыптастырып қана қоймай, олардың әлеуметтік белсенділігін, жауапкершілігін және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Экологиялық тәрбие – болашаққа салынған инвестиция. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру, инновациялық әдістерді енгізу және тәжірибені кеңінен тарату – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

## ● Аңдатпа:

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие берудің маңызы қарастырылып, «Макулатураны тапсырыңыз – ағаштарды сақтаңыз» жобасының мазмұны мен нәтижелері сипатталады. Жоба аясында балалардың экологиялық санасын қалыптастыру, табиғатты ұқыпты пайдалану мәдениетін дамыту және ата-аналарды экологиялық іс-шараларға тарту жолдары көрсетілген. Макулатура жинау арқылы табиғи ресурстарды үнемдеу, орман қорын сақтау мәселелеріне назар аударылады. Тәжірибелік жұмыстар, акциялар мен зерттеу әрекеттері арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттері дамытылады.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТӘСІЛДЕР



## Махсотова Айсұлу Марксовна

Батыс Қазақстан облысы  
Сырым ауданының білім беру бөлімінің  
әдістемелік кабинет әдіскері

Заманауи кезеңде экологиялық мәселелердің өзектілігі артып, қоршаған ортаны қорғау адамзаттың басты міндеттерінің біріне айналды. Осыған байланысты өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру – білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе мектепке дейінгі кезеңде баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, экологиялық жауапкершілікке баулу ерекше маңызға ие.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие беру дәстүрлі әдістермен қатар (бақылау, әңгіме, тәжірибе), цифрлық құралдар арқылы да жүзеге асырылуда. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын технологиясы жетекші рөл атқарады.

Аудан көлемінде «Айналайын» бөбекжай-бақшасы «Жасыл балабақша» жобасы аясында жүйелі жұмыс жүргізуде. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Кішкентай бағбандар», «Менің жасыл балабақшам», «Эко ертегі әлемі», «Қайта өңде – пайдалы іс», «Жас экологтар» жобалары балалардың

табиғатпен тікелей қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беріп отыр.

Жобалар барысында тәрбиеленушілер өсімдіктерді күтіп-баптау, құстарға қамқорлық жасау, қалдықтарды сұрыптау, табиғатты бақылау сияқты іс-әрекеттерді орындау арқылы экологиялық мәдениетті меңгереді. Бұл жұмыстар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Сонымен қатар педагогтер тарапынан экологиялық тәрбиеге бағытталған авторлық әдістемелік құралдар әзірленіп, тәжірибеге енгізілуде. Атап айтқанда, «Экологиялық тәрбие – болашақ кепілі» (Г. Избулатова, А. Алшекенова), «Экология – өмір бастауы» (Г. Ергалиева, С. Қанатова) еңбектері облыс және аудан көлемінде кеңінен таратылып, педагогтер тарапынан тиімді қолданылып келеді. Бұл құралдарда экологиялық тәрбие беру әдіс-тәсілдері, ойындар, жұмбақтар мен тақпақтар жүйеленген.

Экологиялық мазмұндағы ойындар планшет, интерактивті тақта арқылы ұйымдастырылып, балалардың



белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Ойын барысында кері байланыс пен деңгейлік тапсырмалар енгізіліп, балалардың логикалық ойлау қабілеттері дамытылады.

Бүгінгі таңда білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу педагог қызметін жаңғыртып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беруде. Бұл өз кезегінде экологиялық тәрбиені қызықты, көрнекі әрі нәтижелі етуге ықпал етеді.

Осы бағытта «Балдырған» балабақшасының робототехника педагогі Ж. Мендешұлының «Робототехника – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамыту құралы» атты авторлық бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып жатқан «ErtegiLab: Роботтар әлемі мен қиял» жобасы ерекше маңызға ие. Жоба 4–5 жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді инновациялық құрал болып табылады.

Жоба мазмұны ойын, қиял және робототехника элементтерін біріктіру арқылы құрылған. Балалар арнайы карта арқылы робот көмегімен әртүрлі «қалаларға саяхат» жасап, табиғатты қорғау, қоқысты сұрыптау, су ресурстарын үнемдеу сияқты тапсырмаларды орындайды.

Сонымен қатар жоба балаларды мамандықтар әлемімен таныстырады. Құрылысшы, эколог, фермер, теңізші сияқты мамандықтарды ойын арқылы меңгеру олардың әлеуметтік танымын кеңейтіп, еңбекке деген қызығушылығын арттырады.

Аталған жоба республикалық «Педагогикалық идеялар» фестивалінде жүлделі III орынға ие болды.

Жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану педагогикалық тәжірибеде жаңа бағыттардың қалыптасуына жол ашуда. Педагогтер жасанды интеллект көмегімен дидактикалық материалдар, көрнекіліктер, сондай-ақ экологиялық мазмұн дағы ертегілер мен анимациялар әзірлеуде.

Соның жарқын мысалдарының бірі – Сырым ауданы М.Қаналиев атындағы мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінде жүзеге асырылып жатқан «Эко қорғаушылар» жобасы. Жоба авторы – педагог Жұмағазиев Нұрболат Серікұлы. Бұл жоба жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ж. Д. Сүлейменованың «Алғыс хатына» ие болды.

Жоба аясында алғаш рет аудан көлемінде жасанды интеллект арқылы экологиялық мазмұндағы екі анимациялық мультфильм жарық көрді. Олар ауданның мектепалды сыныптарында оқу процесінде қолданылуда. Бұл жұмыстар балалардың табиғатқа жанашырлық сезімін, экологиялық жауапкершілігін және цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етуде.

Бұл жоба – білім мен экологияны, дәстүр мен инновацияны ұштастыратын тиімді педагогикалық тәжірибе.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 қазандағы № 910 қаулысымен бекітілген 2024–2029 жылдарға арналған «Taza Qazaqstan» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында да бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілуде.

Атап айтқанда, 2025 жылдың 25 қазанында Республика күніне орай аудан көлемінде «Болашаққа тамыр жай!» челленджі ұйымдастырылып, 28 мектепке дейінгі ұйым ауласына әрқайсысына 50 түптен жеміс ағаштары отырғызылды. Шараға «Әкелер мектебі» мен «Аналар мектебі» мүшелері белсенді қатысты. Нәтижесінде жалпы саны 1400 ағаш отырғызылып, бүгінде олардың барлығы көктеп, жеміс беруге дайын. Сонымен қатар аталған тұжырымдама негізінде аудандық «Бір мектеп – бір бақ» көгалдандыру жобасын жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл жоба «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сабақтасып, балаларды ерте жастан еңбекке баулуға бағытталған.

Жоба аясында балалар гүл отырғызу, өсімдіктерді күтіп-баптау, бау-бақша егу, өнім жинау сияқты еңбек әрекеттеріне қатысады. Бұл өз кезегінде «Балабақша – бала – ата-ана» арасындағы ынтымақтастықты нығайтады.

Осы инновациялық бастамалардың жалғасы ретінде жүзеге асырылатын «Бір мектеп – бір бақ» көгалдандыру жобасы ерекше маңызға ие. Егер алдыңғы жобаларда балалар экологиялық білімді цифрлық ортада ойын және модельдеу арқылы меңгерсе, бұл жоба сол білімді нақты өмірде тәжірибе жүзінде іске асыруға мүмкіндік береді.

Яғни, цифрлық және жасанды интеллект арқылы қалыптасқан білім мен дағдылар көгалдандыру, ағаш отырғызу, өсімдіктерді күтіп-баптау сияқты нақты еңбек әрекеттерімен



бекітіледі. Мұндай интеграцияланған жұмыстар болашақ ұрпақты табиғатқа жанашыр, жауапты әрі саналы азамат ретінде тәрбиелеудің тиімді жолы болып табылады.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, экологиялық тәрбие тиімді болуы үшін ол жүйелі, мақсатты және кешенді түрде ұйымдастырылуы тиіс. Әсіресе дәстүрлі әдістер мен инновациялық технологияларды ұштастыру балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, олардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Жобалық тәсілдердің қолданылуы балалардың табиғатпен тікелей қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беріп, олардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. «Жасыл балабақша» аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар, соның ішінде «Кішкентай бағбандар», «Жас экологтар» және басқа да бастамалар балалардың табиғатты тану, қорғау және аялау дағдыларын қалыптас тыруда тиімді құрал екендігін көрсетті. Сонымен қатар цифрлық техно логиялар мен робототехника элемент терін қолдану экологиялық тәрбиені жаңа деңгейге көтереді. «ErtegiLab» жобасы сияқты инновациялық тәжірибелер балалардың қиялын дамытып қана қоймай, олардың экологиялық білімін заманауи форматта меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде баланың танымдық белсенділігін арттырып, білімді ойын арқылы меңгеру тиімділігін дәлелдейді. Жасанды интеллектті білім беру үдерісіне енгізу де экологиялық тәрбиенің мазмұнын байытып, педагогтердің шығармашылық мүмкін діктерін кеңейтеді. Анимациялық материалдар мен цифрлық ресурстар балалардың қабылдауын жеңілдетіп, экологиялық



мәселелерді түсінуді қызықты әрі қолжетімді етеді.

Сонымен бірге, «Taza Qazaqstan» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар мен «Бір мектеп – бір бақ» сияқты жобалар экологиялық тәрбиені нақты еңбек әрекетімен ұштастырудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл жұмыстар балалардың тек білімін арттырып қана қоймай, олардың еңбекке деген көзқарасын қалыптастырып, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді. Осылайша, цифрлық технологиялар, жобалық әдістер және практикалық әрекеттердің өзара үйлесуі экологиялық тәрбиенің тиімділігін арттырып, балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай интеграцияланған тәсілдер болашақ ұрпақты табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын, экологиялық сауатты және саналы азамат ретінде тәрбиелеудің тиімді жолы болып табылады.

Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жетілдіру бағытында инновациялық жобаларды кеңінен енгізу, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану және ата-анамен ынтымақтастықты күшейту – алдағы уақыттағы маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.



## ● Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Экологиялық тәрбие беруде дәстүрлі әдістермен қатар жобалық, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданудың тиімділігі талданады. Аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Жасыл балабақша», «ErtegiLab», «Эко қорғаушылар», «Бір мектеп – бір бақ» жобаларының тәжірибесі негізінде балалардың табиғатқа деген жауапкершілік көзқарасын қалыптастыру жолдары көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде экологиялық тәрбиені жүйелі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық тәсілдермен ұйымдастырудың маңыздылығы айқындалады.

# БАЛАБАҚШАДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ



## Ниярова Эльмира Темирбулатовна

Батыс Қазақстан облысы  
Бөрлі ауданының білім беру бөлімінің  
Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік»  
бөбекжайы, әдіскер

Әлемдік жаһандану жағдайында экологиялық мәселелердің күрделенуі мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын жаңартуды талап етеді. Бала табиғатты тек көріп қана қоймай, оны сезіну, зерттеу және қорғау дағдыларын ерте жастан меңгеруі тиіс.

Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның экологиялық мәдениетінің іргетасы қаланатын маңызды кезең. Сондықтан экологиялық тәрбиені тек әңгіме немесе сурет арқылы емес, нақты тәжірибелік әрекет арқылы ұйымдастыру өзекті болып отыр.

### МАҚСАТЫ:

Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық тәрбиені заманауи технологиялар арқылы тиімді ұйымдастыру және баланың табиғатқа жауапкершілік қатынасын қалыптастыру.



### МІНДЕТТЕРІ:

- балалардың табиғатқа танымдық қызығушылығын арттыру;
- экологиялық мәдениет қалыптастыру;
- зерттеушілік қабілеттерін дамыту;
- тәжірибелік әрекет арқылы білім беру;
- инновациялық технологияларды енгізу.

Аталған міндеттерді іске асырудың алғашқы қадамы – баланың күнделікті көз алдындағы табиғи кеңістікті қалыптастыру. Бұл бағытта білім беру ұйымының танымдық әлеуетін арттыратын ішкі экологиялық ортаны ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыруда бөбекжайдың ішкі кеңістігін тиімді пайдалану маңызды рөл атқарады. Ішкі экологиялық ортаны ұйымдастыру, атап айтқанда: терезе алдындағы шағын бақша, тірі табиғат және Эко-бұрыштар – баланың заттық-кеңістіктік ортада еркін зерттеу жүргізуіне жол ашады. Бұл құрылымдар баланы қоршаған

ортамен тікелей байланыстырып, танымдық белсенділігін арттыратын негізгі алаңға айналады.

#### Терезе алдындағы шағын бақша

Балабақшада терезе алдына орналас тырылған шағын бақша балалардың өсімдіктің өсу процесін күнделікті бақылауына мүмкіндік береді. Мұнда пияз, бұрыш, бұршақ, гүл тұқымдары отырғызылып, балалар суару, жарық пен топырақтың әсерін тікелей байқайды.

Педагогикалық әсері:

- жауапкершілік сезімі қалыптасады;
- өсімдіктің өсу кезеңдері туралы түсінік дамиды;
- еңбек дағдылары қалыптасады.

#### Тірі табиғат және Эко-бұрыш

Балабақша ішіндегі антропогендік орта бала бойында жауапкершілік сезімін ұялататын басты құрал болып табылады. Мұнда бала өзінен әлсіз тіршілік иесіне қамқорлық жасау арқылы бабалар ұсынған «аманат» ұғымын іс жүзінде сезінеді.

Бұл бағытта әр топтың өзіндік бақылау және күтім жасау аймақтары бекітілген: **«Ертегі» мектепалды тобы және «Өркен» ортаңғы тобы** (тасбақа мен аквариум):

Балалар тасбақаның баяу қозғалысын, оның қоректену ерекшелігін бақылап, күтім жасауға жауапты. Аквариумдағы балықтарды бақылау арқылы су әлемінің тыныс-тіршілігін таниды.

**«Шаңырақ» ересек тобы** (тотықұстар мен құстар): Тірі табиғатпен тікелей қарым-қатынас орнату арқылы балалар құстардың мінез-құлқын зерттеп, оларға мейіріммен қарауды үйренеді.

**«Қайнар» ересек тобы** (құмырсқа илеуі – формикарий): Балалар құмырсқалардың еңбекқорлығын, илеу ішіндегі табиғи жүйе мен еңбек бөлінісін бақылайды. Бұл тәжірибе балаларды ұйымшылдық пен тәртіпке баулиды.

**Нәтиже:** Тірі ағзалардың өмір сүру заңдылықтарын тәжірибе арқылы түсінген бүлдіршіндердің бойында жанашырлық пен қамқорлық қасиеттері қалыптасады.

**Эко-бұрыш: тәжірибелік дағдылар алаңы**

Эко-бұрышта өсімдіктерді күтіп-баптауға қажетті барлық құралдар: суару ыдыстары, топырақ қопсытқыштар, тұқымдар мен табиғи материалдар жинақталған. Бұл аймақта «Гүлдер» ортаңғы, «Ертегі» мектепалды және «Ақсұңқар», «Шаңырақ» ересек топтарының жұмысы жүйелі жолға қойылған.

**«Гүлдер» ортаңғы тобы:** Бөлме өсімдіктерін күту, олардың жапырақтарын шаңнан тазарту және суару режимін сақтау дағдыларын меңгереді.

**«Ертегі» мектепалды және «Ақсұңқар», «Шаңырақ» ересек топтары:** Эко-бұрыштағы табиғи материалдарды (конустар, тастар, дәндер) қолдана отырып, шығармашылық жұмыстар жасайды және тұқымдарды сұрыптауды үйренеді.

**Мақсаты:**

1. Табиғатты күтіп-баптаудың алғашқы еңбек дағдыларын қалыптастыру;
2. Экологиялық жауапкершілікті арттырып, әрбір өсімдіктің тіршілік үшін маңыздылығын ұғындыру.

Осылайша, «Балбөбек», «Ертегі» мектепалды топтарында, «Ақсұңқар», «Қайнар», «Шаңырақ» ересек топтарында, «Өркен», «Гүлдер» ортаңғы топтарында және «Айналайын», «Айгөлек», «Наурыз» кіші топтарында ұйымдастырылған мамандандырылған эко-аймақтар балабақшадағы экологиялық тәрбие берудің біртұтас жүйесін құрайды.

Бұл ортада бала тек бақылаушы емес, табиғаттың қорғаушысы мен жанашыры ретінде қалыптасады. Ішкі ортада басталған зерттеу жұмыстары табиғи кеңістікте жалғасын тапқанда ғана нәтижелі болады. Баланың табиғатпен еркін қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін сыртқы экологиялық



ортаны жүйелі ұйымдастыру – бүгінгі таңда ең өзекті мәселелердің бірі.

Осы мақсатта балабақша ауласында «Эко әлем» бақшасы мен гүлзар бағы жабдықталып, тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасалды.

Мұнда балалар тек бақылаушы емес, тікелей еңбек субъектісі ретінде әрекет етеді. Өз қолымен егіп, күтіп-баптаған өсімдігінің нәтижесін көру баланың бойында жауапкершілік пен еңбекқорлық қасиеттерін ұялатады.

**«Эко әлем» бақшасы мен гүлзар бағы бойынша жұмыс барысы және маусымдық нәтиже**

**Көктемгі дайындық:** Балалар жер жырту, топырақ қопсыту және тұқым себу (сәбіз, қызанақ, асбұршақ) жұмыстарына белсене қатысты.

**Жазғы күтім:** Жазғы мезгілде балалар өсімдіктерді суару, арамшөптерден тазарту және күн сәулесінің әсерін бақылау арқылы күнделікті күтім жасады. Жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде өсімдіктер қарқынды өсіп, балабақша ауласы жасыл желекке айналды.

**Күзгі өнім:** Күз айларында «Жиын-терін» науқаны ұйымдастырылып, балалар өз қолдарымен өсірген

өнімдерін жинап алды. Бұл кезеңде балалардың «өнімділік» ұғымы туралы түсініктері нақтыланып, еңбек нәтижесінің қуанышын сезінді.

**Нәтиже**

**Еңбекке баулу:**

Балалар еңбек құралдарын (кішкентай тырмалар, суарғыштар) дұрыс қолдануды меңгерді;

**Табиғатпен тікелей байланыс:**

Топырақ пен өсімдік арасындағы биологиялық байланысты іс жүзінде көрді;

**Өнімділік ұғымы:**

«Еңбек етсең – емерсің» қағидасын саналы түрде қабылдады.

Осылайша, бөбекжай ауласындағы эко-бақша тек оқу аймағы емес, баланың тұлғалық қалыптасу алаңына айналды. Жаз бойы күтіп-баптаған өсімдіктерінен күзде мол өнім алуы баланың өзіне деген сенімін арттырып, қоршаған ортаны қорғау оның өмірлік дағдысына айналуына жол ашты.

Тәжірибелік оқу аймағындағы бұл жетістіктерден кейін балалар мен ата-аналардың қатысуымен жүйелі түрде ағаш отырғызу жұмыстары қолға алынды. Бұл бағыттағы іс-шаралар тек экологиялық сипатта ғана емес, ұрпақтар сабақтастығы мен отбасылық құндылықтарды ұштастыратын маңызды дәстүрге айналды.

Бұл бағытта «Ертегі», «Балбөбек» мектепалды топтарының түлектері мен ата-аналары белсенділік танытып, жеміс ағаштарын «Түлектер аллеясына» отырғызды.

**Ата-аналармен бірлескен еңбек:** Ағаш отырғызу акцияларына ата-аналар белсене тартылады. Бұл баланың көз алдында үлкендердің табиғатқа деген құрметін көрсетіп, «тәрбие – үлгі» деген қағиданы іске асырады.

#### **Тәрбиелік мәні мен нәтижесі**

**Табиғатты қорғау:** Бала әр ағаштың адам өміріндегі маңызын (оттегі көзі, сая, сұлулық) түсінеді;

#### **Экологиялық жауапкершілік:**

Отырғызылған көшеттің әрі қарай өсуін бақылап, оған қамқорлық жасау арқылы жауапкершілік сезімі қалыптасады;

#### **Ұжымдық еңбек және отбасылық тәрбие:**

Ата-ана, тәрбиеші және бала арасындағы өзара байланыс нығайып, ортақ мақсатқа жұмыла әрекет ету дағдысы қалыптасады.

**Нәтиже:** Ата-аналармен бірлесе отырып отырғызылған «Түлектер аллеясы» балабақша ауласын жасыл желекке бөлеп, балалардың бойындағы «Табиғат – аманат» ұғымын іс жүзінде бекітті. Бұл ағаштармен бірге баланың табиғатқа деген мейірімі мен сүйіспеншілігі де қатар өседі.

Алайда экологиялық тәрбие тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Бүгінгі цифрлық дәуір баладан тек бақылауды ғана емес, жаңаша ізденіс пен креативті ойлауды талап етеді. Сондықтан біз білім беру үдерісіне дәстүрлі әдістерді толықтыратын заманауи технологияларды енгізуді жөн көрдік.

Осы бағыттағы ізденістеріміздің нәтижесінде қазіргі заманғы экологиялық тәрбие беруде топырақсыз өсімдік өсіру технологиясы – гидропоника ерекше орын алып отыр. Бұл технология балабақша қабырғасында шағын ғылыми зертхана қызметін атқарып, балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын жаңа деңгейге көтереді.

Бұл әдістің ерекшелігі – бүлдіршіндер өсімдіктің тек топырақта ғана емес, сулы ортада да қоректеніп, өсіп-жетілетінін өз көздерімен бақылайды. Осылайша, гидропоника қондырғысы кішкентай зерттеушілер үшін табиғат құпияларын ашатын алғашқы ғылыми алаңға айналды.

#### **Тәжірибелік алаң**

Бұл инновациялық технологияны балабақшамыздың «Ақсұңқар» ересек тобының тәрбиешісі Акмалиева Галия Булатовна оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолданып келеді. Тәрбиешінің жетекшілігімен балалар арнайы сулы ерітіндіде өсімдіктердің (жалбыз, латук салаты, гүлдер) қалай тамыр жайып, қоректенетінін бақылап, олардың өсу ерекшеліктерін зерттейді.

#### **«Smart» бақшаның**

Балалар өсімдіктің өсуі үшін тек топырақ қана емес, су мен минералды заттардың да маңызды екенін тәжірибе арқылы дәлелдейді;

**Жыл бойғы нәтиже:** Сыртқы ауа райына қарамастан, топ ішіндегі «Smart» бақша балаларға қыс мезгілінде де жасыл желекті күтіп-баптауға мүмкіндік береді;

**Бақылау дағдысы:** «Ақсұңқар» ересек тобының бүлдіршіндері өсімдік тамырының дамуын ашық сулы ортада бақылау арқылы табиғаттың тылсым құпияларын тереңірек таниды.

#### **Педагогикалық тиімділігі**

Тәрбиешінің бұл іс-тәжірибесі балалардың зерттеушілік ойлау қабілетін дамытып, олардың экологиялық білімге деген қызығушылығын жаңа деңгейге көтерді. Бұл – теория мен инновациялық тәжірибенің ұштасуының жарқын үлгісі.

Аталған нәтижелер мен ғылыми болжамдарды іс жүзінде тексеру мақсатында арнайы жоспарланған зерттеу кезеңдері жүзеге асырылды. Осы орайда балалардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған кешенді шаралар тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен тығыз байланыста ұйымдастырылды.

#### **Балалардың жұмыстары**

-Балалар келесі тәжірибелерге қатысады:

- тұқым отырғызу және өсуін бақылау;
- жарықтың өсімдікке әсерін анықтау;
- судың өсімдік тіршілігіндегі рөлін зерттеу;
- температураның өсімдікке ықпалын бақылау;
- тұқым жинау акцияларына қатысу.

Әр тәжірибе баланың логикалық ойлау қабілетін дамытып, қорытынды жасау дағдысын қалыптастырады.

Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің негізгі өзегі – баланың өз қолымен жасап көретін тәжірибелері. Бұл бағытта «Ертегі» және «Балбөбек» мектепалды топтарының бүлдіршіндері нағыз кішкентай зерттеушілер ретінде келесі маңызды тәжірибелерге белсене қатысады:



## **Тұқым отырғызу және өсуін бақылау:**

«Балбөбек» мектепалды тобының балалары тұқымның жарылуынан бастап алғашқы бүршіктің пайда болуына дейінгі үдерісті күнделікке тіркеп, бақылау жүргізеді.

**Жарықтың өсімдікке әсері:** Тәжірибе барысында балалар өсімдіктің күн сәулесіне қарай ұмтылатынын байқап, жарықтың тіршілік үшін маңызын түсінеді.

**Судың рөлі мен температураның ықпалы:** «Ертегі» мектепалды тобының тәрбиеленушілері суарылған және суарылмаған, жылы және салқын жерде тұрған өсімдіктерді салыстыру арқылы логикалық қорытынды жасауды үйренеді.

## **Тұқым жинау акциялары:**

Күзгі маусымда барлық топтар ата-аналармен бірлесе отырып, келесі жылғы егіске арналған гүлдер мен көкөністердің тұқымдарын жинау жұмыстарын ұйымдастырады.

## **Педагогикалық нәтиже**

Әрбір жүргізілген тәжірибе баланың логикалық ойлау қабілетін дамытып, «себеп-салдар» байланысын (мысалы: су берілмесе – өсімдік солады) өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді. Ал «Ертегі» және «Балбөбек» мектепалды топтарын дағы мұндай зерттеу жұмыс тары балалардың қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын арттырып, ғылыми көзқарасының қалыптасуына негіз қалайды.

Осы қалыптасқан білім мен дағдыларды іс жүзінде бекіту мақсатында балабақшада түрлі экологиялық акциялар ұйымдастырылып, олар балалардың әлеуметтік жауапкершілігі мен жанашырлығын дамытуға бағытталады.

Сондықтан балабақшадағы экологиялық тәрбиенің нәтижелілігі нақты іс-шаралар мен акциялар арқылы көрініс табууда. Бұл бағытта «Қайнар», «Шаңырақ» ересек топтары және «Гүлдер», «Өркен» ортаңғы топтарының қатысуымен жүйелі түрде түрлі экологиялық акциялар өткізіледі.

## **Құстарға қамқорлық» акциясы**

«Қайнар», «Шаңырақ» ересек

топтарының бүлдіршіндері ата-аналарымен бірлесіп, табиғи материал дардан құстарға ұя жасап, жемсауыттар орнатты. Бұл шара балалардың кішкентай тіршілік иелеріне деген жанашырлық сезімін оятып, қамқорлық жасауға баулиды.

## **«Жасыл десант» ағаш отырғызу апталығы**

«Өркен», «Гүлдер» ортаңғы топтары және «Айналайын» кіші тобы тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен балабақша ауласына жас көшеттер отырғызылды. Ата-аналардың қолдауымен өткен бұл апталық «Табиғат – аманат» ұғымының маңызын іс жүзінде дәлелдеп, балабақшаның жасыл қорын молайтты.

## **Тұқым жинау және тарату**

Барлық топтар күзгі маусымда жинаған гүл тұқымдарын арнайы қалташаларға салып, «Табиғаттан – тарту» айдарымен ата-аналар мен көршілес топтарға таратты. Бұл акция балалардың еңбек нәтижесімен бөлісуге, жомарттыққа және экологиялық насихатқа деген қызығушылығын арттырды.

## **Тазалық акциялары**

Барлық топтардың, әсіресе «Ертегі», «Балбөбек» мектепалды топтарының, «Ақсұңқар», «Қайнар», «Шаңырақ» ересек топтарының және «Өркен», «Гүлдер» ортаңғы топтарының белсенді қатысуымен «Таза болса

табиғат – аман болар адамзат» ұранымен ауланы қоқыстан тазарту шаралары өткізілді.

## **Тәрбиелік нәтиже**

Жүйелі өткізілетін бұл акциялар балалардың бойында тек экологиялық білім ғана емес, табиғатқа жанашырлық, әлеуметтік жауапкершілік және экологиялық мәдениет қалыптастырды. Сонымен қатар ата-аналардың оқу-тәрбие үдерісіне белсене араласуы баланың табиғатқа деген дұрыс көзқарасының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Осы жетістіктерді одан әрі жетілдіру және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында оқу-тәрбие процесіне заманауи цифрлық технологияларды енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Оқыту-тәрбиелеу процесінде дәстүрлі әдістермен қатар мультимедиялық және цифрлық құралдарды қолдану ақпаратты қабылдау деңгейін едәуір арттырады. Балабақшадағы экологиялық сабақтарда келесі цифрлық шешімдер мен тақырыптар жүзеге асырылады:

## **Визуалды оқыту құралдары**

**Бейне сабақтар:** «Табиғат – біздің ортақ үйіміз», «Судың саяхаты: бұлттан тамшыға дейін» тақырыптарындағы бейнебаяндар балаларға күрделі табиғи үдерістерді қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізеді.



## Интерактивті презентациялар:

«Қызыл кітапқа енген жануарлар», «Қалдықтарды сұрыптауды үйренейік» атты презентациялар арқылы балалар ойын элементтері (сұрақ-жауап, логикалық тапсырмалар) негізінде білім алады.

**Табиғат құбылыстарын визуализация лау.** Интерактивті тақтаның көмегімен балалар жыл мезгілдерінің ауысуын, өсімдік бүршігінің ашылуын немесе жанартаудың атқылауы сияқты табиғат құбылыстарын «Таймлапс» (жеделдетілген түсірілім) форматында тамашалайды.

Негізгі тақырыптар:

- «Тұқымның оянуы»;
- «Жаңбыр қалай жауады?»;
- «Орманның дыбыстары».

**Оқу видеолары мен виртуалды саяхаттар.** Виртуалды экскурсиялар: «Қазақстан қорықтарына саяхат» немесе «Мұхит түбіндегі тіршілік» тақырып тарындағы 3D-видеолар балалардың танымдық өрісін кеңейтіп, қиялын дамытады.

**Эко-мультифильмдер:** «Табиғатты қорғау шы достар» айдарымен ұсынылған қысқаметражды мультифильмдер балалардың экологиялық мәдениеті мен этикасын қалыптастырады.

Бұл әдістер балалардың қызығушылығын арттырып, ақпаратты жеңіл қабылдауына ықпал етеді. Соның нәтижесінде жүргізілген жұмыстардың тиімділігі артып, ғылыми-әдістемелік қорытындылар жасауға негіз қалайды.

Осы бағыттағы жұмыстардың нәтиже сінде төмендегідей ғылыми-әдістемелік тәжірибе қалыптасты:

- 2025 жылдың 12 қарашасында «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы» тақырыбында бөбекжай базасында өткен аудандық семинарда ұсынылды;
- 2025 жылдың қараша айында «Ұлт ұстазы» республикалық педагогикалық-әдістемелік журналында бөбек жай педагогтерінің іс-тәжірибелері жарияланды.

Бұл тәжірибе экологиялық тәрбиені жүйелі ұйымдастырудың тиімді моделін көрсетті.

Қазіргі білім беру кеңістігінде мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жүйелі ұйымдастыру – болашақ ұрпақтың табиғатқа деген саналы әрі жауапты көзқарасын қалыптастырудың маңызды алғышарты.

Гидропоника әдісі, тірі табиғат бұрышы, «Эко әлем» бақшасы мен гүлзардағы тәжірибелік жұмыстар, сондай-ақ заманауи цифрлық технологияларды кіріктіре қолдану баланың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның зерттеушілік қабілетін дамытып, экологиялық мәдениетінің қалыптасуына берік негіз қалайды.

Осындай кешенді әрі инновациялық тәсілдер арқылы ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісі баланың табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, экологиялық бағыттағы заманауи технологияларды тиімді пайдалану – табиғатты аялауды өмірлік ұстанымына айналдырған, саналы әрі жауапкершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеудің нәтижелі жолы екені айқындалды.

## ● Аңдатпа:

Бұл ғылыми мақалада мектепке дейінгі ұйымда экологиялық тәрбиені инновациялық технологиялар негізінде ұйымдастыру тәжірибесі қарастырылады. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда гидропоника әдісі, эко-бұрыш, тірі табиғат бұрышы, ішкі және сыртқы бақша, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар және экологиялық акциялар жүйелі түрде қолданылған. Әр бағыттың педагогикалық тиімділігі талданып, баланың танымдық, зерттеушілік және экологиялық жауапкершілігін дамыту дағы рөлі ашылады.



# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ: «ТАБИҒАТ ҒАЖАЙЫПТАРЫ» ЭКСПЕРИМЕНТ АЛАҢЫ АРҚЫЛЫ БАЛА ТҮЛҒАСЫН ДАМЫТУ



## Таниева Актоты Абатовна

Батыс Қазақстан облысы  
Ақжайық ауданының білім беру бөлімінің  
«Балбөбек» бөбекжайы, меңгеруші

Бүгінгі күні ең өзекті мәселелердің бірі – экологиялық ахуалдың күрделенуі. Табиғат ресурстарының азаюы, қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі адамзат алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан экологиялық мәдениеті жоғары, табиғатты қорғай білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Экологиялық тәрбиені мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастау ерекше маңызды. Себебі дәл осы кезеңде баланың дүниетанымы қалыптасып, табиғатқа деген алғашқы көзқарасы мен қарым-қатынасы дамиды. Баланың табиғатпен етене араласуы оның танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілігін, қамқорлығын қалыптастырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі – тәжірибелік және жобалық жұмыстар жүргізу. Себебі бала табиғатты тек сөз арқылы емес, іс-әрекет арқылы танығанда ғана оның маңызын терең түсінеді.

Осы бағытта Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Мерген ауылы «Балбөбек» бөбекжайында «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы аясында «Табиғат ғажайыптары» тақырыбындағы эксперимент алаңы ұйымдастырылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Экологиялық тәрбие мәселесі бүгінде әлемдік деңгейде маңызға ие болып отыр. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, табиғатты қорғау мәдениеті адамның ерте жастан алған тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Баланың қоршаған ортаға деген қамқорлығы оның болашақтағы азаматтық ұстанымына әсер етеді.

Осы заманда балалардың көп уақыты цифрлық технологиялармен өтетіндіктен, олардың табиғатпен тікелей байланысы азаюда. Бұл балалардың табиғатты түсінуіне, сезінуіне кері әсер етеді. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда табиғатпен байланысты тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы артып отыр.

«Балбөбек» бөбекжайындағы «Табиғат ғажайыптары» эксперимент алаңы осы мәселені шешуге бағытталған. Жоба барысында балалар табиғат құбылыстарын бақылап, тәжірибелер жасап, өсімдіктерге күтім жасап, табиғатты қорғау әрекеттеріне қатысады. Мұндай жұмыстар баланың табиғатқа қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның зерттеушілік қабілетін дамытады.

### Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда эксперименттік және жобалық жұмыстардың тиімділігін анықтау.

### Міндеттері:

- балалардың табиғат туралы білімдерін кеңейту;
- табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;
- бақылау және тәжірибе жасау дағдыларын дамыту;
- экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру;
- ата-аналар мен педагогтердің бірлескен әрекетін ұйымдастыру;
- жобалық жұмыстардың бала тұлғасының дамуына әсерін анықтау.

Зерттеу әдістері:

Зерттеу барысында төмендегі педагогикалық әдістер қолданылды: **бақылау, сауалнама, тәжірибелік жұмыстар, салыстырмалы талдау, жобалық әдіс,** Мониторинг, әңгімелесу, шығармашылық тапсырмалар.

Балалардың экологиялық түсініктерінің даму деңгейін анықтау мақсатында оқу жылының басында, ортасында, соңында мониторинг жүргізілді.

Экологиялық тәрбие – баланың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға бағытталған үздіксіз педагогикалық процесс. Ғалымдардың пікірінше, мектепке дейінгі кезең экологиялық тәрбиенің іргетасы қаланатын маңызды уақыт болып табылады.

Балалар табиғатты бақылау арқылы қоршаған ортаның заңдылықтарын түсіне бастайды. Мысалы, өсімдіктің өсуі, судың қасиеттері, ауа мен жарықтың маңызы сияқты қарапайым құбылыстарды тәжірибе арқылы түсіну олардың



танымдық қабілеттерін дамытады.


Экологиялық тәрбиенің негізгі бағыттары: табиғатты таныту, табиғатты қорғауға баулу, экологиялық мәдениет қалыптастыру, еңбек арқылы тәрбиелеу, зерттеушілік әрекетті дамыту.

«Балбөбек» бөбекжайында ұйымдастырылған эксперимент алаңы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бірнеше бағыт бойынша жұмыс жүргізеді:

## «Табиғатпен танысу» бағыты

Бұл бағытта балалар табиғат құбылыстарымен танысып, бақылау жұмыстарын жүргізеді. Мысалы: жыл мезгілдерін бақылау, өсімдіктердің өсуін қадағалау, ауа райын бақылау, құстар мен жануарларды танып білу.

«Табиғат ғажайыптары» жобасы бойынша мониторинг нәтижесі



Балалар күнделікті бақылау күнделігін жүргізіп, суреттер салып, өз ойларын айтып үйренеді.

Бақылау жұмыстары балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін және сөйлеу тілін дамытуға оң әсер етті. Мониторинг нәтижесінде балалардың табиғат құбылыстары туралы түсініктерінің кеңейгені анықталды.

## «Су, жер, ауа – достарым» бағыты

Бұл бағытта балалар қарапайым тәжірибелер жасау арқылы табиғаттың маңызын түсінеді.

Тәжірибелер: судың булануы, мұздың еруі, топырақтың қасиеттері, ауаның бар екенін дәлелдеу.

Балалар екі ыдысқа гүл отырғызды. Бірінші гүлге тұрақты түрде су құйылып отырды, ал екіншісіне су құйылмады. Бірнеше күннен кейін балалар өсімдіктің солып қалғанын бақылап, судың тіршілік үшін маңызды екенін түсінді. Тәжірибелік жұмыстар балалардың қызығушылығын арттырып, олардың себеп-салдарлық байланыстарды түсінуіне мүмкіндік берді.

## «Қалдықсыз әлем» бағыты

Бұл бағыттың мақсаты – балаларға қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу туралы түсінік беру.

Жүргізілген жұмыстар: қағаз бен пластикті бөлек жинау, қалдықтардан

қолөнер бұйымдарын жасау, табиғатты ластамау туралы әңгімелер, экологиялық ойындар.

Балалар қалдықтарды жерге тастамау керектігін түсініп, тазалық сақтауға бейімделе бастады. Ата-аналардың айтуынша, балалар үйде де ескертулер

жасап, экологиялық тәртіпке назар аудара бастаған. Бөбекжайда жоба аясында балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Атап айтқанда, «Табиғат – ортақ үйіміз» жобасы арқылы балаларға қоршаған ортаның адам өміріндегі маңызы түсіндірілді. Балалар табиғаттың әрбір бөлшегі – ортақ байлығымыз екенін ұғынып, ағаштарды, гүлдерді күтіп-баптау жұмыстарына белсене қатысты. Серуен кезіндегі бақылау жұмыстары барысында балалар табиғатты қорғау – әр адамның міндеті екенін тәжірибе жүзінде түсінді.

«Жасыл әлемге саяхат» жобасы балаларды өсімдіктер әлемімен тереңірек таныстыруға бағытталды. Балалар бөлме гүлдерін күтіп-баптап, олардың өсу кезеңдерін бақылап, өсімдіктің тіршілік етуі үшін жарық, су және жылудың маңызын зерттеді. Бұл жоба балалардың бақылау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытты.

## «Қалдыққа екінші өмір сыйлайық»

жобасы экологиялық тәрбиенің маңызды бағыты – қалдықтарды қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыруға арналды. Балалар пластик, қағаз және табиғи материалдарды қайта пайдалану арқылы

түрлі қолөнер бұйымдарын жасады. Бұл жұмыс балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, тұрмыстық қалдықтарға деген көзқарасын өзгертті.

**«Таза табиғат – жарқын болашақ»** жобасы аясында экологиялық сенбіліктер, аула тазалау және табиғатты қорғау акциялары ұйымдастырылды. Балалар тазалық сақтаудың маңызын түсініп, қоршаған ортаны ластамау керектігін саналы түрде қабылдады. Бұл іс-шаралар балалардың жауапкершілік сезімін күшейтті.

**«Гүлденген балабақша»** жобасы балабақша ауласын көгалдандыруға бағытталды. Балалар тәрбиешілер және ата-аналармен бірге гүл, ағаш көшеттерін отырғызып, оларды күтіп-баптау жұмыстарына қатысты. Бұл жоба еңбек тәрбиесі мен экологиялық тәрбиенің өзара байланысын нығайтты.

**«Жас экологтар әлемі»** жобасы балалардың зерттеушілік қабілетін дамытуға негізделді. Жоба барысында балалар түрлі тәжірибелер жасап, табиғат құбылыстарын зерттеді. «Су, ауа, жарық» сияқты табиғи факторлардың өсімдікке әсерін тәжірибе арқылы анықтады. Бұл олардың логикалық ойлауын және ғылыми қызығушылығын арттырды.

**«Табиғатты аялайық»** жобасы балалардың табиғатқа деген мейірімділік сезімін қалыптастыруға бағытталды. Балалар табиғат туралы тақпақтар айтып, сурет салу, шығармашылық жұмыстар жасау арқылы табиғат сұлулығын бейнеледі. Бұл жоба эстетикалық және рухани тәрбиені күшейтті.

**«Табиғат ғажайыптары»** эксперимент алаңы барлық жобалардың негізгі өзегі ретінде қызмет етті. Бұл алаңда балалар су, топырақ, ауа, өсімдіктер әлеміне байланысты көптеген тәжірибелер жүргізді. Балалар тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланысты түсініп, табиғат құбылыстарын өз көздерімен бақылауға мүмкіндік алды.

**«Бір тал кессең, он тал ек»** жобасы табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Балалар ағаш отырғызу, көшет күту жұмыстарына қатысып, табиғатқа ұқыпты қарау қажеттігін түсінді. Бұл жоба олардың экологиялық жауапкершілігін арттырды.

**«Су – тіршілік нәрі»** жобасы арқылы балалар судың табиғаттағы және адам өміріндегі рөлін зерттеді. Су туралы тәжірибелер (булану, мұздың еруі, судың тазалығы) арқылы балалар тіршілік үшін судың маңызын терең ұғынды.

**«Су әлемі»** және **«Тұзбен қызықты тәжірибелер»** жобалары балалардың ғылыми қызығушылығын арттырды. Балалар тұздың суда еруі, кристалдардың пайда болуы сияқты қарапайым химиялық құбылыстарды тәжірибе арқылы бақылап, алғашқы зерттеу дағдыларын меңгерді.

**«Бақша өнімдері»** жобасы балаларды еңбекке баулуға және дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Балалар көкөністерді отырғызып, олардың өсуін бақылап, еңбектің нәтижесін сезінді.

**«Жайдарлы жаз»** жобасы жаз мезгіліндегі табиғат ерекшеліктерін зерттеуге арналды. Балалар табиғат аясында серуендеп, күн, су, ауа сияқты табиғи құбылыстарды бақылап, жаз мезгілінің ерекшеліктерін меңгерді.

Осы жобалардың барлығы балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға жүйелі түрде ықпал етті. Сонымен қатар әрбір жоба барысында қолданылған бақылау, тәжірибе, ойын және шығармашылық әдістер балалардың ойлау қабілетін, тілін, қиялын және танымдық белсенділігін дамытты.

**Жобалық әдістің артықшылықтары:** баланың зерттеушілік қабілеті дамиды, шығармашылық белсенділігі артады, жауапкершілік қалыптасады; еңбекке баулиды, табиғатқа қамқорлық сезімі оянады.

Экологиялық тәрбиенің тиімділігі ата-анамен бірлескен әрекетке тікелей байланысты. Осы мақсатта бөбекжайда:

«Аналар мектебі»; «Әжелер мектебі»; «Әкелер мектебі» бағыттары бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.

### **«Аналар мектебі»**

Аналармен: экологиялық тренингтер, шеберлік сыныптары, табиғи материалдардан бұйым жасау жұмыстары өткізілді.

### **«Әжелер мектебі»**

Әжелер балаларға: ұлттық тәрбие элементтерін, табиғатты аялау дәстүрлерін, халықтық экологиялық ұғымдарды үйретті.

### **«Әкелер мектебі»**

Әкелермен: ағаш отырғызу, аула тазалау; табиғатты қорғау акциялары ұйымдастырылды.

Ата-аналардың жобаға белсенді қатысуы балалардың экологиялық тәрбиесіне оң әсер етті. Отбасындағы қолдау бала бойындағы табиғатқа деген қамқорлықты күшейтті.

### **Мониторинг нәтижелері**

Зерттеу нәтижесінде балалардың:

- табиғат туралы білім деңгейі;
- тәжірибе жасау дағдылары;
- табиғатты қорғауға деген көзқарасы;
- экологиялық мәдениеті айтарлықтай артқаны анықталды.

Оқу жылының басында балалардың көпшілігі табиғат құбылыстары туралы үстірт түсінікке ие болса, жыл соңында: табиғат құбылыстарын ажырата алды, тәжірибе нәтижесін түсінді, өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылық танытты, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай бастады.

Экологиялық тәрбие тек табиғат туралы білім берумен шектелмейді. Ол бала тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал етеді.

-Балалар бақылау жасап, сұрақ қойып, тәжірибе жүргізу арқылы ойлау қабілетін дамытады.

-Табиғатпен байланыс балалардың мейірімділік, қамқорлық сезімдерін арттырады.

-Топпен жұмыс жасау арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, жауапкершілікті үйренеді.



-Табиғи материалдармен жұмыс балалардың қиялын дамытады. Зерттеу барысында кейбір қиындықтар кездесті: ата-аналардың уақыт тапшылығы, табиғи материалдардың жеткіліксіздігі, балалардың бастапқы қызығушылығының төмен болуы.

**Шешу жолдары:** ата-аналармен тұрақты байланыс орнату, қолжетімді материалдарды пайдалану, ойын технологияларын енгізу, тәжірибелерді қызықты форматта ұйымдастыру.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбие – болашақ ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды негізі. «Балбөбек» бөбек жайында жүзеге асырылып отырған «Табиғат ғажайыптары» эксперимент алаңы балалардың табиғатты тануына, зерттеу дағдыларының қалыптасуына және экологиялық мәдениетінің дамуына үлкен ықпал етті.

Жоба барысында балалар тек табиғат туралы білім алып қана қоймай, оны қорғаудың маңызын түсінді.

Тәжірибелер мен бақылаулар арқылы олар табиғаттың адам өміріндегі рөлін сезінді. Сонымен қатар ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысы экологиялық тәрбиенің тиімділігін арттырды.

Экологиялық тәрбие – үздіксіз үдеріс. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда мұндай жобаларды жүйелі түрде ұйымдастыру қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруға негіз болады.



### ● Аңдатпа:

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйым жағдайында экологиялық тәрбие берудің өзектілігі, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру жолдары және «Табиғат ғажайыптары» эксперимент алаңының тиімділігі қарастырылады. Зерттеу жұмысы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Мерген ауылы «Балбөбек» бөбекжайында жүргізілген тәжірибелік жұмыстар негізінде жазылды. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы жобалық әдістің, бақылау жұмыстарының, тәжірибелердің, ата-аналармен бірлескен әрекеттің маңызы талданады. Сонымен қатар педагогикалық зерттеудің әдістері, тәжірибелік нәтижелері мен қорытындылары ұсынылған. Жұмыста экологиялық тәрбиенің бала тұлғасының дамуына әсері аналитикалық тұрғыдан қарастырылып, нақты тәжірибелік мысалдар келтірілген.

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ – БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



## **Сахатова Лилия Муратовна**

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№49 «Ақниет» бөбекжайы, әдіскер

## **Самигуллина Лаура Биржановна**

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№49 «Ақниет» бөбекжайы, әдіскер-инноватор



Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – бала денсаулығын сақтау және нығайту. Баланың денсаулығы оның жан-жақты дамуының, қоршаған ортаны тануының және толыққанды тұлға болып қалыптасуының басты негізі болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыруда экологиялық тәрбиенің орны ерекше. Себебі табиғатпен етене байланыста тәрбиеленген бала қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап қана қоймай, өз денсаулығына да жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Қазіргі кезеңде балалардың табиғаттан алшақтауы, таза ауада аз уақыт өткізуі, қозғалыс белсенділігінің төмендеуі және цифрлық құрылғыларға тәуелділіктің артуы олардың физикалық және психологиялық денсаулығына кері әсерін тигізуде. Мұндай жағдайлар балалардың иммундық жүйесінің әлсіреуіне, эмоционалдық тұрақсыздыққа және қоршаған ортаға немқұрайлы қарауына себеп болуда.

Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені инновациялық технологиялармен ұштастыра отырып ұйымдастыру – уақыт талабы.

Экологиялық тәрбие – тек табиғат туралы білім беру емес, ол баланың табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу және денсаулық сақтау мәдениетін дамыту болып табылады. Табиғат аясында ұйымдастырылған әрекеттер балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, эмоционалдық жағдайын жақсартады, иммундық жүйесін нығайтады және олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені ұйымдастыру барысында инновациялық педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, зерттеушілік әрекет технологиясы, STEM элементтері, жобалық оқыту әдістері және денсаулық сақтау



технологиялары балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Интерактивті тақта, бейнематериалдар, табиғатты бақылауға арналған цифрлық күнделіктер арқылы балалар қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтеді. Ал тәжірибелік жұмыстар мен зерттеу әрекеттері олардың табиғатты танып-білуге деген қызығушылығын арттырады.

Экологиялық тәрбиені жүзеге асыру барысында денсаулық сақтау технологияларына ерекше көңіл бөлінеді.

Бөбекжайда балалардың денсаулығын нығайту мақсатында стретчинг, тыныс алу жаттығулары, ырғақты пластика, серпіндік үзілістер, қозғалмалы және спорттық ойындар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар таза ауада өткізілген кезде балалардың денсаулығына ерекше оң әсер етеді. Табиғат аясында қозғалу балалардың тыныс алу жүйесін жақсартып, ағзаның қорғаныш қабілетін күшейтеді.

Сонымен қатар эстетикалық бағыттағы технологиялар да экологиялық тәрбиемен тығыз байланыста жүргізіледі. Атап айтқанда, саусақ жаттығулары, көзге арналған жаттығулар, тыныс алу гимнастикасы, сергіту сәттері және ортопедиялық жаттығулар балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал етеді. Табиғат дыбыстарын пайдалану арқылы өткізілетін релаксациялық жаттығулар балалардың жүйке жүйесін тыныштандырып, эмоционалдық тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі.

Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу барысында экологиялық бағыттағы ойындар мен тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылады. Табиғатты бақылау, өсімдіктерді күту, шағын бақша жұмыстарын жүргізу, құстарға қамқорлық жасау сияқты әрекеттер арқылы балалар табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсінеді. Осындай жұмыстар балалардың еңбекке қызығушылығын арттырып, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелейді.

Қазақ халқы ежелден табиғатты ерекше құрметтеген. Ата-бабаларымыз табиғат пен үйлесімді өмір сүріп, оны тіршіліктің көзі деп таныған. Осы ұлттық құндылықтарды балалар бойына сіңіру мақсатында ұлттық ойындар кеңінен қолданылады. Ұлттық ойындар тек дене шынықтыру құралы ғана емес, сонымен қатар табиғатпен байланыс орнатудың тиімді жолы болып табылады. Таза ауада ұйымдастырылған ұлттық ойындар балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, денсаулығын нығайтады.

В.А. Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес» деп ойынның бала өміріндегі маңызын ерекше атап көрсеткен. Шынында да, ойын – баланың қоршаған ортаны тануына, ойлау қабілетінің дамуына және денсаулығының нығаюына ықпал ететін маңызды құрал.

Бөбекжайда жүргізілген жұмыстардың бірі – хатха-йога жаттығулары. Бұл жаттығулар балалардың дене қалпын түзетуге, тыныс алуын жақсартуға және денсаулығын нығайтуға бағытталған. Хатха-йога жаттығулары табиғат аясында өткізілген кезде олардың әсері күшейе түседі. Балалар «Ағаш», «Көбелек», «Құс», «Мысық» сияқты табиғат бейнесіндегі қалыптарды орындай отырып, табиғатпен эмоционалдық байланыс орнатады. Мұндай жаттығулар балалардың қиялын дамытып, табиғатты сезінуіне мүмкіндік

береді.

Сонымен қатар балалармен Су Джок терапиясы жүргізіледі. Бұл әдіс арқылы балалардың ұсақ моторикасы дамып, ағзаның жалпы жұмысы жақсарады. Су Джок терапиясында табиғи материалдарды – тас, жаңғақ, құм, ағаш бұтақтарын пайдалану балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады. Табиғи материалдармен жұмыс істеу балалардың сезім мүшелерін дамытып, табиғаттың ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Балалардың шығармашылық және қозғалыс белсенділігін дамыту мақсатында SA-FI-DANCE бағдарламасы қолданылады. Бұл бағдарлама би және ойын гимнастикасы арқылы балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Сабақ барысында табиғат дыбыстары, құстардың үні, жаңбырдың сылдыры сияқты табиғи әуендер пайдаланылады. Балалар би қимылдары арқылы табиғат құбылыстарын бейнелейді. Мұндай жұмыстар балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, табиғаттың әсемдігін сезінуге үйретеді. Экологиялық тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі – балаларды емдік өсімдіктермен таныстыру. Балалар таңқурай, жалбыз, түймедақ сияқты өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы мәлімет алады. Олар емдік шөптердің адам денсаулығына пайдасын зерттеп, табиғат байлығын қорғаудың маңызын түсінеді. Мысалы, таңқурайдың суық тию ауруларының алдын алуға көмектесетіні, ал жалбыздың тыныштандыратын қасиеті бар екендігі түсіндіріледі. Осындай жұмыстар балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, табиғатқа деген қызығушылығын арттырады.

Балалармен жүргізілген экологиялық жұмыстар барысында табиғатты қорғау туралы әңгімелер, экологиялық ойындар, тәжірибелік жұмыстар, бақылаулар және еңбек әрекеттері ұйымдастырылады.



Балалар өсімдіктерді күтіп-баптауға, табиғатты ластамауға, суды үнемдеуге және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға үйренеді. Бұл олардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Экологиялық тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі – балаларды емдік өсімдіктермен таныстыру. Табиғаттағы өсімдіктердің адам денсаулығына пайдасын түсіндіру арқылы балалардың табиғатқа деген қызығушылығы артып, экологиялық мәдениеті қалыптасады. Осындай жұмыстар барысында тәрбие ленушілер емдік шөптердің шипалы қасиеттері туралы алғашқы түсініктер алады, табиғат байлығын қорғаудың маңызын түсінеді және қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға үйренеді.

Балалармен жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында таңқурай, жалбыз, түймедақ сияқты емдік өсімдіктердің пайдасы түсіндірілді. Балалар өсімдіктерді бақылап, олардың адам денсаулығын нығайтудағы рөлі туралы мәліметтер алды. Мұндай жұмыстар балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып қана қоймай, табиғатты танып-білуге деген қызығушылығын арттырады. Таңқурай – денсаулыққа пайдасы мол өсімдіктердің бірі. Оның жидектері тек тосап жасау үшін ғана емес, шай дайындау үшін де кеңінен қолданылады. Таңқурайдан дайындалған шайдың дәмі жағымды әрі адам ағзасына өте пайдалы. Оның құрамында дәрумендер, талшықтар, пектиндер, магний, темір және аскорбин қышқылы мол болады. Аскорбин қышқылы суық тию ауруларымен күресуге көмектеседі. Сондықтан балаларға табиғи дәрумендердің адам денсаулығы үшін маңызы түсіндіріледі. Сонымен қатар таңқурай табиғи антибиотик ретінде де белгілі. Оның құрамындағы салицил қышқылы дене қызуын төмендетуге, қабынуды азайтуға және ағзаның қорғаныш қабілетін күшейтуге көмектеседі.

Балаларға таңқурайдың тек тағам емес, денсаулыққа пайдалы өсімдік екендігі туралы мәлімет беріледі. Осындай жұмыстар арқылы тәрбиеленушілер табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсінеді.

Жалбыз қосылған шай да балаларға таныстырылатын емдік өсімдіктердің бірі. Жалбыздың сергіткіш әрі тыныштандырғыш қасиеті бар екендігі түсіндіріледі. Ол ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартып, адамның көңіл күйіне жағымды әсер етеді. Жалбыз шайының хош иісі балалардың қызығушылығын арттырып, табиғи өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Балалармен жүргізілген тәжірибелік жұмыстар барысында емдік шөптерден шай дайындау, олардың иісін ажырату, жапырақтарын бақылау сияқты әрекеттер ұйымдастырылады. Бұл балалардың сезім мүшелерін дамытып, табиғатты жан-жақты тануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалар емдік өсімдіктерді қорғау, оларды дұрыс пайдалану және табиғатты ластамау туралы түсінік алады.

Осындай экологиялық бағыттағы жұмыстар балалардың денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастырып, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге тәрбиелейді. Балалар табиғаттың адам денсаулығына пайдасын түсініп, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға үйренеді.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде балалардың экологиялық сауаттылығы қалыптасады, денсаулық сақтау мәдениеті дамиды және табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдылары жетілдіріледі. Балалар қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды үйреніп, табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсінеді.

Қорытындылай келе, инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы экологиялық тәрбиені дамыту – бала денсаулығын сақтаудың және нығайтудың маңызды шарты. Табиғатпен етене байланыста ұйымдастырылған

жұмыстар балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Экологиялық тәрбиесі қалыптасқан, дені сау, белсенді ұрпақ – еліміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды экологиялық бағытта тиімді қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайтып, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру аса маңызды.



## ● Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені инновациялық технологиялар арқылы ұйымдастырудың бала денсаулығын нығайтудағы маңызы қарастырылады. Зертханада жүргізілген тәжірибелер негізінде хатха-йога жаттығулары, Су Джок терапиясы, SA-FI-DANCE бағдарламасы және емдік өсімдіктер арқылы балалардың денсаулығын нығайту жолдары сипатталады. Экологиялық тәрбиені заманауи әдістермен ұштастыру балалардың танымдық белсенділігін арттырып, денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететіні анықталды.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР АЛАҢЫ – БАЛАНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ



## Тлегенова Асель Магзомовна

Батыс Қазақстан облысы  
Жаңақала ауданының білім беру бөлімінің  
«Жаңақала балалар бөбекжайы», әдіскер

Қазіргі білім беру жүйесінде экологиялық тәрбие беру – баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі. Әлемдік деңгейде экологиялық мәселелердің күрделенуі жас ұрпақтың экологиялық санасын ерте жастан қалыптастыру қажеттілігін айқындайды. Осы тұрғыда мектепке дейінгі ұйымдарда табиғатты таныту және оны қорғау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жұмыстардың маңызы арта түсуде.

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны ойын және тәжірибе арқылы таниды. Сондықтан табиғатпен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін экологиялық тәжірибе алаңын ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Мұндай білім беру ортасы баланың табиғи құбылыстарды бақылауына, тәжірибе жасауына, өз бетінше қорытынды шығаруына жағдай жасап, оның зерттеушілік қабілеттерін дамытады. Заманауи білім беру технологияларының қарқынды

дамуы экологиялық тәрбиені жаңа мазмұнда ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, QR-кодтар, интерактивті ойындар және жасанды интеллект құралдарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, білім алуды ойын формасына айналдырады. Бұл тәсілдер ақпаратты көрнекі әрі қолжетімді түрде ұсынуға мүмкіндік беріп, баланың белсенді қатысуына ықпал етеді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым жағдайында экологиялық тәжірибе алаңы арқылы балалардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау.

### Зерттеу міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие берудің теориялық негіздерін талдау;
- экологиялық тәжірибе алаңының құрылымы мен мазмұнын анықтау;
- тәжірибелік және ойын әдістерінің тиімділігін негіздеу;

- цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындау;
- алынған нәтижелер негізінде практикалық ұсыныстар әзірлеу.

### Зерттеу әдістемесі:

Зерттеу мектепке дейінгі ұйым жағдайында экологиялық тәжірибе алаңын ұйымдастыру және оның балалардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалын анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды.

### Теориялық әдістер:

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау (экологиялық тәрбие, мектепке дейінгі білім беру, зерттеушілік әрекет мәселелері бойынша);
- педагогикалық тәжірибелерді салыстыру және жинақтау;
- зерттеу мәселесіне байланысты нормативтік құжаттарды талдау.

**Эмпирикалық әдістер:**

- бақылау әдісі – балалардың тәжірибе алаңындағы іс-әрекетін, табиғатқа деген қарым-қатынасын және танымдық белсенділігін жүйелі бақылау;
- тәжірибе әдісі – су, топырақ, өсімдік өсіру бойынша қарапайым тәжірибелер жүргізу арқылы зерттеушілік дағдыларды дамыту;
- әңгімелесу әдісі – балалармен және педагогтермен сұхбат жүргізу арқылы экологиялық түсініктерін анықтау;
- дидактикалық ойындар – экологиялық мазмұндағы ойындар арқылы білімді бекіту және дамыту;

**2-кезең – тәжірибелік кезең:**

экологиялық тәжірибе алаңы ұйымдастырылып, оның құрамындағы аймақтарда («Өсімдіктер әлемі», «Табиғатты зерттеу», «Экологиялық ойындар», «Жас зерттеуші») жүйелі жұмыстар жүргізілді.

**3-кезең – қорытынды кезең:**

балалардың алған білімдері мен дағдылары талданып, тәжірибе тиімділігі бағаланды. Алынған мәліметтер салыстырмалы талдау әдісі арқылы өңделді.

**Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу мектепке дейінгі ұйым жағдайында ұйымдастырылған экологиялық тәжірибе алаңы негізінде жүргізілді.



**Зерттеу нәтижесінде:**

- балалардың табиғатқа деген қызығушылығы айтарлықтай артты;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық көрсетуге белсенді қатысты;
- бақылау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдылары қалыптаса бастады;
- экологиялық ойындар танымдық белсенділікті арттырды;
- QR-код арқылы ұсынылған материалдар ақпаратты қабылдауды жеңілдетті;
- қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптасты.

Сонымен қатар тәжірибе алаңында жүйелі жұмыс жүргізілген топтарда балалардың зерттеушілік белсенділігі дәстүрлі әдістермен оқытылған топтарға қарағанда жоғары екені анықталды.

Зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі кезеңде экологиялық тәрбиені тәжірибелік әрекет арқылы ұйымдастырудың тиімді екенін көрсетеді. Балалар табиғатты тек тыңдау немесе көру арқылы емес, тікелей әрекет барысында тереңірек меңгереді, бұл олардың білімді саналы түрде қабылдауына мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық дамуы тәжірибелік әрекет пен ойын технологиялары арқылы тиімді жүзеге асатынын дәлелдейтін педагогикалық зерттеулермен сәйкес келеді.



- цифрлық технологияларды қолдану – QR-кодтар, бейнематериалдар және интерактивті тапсырмалар арқылы танымдық қызығушылықты арттыру (QR-код жасау – QR Code Generator, QRStuff; бейнематериалдар – YouTube, Canva; интерактивті тапсырмалар – LearningApps, Wordwall, Kahoot!, Quizzz).

Тәжірибелік жұмыс барысында балалардың танымдық белсенділігі, табиғатқа қызығушылығы және зерттеушілік әрекеттері жүйелі түрде бақыланды.

Экологиялық тәжірибе алаңы төрт негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылды: «Өсімдіктер әлемі», «Табиғатты зерттеу», «Экологиялық ойындар» және «Жас зерттеуші». Әр аймақта жүргізілген жұмыстар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланып, тәжірибелік және ойын әрекеттері арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңде ұйымдастырылды:

**1-кезең – диагностикалық кезең:**

балалардың бастапқы экологиялық білім деңгейі, табиғатқа қызығушылығы және зерттеушілік дағдылары анықталды.

Қазіргі білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану маңызды бағыттардың бірі болып табылады. QR-кодтар, бейнематериалдар және интерактивті тапсырмалар балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу қызметін қолжетімді әрі тартымды етеді. QR-кодтарды қолдану арқылы тапсырмалар ойын форматында ұсынылып, балалардың белсенділігі күшейеді (мысалы, «Күпия кодты тап», «Ертегіні жалғастыр», «Жануарды таны», «Қазына іздеу»).

Бейнематериалдарды пайдалану («Қара да, қайтала», «Не өзгерді?», «Сұраққа жауап бер») балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін және түсіну деңгейін арттыруға ықпал етеді. Ал интерактивті тапсырмалар («Суретті құрастыр», «Артық затты тап», «Жұбын тап», «Түстерді сәйкестендір») логикалық ойлауын, салыстыру және есте сақтау дағдыларын дамытады. Ойын элементтері («Жылдам тап!», «Кім шапшаң?») балалардың белсенділігін арттырып, шапшаңдыққа баулиды.

Цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану балалардың ақпаратты қабылдау, есте сақтау және қайта жаңғырту қабілеттерін жақсартып қана қоймай, олардың цифрлық ортада еркін бағдарлануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл педагогтің жұмысын жеңілдетіп, оқу үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Экологиялық тәжірибе алаңының тиімділігі оның кешенділігінде көрінеді: мұнда бала бақылаушы ғана емес, белсенді зерттеуші ретінде әрекет етеді. Табиғи нысандармен тікелей жұмыс жасау арқылы ол өз білімін тәжірибе жүзінде бекітеді.

Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәжірибе алаңын кеңінен енгізу, оны цифрлық технологиялармен толықтыру және педагогтердің осы бағыттағы құзыреттілігін арттыру қажеттілігі айқындалады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі ұйым жағдайында экологиялық тәжірибе алаңын ұйымдастырудың педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсетті. Тәжірибелік әрекет пен ойын технологияларын кіріктіру балалардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптас тыруға оң әсер етеді.

Экологиялық тәжірибе алаңы балалардың табиғатты тануына, логикалық ойлауын дамытуға және дербес әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды (QR-кодтар, интерактивті тапсырмалар) қолдану оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға және цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәжірибе алаңын жүйелі түрде ұйымдастыру, оны заманауи технологиялармен толықтыру және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру ұсынылады.

Алдағы уақытта экологиялық тәрбие мазмұнын жетілдіру, инновациялық технологияларды енгізу және тәжірибе алаңдарының жұмысын дамыту бағытында зерттеулер жүргізу өзекті болып табылады.



## ● Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі ұйым жағдайында экологиялық тәрбие берудің өзектілігі қарастырылып, экологиялық тәжірибе алаңы арқылы балалардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары талданады. Зерттеу барысында экологиялық білім берудің теориялық негіздері сараланып, тәжірибелік және ойын әдістерінің тиімділігі айқындалды. Сонымен қатар QR-кодтар, бейнематериалдар және интерактивті тапсырмалар сияқты цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері көрсетілді. Экологиялық тәжірибе алаңының құрылымы мен мазмұны сипатталып, оның балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы рөлі анықталды. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік әрекет пен цифрлық құралдарды кіріктіру мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік дағдыларын тиімді қалыптастыратынын дәлелдейді.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ЖАСЫЛ ОРТА: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БҰРЫШТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ



## Асанова Рауана Рахимовна

Батыс Қазақстан облысы  
Бәйтерек ауданының білім беру бөлімінің  
«Жұлдыз-ай» бөбекжайы, әдіскер

Қазіргі кезеңде экологиялық мәселелердің ушығуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Табиғат ресурстарының сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі – адамзаттың болашағына тікелей әсер ететін факторлар. Сондықтан экологиялық мәдениеті қалыптасқан тұлға тәрбиелеу – білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі.

Мектепке дейінгі кезең – баланың дүниетанымы мен құндылықтық бағдарлары қалыптасатын аса маңызды уақыт. Осы жаста бала табиғатты сезім арқылы қабылдайды, қоршаған ортаға эмоционалдық қатынас қалыптастырады. Сондықтан экологиялық тәрбиені ерте бастау – тиімді нәтиженің кепілі.

«Жұлдыз-ай» бөбекжайында жасыл орта қалыптастыру кешенді түрде жүзеге асырылып, әр топта ұйымдастырылған экологиялық бұрыштар балалардың күнделікті әрекетіне табиғи түрде енгізілген. Бұл бұрыштар тек сәндік элемент емес, педагогикалық тұрғыдан негізделген,

баланың танымдық белсенділігін, зерттеушілік қабілетін және табиғатқа деген жауапкершілік қарым-қатынасын дамытатын маңызды дамытушы орта ретінде қарастырылады.

Осы бағыттағы жүйелі жұмыс мектепке дейінгі ұйым жағдайында экологиялық бұрыштарды тиімді ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін жүйелеуді және оның тәрбиелік ықпалын тәжірибе арқылы дәлелдеуді көздейді. Аталған мақсатқа жету барысында экологиялық бұрыштардың құрылымдық-мазмұндық моделі нақтыланып, оларды ұйымдастырудың тиімді қағидалары айқындалды, сондай-ақ балалардың экологиялық мәдениетінің қалыптасу деңгейі жан-жақты зерделеніп, жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелілігі кешенді түрде сарапталды.

Зерттеу жұмысы «Жұлдыз-ай» бөбекжайының 4 жастағы ересек топ тәрбиеленушілері арасында (25 бала) жүргізіліп, үдерісте педагогикалық бақылау, әңгімелесу, сұрақ-жауап, диагностикалық тапсырмалар, педагогикалық тәжірибе және

салыстырмалы талдау әдістері өзара үйлесімді түрде қолданылды.

Балалардың өсімдіктерді күту, тәжірибе жасау, табиғи нысандарды бақылау әрекеттері жүйелі түрде тіркеліп, олардың табиғат туралы бастапқы және кейінгі түсініктеріндегі өзгерістер анықталды. Әңгімелесу мен сұрақ-жауап арқылы балалардың экологиялық білім деңгейі мен табиғатқа деген көзқарасы сараланып, диагностикалық тапсырмалар олардың экологиялық ережелерді меңгеру деңгейін нақтылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, экологиялық бұрыштардың мазмұны жаңартылып, тәжірибелік әрекеттер енгізу арқылы олардың тиімділігі бастапқы және қорытынды көрсеткіштер негізінде салыстырмалы түрде талданды.

Бөбекжайда «Өсімдіктер әлемі» бұрышында балалар бөлме өсімдіктерін күтіп-баптау дағдыларын меңгерсе, «Тұқымнан – өсімдікке дейін» зерттеу аймағында тұқым отырғызу, өсу динамикасын бақылау арқылы себеп-салдар байланыстарын түсінуге мүмкіндік алды.

Табиғи материалдар зертханасында тас, жапырақ, бұтақ, тұқым үлгілері

арқылы зерттеу әрекеттері ұйымдастырылып, «Су – тіршілік көзі» тәжірибе үстелінде қарапайым тәжірибелер жүргізілді. Маусымдық бақылау бұрышын да жыл мезгілдеріндегі өзгерістер жүйелі тіркеліп, «Жас эколог» ақпараттық стенді арқылы табиғатты қорғау ережелері бекітілді.

Аталған мазмұндық аймақтардың барлығы әрекет арқылы оқыту, жүйелілік пен сабақтастық, көрнекілік, тәжірибелік бағыттылық және баланың дербестігін қолдау қағидаларына негізделіп ұйымдастырылды. Балалар тек бақылаушы емес, белсенді қатысушы ретінде табиғатты танып, оны қорғау қажеттігін саналы түрде түсіне бастады. Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей, экологиялық бұрыштарды жүйелі ұйымдастыру балалардың экологиялық білімін ғана емес, олардың табиғатқа ұқыпты қарау, қамқорлық жасау дағдыларын да айтарлықтай арттырды.



Осылайша, жүргізілген жұмыс мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңарту жағдайында экологиялық тәрбиені практикалық әрекет арқылы тиімді жүзеге асырудың маңыздылығын дәлелдейді және экологиялық бұрыштарды ұйымдастырудың әдістемелік тұрғыдан негізделген үлгісін ұсынады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері экологиялық бұрыштарды мақсатты әрі жүйелі ұйымдастырудың балалардың білім деңгейіне ғана емес, олардың мінез-құлқы мен танымдық белсенділігіне де елеулі әсер ететінін көрсетті. Бастапқы диагностика кезеңінде тәрбиеленушілердің 45%-ы ғана өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды

толық түсіндіре алса, тәжірибе соңында бұл көрсеткіш 82%-ға дейін өсті.



Бұл өзгеріс балалардың теориялық білімді практикалық әрекетпен ұштас тыра алғанын дәлелдейді.

Тәжірибе қорытындысында тәрбиеленушілердің басым бөлігі нақты дағдыларды меңгергені байқалды: олардың 85%-ы өсімдіктерді күту әрекеттерін өз бетінше орындай алса, 80%-ы жарық, су және жылу факторларының маңызын түсіндіре білді. Сонымен қатар 76% бала табиғатты қорғау ережелерін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланып, 70%-ы өз бақылауларының нәтижесін жүйелі түрде сипаттай алды. Бұл көрсеткіштер балалардың тек білім алып қана қоймай, оны тәжірибеде қолдану қабілетінің қалыптасқанын айғақтайды.

Зерттеу барысында балалардың танымдық белсенділігі айтарлықтай артқаны да байқалды: олар өздігінен сұрақ қоюға, қарапайым болжамдар жасауға, бақылау нәтижелерін салыстыруға қызығушылық таныта бастады. Экологиялық бұрыштардың мазмұнын маусымдық жаңарту, ата-аналармен бірлескен жобаларды ұйымдастыру және тәжірибелік жұмыстарды жүйелі енгізу балалардың тұрақты қызығушылығын сақтауға мүмкіндік берді. Осылайша, тәжірибеге негізделген экологиялық тәрбиенің ұзақ мерзімді әрі тұрақты нәтиже беретіні анықталды. Алынған деректер экологиялық бұрыштардың мектепке дейінгі ұйымдағы жасыл ортаның маңызды құрамдас бөлігі екенін нақтылай түседі. Теориялық тұрғыда негізделген «әрекет арқылы оқыту» қағидасы тәжірибе жүзінде дәлелденіп, экологиялық

тәрбиенің тиімділігі баланың тікелей іс-әрекетімен тығыз байланысты екені айқындалды.

Қорытындылай келе, «Жұлдыз-ай» бөбекжайында қалыптастырылған жасыл орта мен кешенді ұйымдастырылған экологиялық бұрыш тар балалардың экологиялық мәдениетін, жауапкершілік сезімін және зерттеушілік қабілеттерін дамытуда тиімді педагогикалық құрал екендігін көрсетті. Оларды жүйелі жоспарлау, мазмұнын маусымдық тұрғыда жаңартып отыру және тәжірибелік жұмыстармен толықтыру – мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбиенің нәтижелі жолы болып табылады. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмысты жетілдіру мақсатында шағын жылыжай жобасын енгізу, цифрлық бақылау күнделігін пайдалану және ата-аналармен бірлескен экологиялық акцияларды кеңейту жоспарлануда.

## Аңдатпа:

Бұл мақалада «Жұлдыз-ай» бөбек жайында жасыл ортаны қалыптастыру және экологиялық бұрыштарды жүйелі ұйымдастыру тәжірибесі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талданады. Экологиялық бұрыштар мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа құндылықтық қатынасын қалыптастыру, зерттеушілік белсенділігін дамыту және экологиялық мәдениетін жетілдіру құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында бақылау, педагогикалық тәжірибе, диагностика және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижелер экологиялық бұрыштардың жүйелі ұйымдастырылуы балалардың танымдық белсенділігін, экологиялық түсінігін және жауапкершілік дағдыларын арттыратынын көрсетті.

## ЖАСЫЛ ӘЛЕМ БІЗДЕН БАСТАЛАДЫ



### Нахметова Аққу Махсотовна

Батыс Қазақстан облысы

Сырым ауданының білім беру бөлімінің

«Айналайын» бөбекжайы, әдіскер

Бүгінгі таңда экологиялық тәрбие – білім беру саласының маңызды бағыттарының біріне айналды. Табиғатты қорғау, оған жанашырлықпен қарау – болашақ ұрпаққа жүктелетін үлкен жауапкершілік әрі аманат. Табиғи ресурстардың шектеулілігі мен экологиялық мәселелердің ушығуы адамзаттан табиғатпен үйлесімді өмір сүруді талап етеді. Осыған орай, ерте жастан бала бойына табиғатқа деген сүйіспеншілік, қамқорлық және жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру – тәрбиенің басты негіздерінің бірі болуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие беру – баланың қоршаған ортамен алғашқы саналы қарым-қатынасын қалыптастыратын маңызды кезең. Бұл кезеңде балалар табиғат құбылыстарын бақылау арқылы қоршаған ортаны таниды, тірі және өлі табиғаттың өзара байланысын түсінеді. Табиғаттағы әрбір құбылыстың заңдылықтарын қарапайым деңгейде ұғына отырып, балаларда зерттеушілік қабілет, қызығушылық және танымдық

белсенділік қалыптасады. Сонымен қатар, балалар су, ауа, топырақ, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік үшін маңызын түсініп, оларды қорғау мен сақтаудың қарапайым жолдарын меңгереді.

Біздің бөбекжайымызда 2021 жылдан бастап «Эко балабақша» жобасы жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар, аудандық құзыреттілік орталығы ретінде бекітіліп, нәтижелі жұмыстар атқарудамыз.

«Бәрін білгім келеді» атты интеллектуалдық дамыту зертхана алаңы ұйымдастырылып, қазіргі таңда онда 70 бала мен 13 педагог белсенді түрде жұмыс жүргізуде. Аталған алаңда балалар түрлі тәжірибелер жасап, табиғи құбылыстарды зерттеп, қарапайым ғылыми ұғымдарды меңгеруде.

Бөбекжай ішінде 45 түрлі бөлме гүлдері өсіріліп, олар балалардың күнделікті бақылау, күтім жасау әрекеттері арқылы тәрбиелік мақсатта пайдаланылады. Ал бөбекжай ауласына жеміс ағаштары, шырша, сирень және басқа да сәндік

өсімдіктер отырғызылып, табиғи ортаға жақын экологиялық кеңістік қалыптастырылған. Жыл сайын бөбекжай аумағында шағын бау-бақша ұйымдастырылып, әр топ өзіне бекітілген жер теліміне күтім жасап, көкөніс пен өсімдіктер өсіруге қатысады. Бұл балалардың еңбекке баулуымен қатар, табиғатқа жанашырлықпен қарауына ықпал етеді.

Экологиялық мәдениет пен экологиялық сананы қалыптастыру арқылы балалардың адамгершілік қасиеттері дамиды. Мұндай тәрбие олардың бойында мейірімділік, қамқорлық, жауапкершілік, үнемшілдік сияқты қасиеттердің қалыптасуына негіз болады. Сонымен қатар, балалар табиғатқа зиян келтірмеу, ресурстарды үнемді пайдалану, қоршаған ортаны таза ұстау сияқты күнделікті өмірде қолданылатын дағдыларды меңгереді. Бөбекжай педагогтері облыстық «Үздік экомектеп және үздік экобалабақша» байқауында жүлделі орындарға ие болып, өз тәжірибелерінің тиімділігін дәлелдеді.

Атап айтқанда, 2024 жылы «Үздік оқу-әдістемелік жұмыстар» номинациясы бойынша Балғужиева Б. – II орын, «Green Oases» номинациясы бойынша тәрбиеші Тлеккабулова Д. – I орын, «Эко сән» номинациясы бойынша әдіскер-тәрбиеші Нахметова А. – II орын иеленді. Ал 2025 жылы «Green Oases» номинациясы бойынша тәрбиеші Куспанова Р. – II орын, «Эко сән» номинациясы бойынша В. Уталиева – III орын алды. Бұл жетістіктер педагогтердің кәсіби шеберлігі мен экологиялық бағыттағы жұмыстың жүйелілігін көрсетеді.

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер адамзат алдында тұрған ең өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың азаюы, климаттың өзгеруі, биоалуантүрліліктің кемуі – барлығы да экологиялық мәдениеті жоғары, табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын ұрпақ тәрбиелеуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, экологиялық тәрбие беру мектепке дейінгі кезеңнен басталуы

кеңінен қолданылуда. Солардың бірі – жобалық оқыту әдісі. Жоба әдісі балалардың өздігінен ізденуіне, зерттеу жүргізуіне, тәжірибе жасауына мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы балалар алған білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана алады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жобалық әдіс негізінде ұйымдастырудың маңызы ерекше.

Зерттеу барысында мектепке дейінгі ұйымның әртүрлі жас топтарында экологиялық бағыттағы жобалар ұйымдастырылып, олардың балалардың дамуына әсері бақылау, әңгімелесу, тәжірибелік жұмыстар және салыстырмалы талдау әдістері арқылы зерттелді. Зерттеу үш кезеңде жүргізілді: бастапқы кезеңде балалардың экологиялық білім деңгейі анықталды, қалыптастыру кезеңінде арнайы жобалар енгізілді, ал қорытынды кезеңде алынған нәтижелер сараланып, тиімділігі бағаланды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, балабақшада ұйымдас

Балалар табиғатқа саналы түрде қарап, өз әрекеттерінің қоршаған ортаға әсерін түсіне бастады.

Атап айтқанда, «Жасыл балабақша» жобасы барысында балалардың табиғат туралы білімдері кеңейіп, өсімдіктерді отырғызу, суару, күтіп-баптау сияқты практикалық дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар, балаларда табиғатқа деген қамқорлық пен жауапкершілік сезімі дамып, ата-аналардың тәрбие үдерісіне қатысу белсенділігі артты.

«Эко ертегі әлемі» жобасы экологиялық тәрбиені ойын және шығармашылық әрекет арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Балалар ертегілер құрастырып, табиғат кейіпкерлерін сомдау арқылы экологиялық ұғымдарды тереңірек түсіне бастады. Нәтижесінде олардың тіл байлығы, қиялы, шығармашылық қабілеттері дамыды.

Ал «Қайта өңдеу – пайдалы іс» жобасы балаларды тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауға, оларды қайта пайдалануға үйретуге бағытталды. Балалар қалдық материалдардан түрлі бұйымдар жасап, олардың екінші өмірін көруге мүмкіндік алды. Бұл олардың үнемшілдікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеуіне ықпал етті.

«Жас экологтар» жобасы балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, экологиялық білімдерін тәжірибе арқылы бекітуге мүмкіндік берді. Балалар су мен жарықты үнемдеу, өсімдіктерге күтім жасау, табиғатты қорғау сияқты қарапайым, бірақ маңызды әрекеттерді күнделікті өмірде қолдана бастады. Жоба барысында ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығы нығайып, тәрбие үдерісінің нәтижелілігі артты.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері жобалық оқыту әдісінің тиімділігін толық дәлелдейді. Бұл әдіс балаларды пассивті тыңдаушыдан белсенді қатысушыға айналдырып, олардың дербестігін, бастамашылдығын, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.



тиіс. Себебі балабақша – баланың тұлғалық қасиеттері мен құндылық бағдарлары қалыптасатын алғашқы әлеуметтік орта. Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар инновациялық технологиялар

тырылған экологиялық жобалар балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуына айтарлықтай оң әсерін тигізді.

Теориялық білім мен практикалық әрекетті ұштастыру арқылы балалардың экологиялық мәдениеті қалыптасады және тұрақты мінез-құлық дағдылары орнығады.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық жобаларды жүйелі түрде енгізу балалардың жан-жақты дамуына, әсіресе экологиялық мәдениетті қалыптастыруға зор ықпал етеді. Жоба әдісі тиімді педагогикалық құрал ретінде өз нәтижелілігін көрсетті. Осыған байланысты экологиялық жобаларды оқу-тәрбие үдерісіне кеңінен енгізу, ата-аналармен бірлескен жұмысты жандандыру, балалардың табиғатпен тікелей әрекеттесу мүмкіндіктерін арттыру және заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану ұсынылады.

● *Аңдатпа:*

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені ұйымдастырудың маңызы мен тиімді жолдары қарастырылады. Экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастырудың қажеттілігі негізделіп, жобалық оқыту әдісінің мүмкіндіктері сипатталады. Зерттеу барысында «Эко балабақша» аясында жүзеге асырылған «Жасыл балабақша», «Эко ертегі әлемі», «Қайта өңдеу – пайдалы іс», «Жас экологтар» жобаларының балалардың танымдық белсенділігіне, табиғатқа жауапкершілікпен қарауына және практикалық дағдыларының қалыптасуына әсері талданды. Нәтижесінде экологиялық жобалардың тәрбиелік әлеуеті жоғары екені анықталды және оларды оқу-тәрбие үдерісіне жүйелі енгізу қажеттілігі дәлелденді.



## «КІШКЕНТАЙ ЗЕРТТЕУШІ: ӘЛЕМДІ ТАНЫП БІЛЕМІЗ»



### Рсмагамбетова Райгуль Рамазановна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№48 «Мұрагер» бөбекжайы,  
мектепалды тобының тәрбиешісі

Қазіргі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланың тұлғалық дамуының негізі болып табылады. Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес, баланың танымдық белсенділігін, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту — өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыда «Кішкентай зерттеуші: Әлемді танып білеміз» тақырыбы мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың қоршаған ортаны саналы түрде қабылдауына, ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік береді.

Баланың табиғи қызығушылығы мен білуге құштарлығы — оның дамуының басты қозғаушы күші. Сондықтан ерте жастан бастап зерттеушілік әрекеттерге баулу баланың болашақ оқу әрекетіне оң әсерін тигізеді.

«Кішкентай зерттеуші» ұғымы баланың зерттеу, бақылау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін білдірсе, «Әлемді танып білеміз» тіркесі баланың табиғат, қоғам және заттық орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруды көздейді.

Тақырыптың мазмұны мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының танымдық даму бағытына толық сәйкес келеді.

Зерттеу барысында келесі педагогикалық әдістер қолданылды:

- бақылау әдісі;
- әңгімелесу;
- ойын арқылы оқыту;
- тәжірибе жасау;
- салыстыру және талдау.

Зерттеу жұмысы ересек және ортаңғы топ балалары арасында жүргізілді.

#### Зерттеу барысы мен нәтижелері:

Зерттеу барысында балалармен жүйелі түрде танымдық-зерттеушілік жұмыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, табиғат бұрышында өсімдіктерді бақылау, су мен құмның қасиеттерін зерттеу, ауа райын бақылау сияқты практикалық жұмыстар жүргізілді.

#### Нәтижесінде:

- балалардың «неге?», «қалай?» деген сұрақтары көбейді;
- бақылау дағдылары қалыптасты;
- сөйлеу белсенділігі артты;
- қарапайым қорытынды жасауға үйренді.

#### Зерттеуші бала:

- Белсенді болады
- Қорықпай сұрақ қояды
- Өз ойын еркін жеткізеді
- Қорытынды жасай алады

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тәжірибелік және ойын арқылы жүргізілген жұмыстар балалардың танымдық қызығушылығын айтарлықтай арттырды.

Мысалы, «Су қандай?» тақырыбындағы тәжірибе барысында балалар судың түссіз, иіссіз екенін анықтады. Бұл тапсырма баланың тек бақылауымен шектелмей, өз ойын айтуына, салыстыруына мүмкіндік берді. Серуен кезінде жапырақтарды жинап, олардың пішіні мен түсін салыстыру арқылы балалар табиғи өзгерістерді түсіне бастады.



Аталған жұмыстар тақырыптың өзектілігін дәлелдей отырып, баланың танымдық дамуына тікелей әсер ететінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі ұсыныстар беріледі:

- зерттеушілік әрекеттерді күнделікті оқу қызметіне жүйелі енгізу;
- тәжірибе жасау үшін қолжетімді материалдарды пайдалану;
- балалардың сұрақтарына еркін жауап беруге жағдай жасау;
- ата-аналарды танымдық жұмыстарға тарту.

Биылғы жылы танымдық-зерттеушілік жұмыстардың қарқынды жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, балалардың зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейі былтырғы жылмен салыстырғанда 30-40 %-ға өсті деуге болады.

Себебі, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында тәжірибелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, балалардың қызығушылығын оятатын заманауи әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылды. Зерттеу әрекеттері тек арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетімен шектелмей, күнделікті ойын барысында, серуен кезінде, табиғатты бақылау сәттерінде де жүзеге асырылды.

Қорытындылай келе, «Кішкентай зерттеуші: Әлемді танып білеміз» тақырыбы – мектепке дейінгі ұйымдағы танымдық-зерттеушілік жұмыстың мазмұнын байытып қана қоймай, баланың табиғи қызығушылығын қолдайтын тиімді бағыт екенін көрсетті. Жүйелі ұйымдастырылған бақылау, тәжірибе, ойын және талдау жұмыстары арқылы балалардың қоршаған ортаға деген саналы көзқарасы қалыптасып, ойлау белсенділігі мен сөйлеу мәдениеті дами түсті.

Зерттеу нәтижелері баланың сұрақ қоюы – оның дамуының бастамасы екенін дәлелдеді. «Неге?», «Қалай?» деген қарапайым сұрақтар үлкен танымға жол ашады. Осындай ізденіс барысында бала тек ақпарат алушы емес, өздігінен қорытынды жасай алатын, салыстыра білетін, бақылау жүргізетін тұлға ретінде

қалыптасады.

Ең бастысы – зерттеушілік әрекет баланың бойында сенімділік, дербестік, бастамашылдық қасиеттерін дамытады. Ол қоршаған ортаны тек бақылап қана қоймай, оны түсінуге, себеп-салдар байланыстарын анықтауға ұмтылады. Бұл – болашақ оқу әрекетінің берік іргетасы.

Алдағы уақытта танымдық-зерттеушілік жұмыстарды мазмұндық тұрғыдан тереңдету, күнделікті ұйымдастырылған

іс-әрекетін тиімді кіріктіру және ата-анамен бірлескен әрекетті жандандыру – негізгі басымдық болмақ. Баланың табиғи қызығушылығын сақтау арқылы біз оның шығармашылық, зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға нақты мүмкіндік жасаймыз.

Өйткені бүгінгі «кішкентай зерттеуші» – ертеңгі саналы, ізденімпаз, жаңалыққа құштар тұлға.



#### ● Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық-зерттеушілік қабілеттерін дамытудағы «Кішкентай зерттеуші. Әлемді танып білеміз» тақырыбының маңыздылығы қарастырылады. Зерттеу барысында балалардың қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығын арттыруда қолданылған педагогикалық әдістер мен олардың нәтижелері талданады. Практикалық жұмыстар арқылы баланың ойлау, сөйлеу және бақылау дағдыларының дамуы айқындалады.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ: «ЭКОБОЛАШАҚ» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ



## Мухатова Айнагул Нурлыбаевна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№34 «Балбұлақ» бөбекжайы, меңгеруші

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық дағдарыстардың алдын алу – қазіргі қоғамның алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі. Осыған байланысты, өскелең ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру білім беру жүйесінің өзекті бағыты ретінде айқындалып отыр. Бұл маңызды үдерісті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту кезеңінен бастау қажет.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген алғашқы көзқарасы мен қарым-қатынасы қалыптасады. Сондықтан экологиялық тәрбие олардың тұлғалық дамуының негізін құрайды. Осы бағытта біздің балабақшада «ЭКОБОЛАШАҚ» атты экологиялық жоба жүзеге асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты – балалардың табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық жауапкершілігін қалыптастыру және тәжірибелік әрекеттер арқылы білім беру.



### Міндеттері:

- экологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- тірі табиғат бұрышының тәрбиелік маңызын анықтау;
- қоқыс сұрыптау дағдыларын қалыптастыру;
- ата-анамен және әлеуметтік серіктес термен жұмысты дамыту;
- экологиялық акциялардың тиімділігін талдау.

### Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- педагогикалық бақылау;
- әңгімелесу;
- сауалнама;
- тәжірибелік іс-әрекеттер;
- салыстырмалы талдау;
- жобалық әдіс.

Зерттеу «Болашақ» мектепалды тобын да жүргізілді. Балалардың экологиялық білім деңгейі мен тәжірибелік дағдылары бақылау арқылы талданды.

### «ЭКОБОЛАШАҚ» жобасының ұйымдастырылуы

«Болашақ» тобы толық экологиялық бағытта безендіріліп, топта табиғат бұрышы жасақталып, бөлме өсімдіктері орналастырылды. Сонымен қатар тірі табиғат бұрышы құрылып, онда тотықұс, аквариумдағы балықтар және тасбақаны балалар күтіп-баптап, бақылау жүргізіп отырды.

### Қоқыс сұрыптау мәдениеті

Топта арнайы қоқыс сұрыптау бұрышы ұйымдастырылған. Балалар қалдықтарды (қағаз, пластик, тұрмыстық қалдықтар) ажыратып тастауға үйренді. Бұл экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етті.



## Ата-анамен бірлескен экологиялық жұмыс

Ата-аналар белсенді түрде келесі шараларға қатысты:

-«Құстарға үй сыйлайық» акциясы;

-«Қыста құстарға азық дайындаймыз» акциясы;

-балабақша ауласына гүл отырғызу;

-ағаш отырғызу жұмыстары.

Бұл іс-шаралар балалардың экологиялық әрекетке қызығушылығын арттырды.

## Әлеуметтік серіктестік

Балабақша облыстық экологиялық орталықпен «Экобалабақша» және «Жасыл балабақша» жобалары аясында жұмыс жүргізеді. Орталық мамандары оқу сағаттарын, шеберлік сыныптарын өткізеді. Балалар орталыққа барып жануарларды тамақтандырып, экологиялық экскурсияларға қатысады.

Бөбекжай тәрбиешілері тәрбиеленушілер мен бірге облыстық және республикалық экологиялық байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

Соңғы жылдардағы жетістіктерді атап өтер болсам, қалалық білім алушылар арасында ихтиофаунаны сақтау мақсатында өткізілген қысқы балық аулау акциясына белсене қатысқаны үшін тәрбиеленушіміз Риза Шамуратов Дипломмен марапатталды. Жергілікті жерімізде қыстайтын құстарға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған «Құстарды қыста қоректендіріңдер!» акциясында «Болашақ» мектепалды тобы 2023 жылы жүлделі I орынды, ал 2025 жылы III орынды иеленді. Сонымен қатар, 2025 жылы «Құстарға қыста жем бер!» табиғат қорғау акциясына қатысып, экологиялық білімдерін шыңдауда белсенділік танытқаны үшін ұжымымыз Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясының (АСБК) Алғыс хатымен марапатталды.

Мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткен «Экобалабақша» байқауында 2025 жылы жүлделі II орын, ал «Қыста құстарды қоректендіріңдер!» қалалық

табиғатты қорғау акциясында 2026 жылы I орын бұйырды. Осы оқу жылында өткен VII облыстық «Хрустальды шоқыр» байқауының «Мектепке дейінгі білім мекемелерінде туристік-өлкетану қызметін үздік ұйымдастырғаны үшін» номинациясымен бөбекжай тәрбиешісі М.Ш. Мутигуллина марапатталды. Таяуда ғана мәресіне жеткен «Үздік жасыл мектеп, жасыл балабақша» облыстық байқауының «Үздік оқу-әдістемелік инновациялық жобалар» номинациясы бойынша бөбекжайымыздың «ЭКОБОЛАШАҚ» жобасының жетекшісі, тәрбиеші М.Ш. Мутигуллина жүлделі II орынды иеленді.

Балабақшада жүзеге асырылып жатқан «ЭКОБОЛАШАҚ» жобасы аясындағы экологиялық тәрбие жұмыстарының нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан да жоғары қолдауға ие болуда. Атап айтқанда, балабақшаның экологиялық бағыттағы тәжірибелік және инновациялық жұмыстары облыстық «Ақжайық» телеарнасында көрсетіліп, көпшілікке насихатталды(<https://www.instagram.com/p/DXoFNrmjUvJ/?igsh=MWptazExZHJjdGE5dg==>).

Телебағдарлама барысында тәрбиеленушілердің табиғатқа қамқорлық жасау дағдылары, экологиялық дамытушы орта және ата-аналармен бірлескен акциялар кеңінен таныстырылды. Бұл балабақшадағы экологиялық тәрбиенің тиімділігін көрсетіп қана қоймай, озық педагогикалық тәжірибені кең көлемде таратуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері «ЭКОБОЛАШАҚ» жобасының балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімділігі жоғары екенін дәлелдеді. Тірі табиғатпен тікелей жұмыс істеу балалардың жанашырлық, жауапкершілік және еңбекқорлық қасиеттерін дамытады. Ғылыми әдебиеттерде (соның ішінде В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде және заманауи педагогикалық зерттеулерде) табиғатпен тікелей әрекет ету баланың тұлғалық дамуына оң әсер ететіні

айтылған. Біздің тәжірибеміз бұл ғылыми тұжырымдарды толықтай растап отыр. Қорыта айтқанда, «ЭКОБОЛАШАҚ» жобасы мектепке дейінгі ұйымда экологиялық тәрбиені тиімді ұйымдастырудың заманауи үлгісі болып табылады. Жоба балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, тәжірибелік экологиялық дағдыларын қалыптастырды. Алдағы уақытта жоба аясын кеңейтіп, цифрлық экологиялық білім беру элементтерін енгізу және ата-аналармен жұмысты одан әрі күшейту жоспарлануда.



## Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылып жатқан «ЭКОБОЛАШАҚ» экологиялық жобасының тиімділігі қарастырылады. Жоба экологиялық дамытушы орта құру, тірі табиғат бұрышын ұйымдастыру, қоқыс сұрыптау мәдениетін қалыптастыру және ата-анамен бірлескен экологиялық акциялар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар облыстық экологиялық орталықпен серіктестік жұмыстың тәрбиелік маңызы сипатталады. Зерттеу нәтижелері экологиялық тәжірибелік жұмыстар балалардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын және экологиялық мәдениетін арттыратынын көрсетті.

## ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК: БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ



### **Искалиева Айгуль Бисенбаевна**

Батыс Қазақстан облысы  
Орал «Сервис» технологиялық  
колледжі, директор

### **Еришова Эльмира Айдынгалиевна**

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№47 «Бәйтерек» бөбекжайы, меңгеруші



Мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие процесінің негізгі мақсаты – баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және өмірлік маңызды әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру. Бұл тұрғыда, мектеп жасына дейінгі балалардың бойында еңбекқорлық қасиеттерді дамыту, кәсіптер әлемі туралы алғашқы түсініктерін кеңейту және еңбек адамына деген шынайы құрмет сезімін ояту – педагогикалық қауымдастықтың алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы серіктестікті дамыту – тәжірибе алмасудың, кәсіби бағдар берудің және сабақтастықты нығайтудың тиімді тетігі болып табылады.

Осы орайда Орал қаласы білім беру бөлімінің «№47 «Бәйтерек» бөбекжайы мен Орал «Сервис» технологиялық колледжі арасындағы әлеуметтік серіктестік аясында жүзеге асырылып жатқан бірлескен жұмыстардың тәжірибесімен бөлісетін болсақ,

аталған серіктестік мектепке дейінгі тәрбие мен техникалық-кәсіптік білім беру арасындағы сабақтастықты нығайтуға, тәрбиеленушілердің еңбекке қызығушылығын арттыруға, түрлі мамандықтар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Екі мекеме арасында ынтымақтастық туралы Меморандум жасалып, 2024–2027 жылдарға арналған кезеңдік жұмыс жоспары құрылды.

Жұмыстың негізгі мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың ерте кәсіптік бағдарлануын дамыту, еңбек дағдыларын қалыптастыру және дәстүрлі әрі заманауи педагогикалық технологияларды ықпалдастыру арқылы тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыру болып табылады.



№	Іс-шаралар атауы	Жауаптылар
<b>I. Кіріспе кезең (2024-2025 оқу жылы)</b>		
1.	№47 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК мен Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының Орал «Сервис» технологиялық колледжі МКҚК арасындағы сабақтастық жұмысының жоспарын талқылау.	Бөбекжай мен колледж директорлары, ОӨЖ жөніндегі орынбасар, бөбекжай әдіскерлері
2.	№47 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК мен Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының Орал «Сервис» технологиялық колледжі МКҚК арасындағы сабақтастық жұмысының жоспарын бекіту.	Бөбекжай мен колледж директорлары
3.	Мектепке дейінгі ұйымның ересектер тобы мен мектепалды топ балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдістемелік әдебиеттерді жинақтау.	Бөбекжай әдіскерлері, психологтар, әлеуметтік педагогтер, топ тәрбиешілері
4.	«Baby Skills» өңірлік чемпионатын ұйымдастыру, тәрбиеленушілерді қатыстыру	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, құзыреттілік сарапшылары, бөбекжай әдіскерлері
5.	Нәтиже индикаторларын анықтау: - мониторинг жүргізу; - «Mini Profi» балалар портфолиоcы	Психолог, әдіскерлер, жауапты мамандар
6.	«Мамандықтар әлемі» модульдері бойынша Орал «Сервис» технологиялық колледжіне тәрбиеленушілермен саяхат ұйымдастыру	Бөбекжай директоры, әдіскерлер
7.	Облыстық, өңірлік, республикалық семинарларға қатысу	Бөбекжай мен колледж директорлары, әдіскерлер
<b>II. Негізгі кезең (2025-2026 оқу жылы)</b>		
1.	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің кәсіби бағдарлануын жетілдіру және тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыру жұмыстары	Бөбекжай директоры, әдіскерлер, психологтар, әлеуметтік педагогтер
2.	Бірге жұмыстану барысында ұйымдастырылатын жұмыстарды жоспарлау, талқылау	Бөбекжай мен колледж директорлары, ОӨЖ жөніндегі орынбасар, бөбекжай әдіскерлері
3.	«Baby Skills» өңірлік чемпионатын ұйымдастыру, тәрбиеленушілерді қатыстыру	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, құзыреттілік сарапшылары, бөбекжай әдіскерлері
4.	«Аспаздық өнер әлеміне саяхат» «Ақперіште» ересек тобы	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
5.	«Мамандықтар әлемі» ересек және мектепалды топтардың тәрбиеленушілерімен Орал «Сервис» технологиялық колледжіне саяхаты	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
6.	Облыстық, өңірлік, республикалық семинарларға қатысу	Бөбекжай мен колледж директорлары, әдіскерлер

7.	Бөбекжай педагогтері мен колледж мұғалімдері арасында өзара шеберлік сыныптарын ұйымдастыру	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
8.	«Тігіншілер әлеміне саяхат» балалармен тігіншілер әлеміне саяхат	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
9.	«Ерте жастан кәсіпке бағдарланған білім – заман талабы» дөңгелек үстел	Бөбекжай мен колледж директорлары, әдіскерлер, педагогикалық ұжым
10.	«Мамандықтар әлемі» сюжеттік-рөлдік ойындар ұйымдастыру	Бөбекжай педагогтері
11.	«Тігін өндірісі және киім модельдеу» модулі бойынша шеберлік сыныптары	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
12.	«Шаштараз өнері» сюжеттік-рөлдік ойындар ұйымдастыру	Бөбекжай педагогтері
13.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру және аспаздық өнер» шеберлік сыныптары	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
14.	«Отбасылық мамандықтар күні» шарасы	Колледж директорының орынбасарлары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
15.	«Колледж студенті – кішкентай дос» тәлімгерлік жобасы	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
16.	«Baby Skills Academy» тұрақты клубының жұмысы	Колледж директорының орынбасарлары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
<b>III. Қорытынды кезең (2026-2027 оқу жылы)</b>		
1.	«Baby Professions» шағын кәсіптер фестивалі	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
2.	«ECOBATYS KIDS LAB» экологиялық еңбек зертханасы	Колледж директорының орынбасарлары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
3.	«Baby Skills» өңірлік чемпионатын ұйымдастыру, тәрбиеленушілерді қатыстыру	Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөбекжай әдіскерлері, жауапты мамандар
4.	Мониторинг жүргізу (жарты жылдықта 1 рет): - Балалардың қызығушылығын бақылау - Ата-аналар сауалнамасы - Педагогтердің кері байланысы	Психолог, әдіскерлер, жауапты мамандар

5.	«Mini Profi» балалар портфолиосын жасақтау (қатысқан модульдері, қызығушылықтары, жетістіктері, фото, видео, сертификаттары т.б.)	Психолог, әдіскерлер, жауапты мамандар
6.	«Кәсіби колледж мен мектепке дейінгі ұйым сабақтастығы: Бір мақсат, бір нәтиже» сабақтастық жұмысын қорытындылау	Бөбекжай мен колледж директорлары, орынбасарлары,
7.	Облыстық, республика көлемінде жұмыс қорытындысын көрсету мақсатында семинарлар ұйымдастыру	Бөбекжай мен колледж директорлары, әдіскерлер
8.	Облыстық, республика көлемінде іс-тәжірибелер шығару	Бөбекжай мен колледж директорлары, әдіскерлер
9.	Облыстық, республикалық газет-журналдарға мақала, жариялау	Бөбекжай мен колледж директорлары, әдіскерлер
10.	Келесі кезеңнің жұмыс жоспарын жоспарлау, талқылау.	Бөбекжай мен колледж директорлары, әдіскерлер

Жұмыс жоспар негізінде әлеуметтік серіктестік аясында бірнеше бағытта жұмыстар ұйымдастырылды:

**Біріншіден,** балаларды әртүрлі мамандық тармен таныстыру мақсатында танымдық кездесулер, шеберлік сағаттары, экскурсиялар мен тәжірибелік іс-әрекеттер өткізілді. Тәрбиеленушілер колледж базасына саяхат жасап аспаз, шаштараз, тігінші мамандық иелерінің еңбегімен танысып, еңбек үдерісін бақылауға мүмкіндік алды, қызығушылықтарын арттырып, еңбекке оң көзқарас қалыптастыруға ықпал етті.

Аталған жұмысты жүзеге асыруға үлкен септігін тигізген бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 24.11.2025 жылғы № 265 бұйрығы негізінде «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасына енуі. Пилоттық жобаның енгізілуі әлеуметтік серіктестік аясындағы жұмыстың жүйелі жалғасуына, балалардың еңбекке қызығушылығын ерте жастан қалыптас тыруға және кәсіптік бағдар беру бағытындағы тәжірибені одан әрі дамытуға үлкен мүмкіндік беріп отыр.

**Екіншіден,** колледж студенттері мен педагогтері балабақшада бірлескен іс-шаралар ұйымдастырып, балалармен шығармашылық және практикалық жұмыстар жүргізді. Соның бірі, екі жыл

қатарынан «Baby Skills» өңірлік чемпионаты ұйымдастырылып, жас мамандардың шығармашылық қабілеттері мен практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасады. Бұл чемпионат жас мамандардың кәсіби жетілуіне, ал тәрбиеленушілердің алғашқы мамандық дағдыларын меңгеруіне жағдай туғызды.

ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Ерте жастан кәсіпке бағдарланған білім – заман талабы» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, ерте жастан еңбекке баулу мен кәсіптік бағдар беру бағытындағы тиімді әдіс-тәсілдерді талқылады, кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттерді, ойын-сауықтарды ұйымдастырды.



**Үшіншіден,** бөбекжай педагогтері мен колледж оқытушылары арасында тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Осы бағытта шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер және бірлескен әдістемелік кездесулер

Әлеуметтік серіктестік нәтижесінде педагогтердің кәсіби ынтымақтастығы нығайып, білім беру ұйымдары арасында тәжірибе тарату жұмыстары жанданды. Осы бағытта облыстық және республикалық деңгейдегі семинарларға

қатысу, іс-тәжірибелерді насихаттау, әдістемелік мақалалар жариялау және бірлескен жобаларды жүзеге асыру жұмыстары жоспарланып жүзеге асуда.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде: -тәрбиеленушілердің еңбекке деген қызығушылығы мен құрмет сезімі қалыптасты;

-балалардың мамандықтар туралы алғаш қы түсініктері кеңейді;

-мектепке дейінгі ұйым мен колледж арасындағы сабақтастық нығайды;

-педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуы жетілдірілді;

-ата-аналардың әлеуметтік серіктестікке деген оң көзқарасы қалыптасып, өзара ынтымақтастығы нығая түсті;

-ерте жастан кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тиімді моделі қалыпта суда;

-әлеуметтік серіктестік аясындағы тиімді тәжірибелер облыстық, республикалық деңгейде таратылуда.

Бүгінгі таңда әлеуметтік серіктестік – тек тәжірибе алмасу ғана емес, ол ортақ мақсатқа бағытталған тиімді ынтымақ тастық алаңын қалыптастырып, білім беру ұйымдары арасындағы өзара байланысты нығайтудың маңызды тетігі болып табылады.

2026-2027 оқу жылында төмендегідей ортақ жаңа жобалар мен шараларды бастау жоспарымыз:

### 1. «Baby Professions» шағын кәсіптер фестивалі

#### Форматы:

Балалар бірнеше мамандық аймағынан өтеді:

- міні-аспаз;
- міні-шаштараз;
- міні-дизайнер;
- міні-кондитер.

Колледж студенттері балаларға тәлімгер болады.

#### Нәтижесі:

- балалардың қызығушылығы артады;
- студенттердің педагогикалық тәжіри бесі дамиды;
- ата-аналар тартылады.

### 2. «Колледж студенті – кішкентай дос» тәлімгерлік жобасы

**Мазмұны:** Әр топқа колледждің ерікті студенттері бекітіледі.

Олар:

- ойын ұйымдастырады;
- шеберлік сағаттарын өткізеді;
- мамандықтармен таныстырады.

#### Ерекшелігі:

Бұл әлеуметтік серіктестіктің өте мықты моделі болып саналады.

### 3. «ECOVATYS KIDS LAB» экологиялық еңбек зертханасы

#### Бағыттары:

- қайта өңдеу;
- эко-қолөнер;
- қалдықсыз аспаздық;
- табиғи материалдармен жұмыс;
- мини-жылыжай.

#### Нәтижесі:

Экологиялық мәдениет + еңбек тәрбиесі бірге дамиды.

### 4. «Отбасылық мамандықтар күні»

**Форматы:** Ата-аналар + колледж + балалар бірге қатысады.

Бұл не береді:

- ата-анамен байланыс күшейеді;
- кәсіпке құрмет қалыптасады.

### 5. «Baby Skills Academy» тұрақты клубы

Чемпионатты бір реттік емес, жылдық клубқа айналдыру.

Апталық бағыттар:

- аспаздық;
- дизайн;
- сән;
- сервис;
- экологиялық шеберхана.

#### Артықшылығы:

Бұл тәжірибе кейін авторлық жоба ретінде қорғауға бағытталған.



Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйым мен колледж арасындағы әлеуметтік серіктестік балаларды ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулудағы тиімді тәжірибенің маңызды үлгісі болып табылады.

Бірлескен жұмыстар арқылы тәрбиеленушілердің мамандық тарға қызығушылығы артып, еңбекке деген құрмет сезімі қалыптасуда.

Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби ынтымақтастығы нығайып, тәжірибе алмасу мен әдістемелік қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Алдағы уақытта да бұл серіктестікті жалғастырып, мазмұнын жаңа идеялармен толықтыру арқылы ерте кәсіптік бағдар беру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру басты міндеттердің бірі болып қала береді.

# «GREEN OASES» ЖИ АРҚЫЛЫ БАЛАБАҚША АУЛАСЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ КЕҢІСТІКТІ ЖОБАЛАУ



## Турасаева Улпан Болатовна

Батыс Қазақстан облысы  
Бөрлі ауданының білім беру бөлімінің  
Ақсай қаласының №7 «Айналайын» бөбекжайы,  
тәрбиеші

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәселелердің өзектілігі артып, табиғатты қорғау мен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау басты құндылықтардың біріне айналды. Осыған орай бөбекжайымызда балаларға экологиялық тәрбие беру ерекше маңызға ие болып отыр. Баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы ең алдымен оны қоршаған ортадан басталады.

Бөбекжай ауласы – бүлдіршіндердің күнделікті уақыт өткізетін, ойнайтын, қоршаған ортаны танып-білетін негізгі кеңістігі. Сондықтан бұл аумақтың эстетикалық, қауіпсіз әрі экологиялық талаптарға сай ұйымдастырылуы маңызды. Бүгінгі таңда жасанды интеллект технологиялары жасыл аймақтарды тиімді жобалауға, кеңістікті дұрыс жоспарлауға және табиғи элементтерді үйлесімді орналастыруға мүмкіндік береді.

«Green Oases» жобасы – балаларға жайлы әрі табиғатпен үндес орта қалыптастыруға бағытталған заманауи

бастама. Бұл тәсіл арқылы бөбекжай ауласын тек ойын алаңы емес, экологиялық тәрбие мен таным орталығына айналдыруға болады.

Жасанды интеллект және экологиялық дизайн.

Жасанды интеллект – адам еңбегін жеңілдетіп қана қоймай, шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға көмектесетін инновациялық технология. Бүгінде ЖИ жүйелері ландшафт дизайнында, қала құрылысы мен экологиялық жоспарлауда кеңінен қолданылуда.

Балабақша ауласын жобалау барысында ЖИ технологиялары:

- аумақтың өлшеміне сәйкес тиімді жоспар ұсынады;
  - көгалдандыру аймақтарын автоматты түрде орналастырады;
  - күн сәулесі мен көлеңке түсуін есептейді;
  - қауіпсіз ойын аймақтарын анықтайды;
  - су үнемдеу және экологиялық тиімділік көрсеткіштерін сараптайды.
- Осындай мүмкіндіктердің нәтижесінде балаларға қолайлы, эстетикалық және табиғатқа зиян келтірмейтін орта қалыптасады.



«Green Oases» тұжырымдамасының негізгі мақсаты — бөбекжай ауласында табиғи шағын экожүйе құру. Мұндай кеңістікте балалар тек ойнап қана қоймай, табиғатты бақылап, өсімдіктерді күтіп-баптауды үйренеді.

Жоба аясында:

- гүлзарлар мен шағын бақтар;
- көлеңкелі демалыс аймақтары;
- экологиялық ойын алаңдары;
- табиғи материалдардан жасалған безендірулер;
- балаларға арналған шағын зерттеу бұрыштары ұйымдастырылады.

Бұл орта балалардың шығармашылық қабілетін, зерттеушілік қызығушылығын және экологиялық мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Сол мақсатта бөбекжайымыз да жазғы ауланы көгалдандыру үшін 25 түрлі ағаштар және 5 түрлі алма жеміс ағашы отырғызылды. Жоба барысында бөбекжай ауласында арнайы көкөніс аймақтары ұйымдастырылып, балалардың қатысуы мен қызанақ, қияр, сәбіз, аскөк, пияз секілді көкөністер егілді. Бұл жұмыстар арқылы тәрбиеленушілер өсімдіктерді күтіп-баптауды үйреніп, табиғатқа деген жауапкершілік сезімін қалыптастырды. Сонымен қатар балалар көкөністердің өсу кезеңдерін бақылап, экологиялық және еңбек тәрбиесін тәжірибе арқылы меңгерді. Алдарыңызға бөбекжай ауласын дағы бақшадан көрініс.



Бұл көрініс ЖИ көмекшісі арқылы жасалған яғни көкөністердің пісіп, жетілген кезеңі.

Экологиялық тәрбиедегі маңызы:

Табиғат аясында тәрбиеленген бала қоршаған ортаға жанашыр болып өседі. Жасыл кеңістік балалардың эмоционалдық көңіл күйіне оң әсер етіп, денсаулығын нығайтады.

ЖИ арқылы жобаланған жасыл аумақ:

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
- табиғи тепе-теңдікті сақтауға көмектесе ді;
- экологиялық мәдениетті қалыптастыра ды;
- педагогтердің оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін көтереді.

Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық технологияларды пайдалана отырып экологиялық орта қалыптастыру — уақыт талабы.

Қорыта айтқанда, «Green Oases» жобасы — жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бөбекжай ауласында заманауи экологиялық кеңістік қалыптастырудың тиімді үлгісі. Бұл тәсіл балалардың табиғатпен етене байланысын күшейтіп, олардың экологиялық мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.

Болашақ ұрпақтың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдарда осындай инновациялық жобаларды енгізудің маңызы зор. Жасыл кеңістік — тек әсем орта ғана емес, баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін тәрбие алаңы.

Табиғатты аялауды кішкентай жүректерден бастау — жарқын болашақтың кепілі



## ● Аңдатпа:

Бұл мақалада жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы балабақша ауласындағы экологиялық әрі қауіпсіз жасыл кеңістікті жобалау мәселелері қарастырылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың табиғатпен етене байланысын нығайту, экологиялық мәдениетін қалыптастыру маңызды бағыттардың біріне айналып отыр. Осыған байланысты заманауи цифрлық технологиялар мен ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тиімді, эстетикалық және балаларға қолайлы жасыл орта құрудың маңызы айқындалады. Мақалада экологиялық дизайн, табиғи аймақтарды жоспарлау, балалардың танымдық дамуына әсер ететін жасыл кеңістіктің ерекшеліктері сипатталып, практикалық ұсыныстар беріледі.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЕРТЕГІНІ ҚЫЗЫҚТЫ ОҚЫТУ



## Сарсенова Анаргуль Жамбуловна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімі, әдіскер

Цифрландыру – бүгінгі білім беру саласының ажырамас бөлігіне айналды. Мектепке дейінгі ұйымдарда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану балалардың оқуға деген құштарлығын арттырудың жаңа көжіктерін ашады. 5 жасар бүлдіршіндердің ертегі тыңдауға, кейіпкерлерді елестетуге және қиялдауға деген ерекше қызығушылығын ескерсек, ертегі терапиясы мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жасанды интеллект технологияларын пайдалану – оқытуды ойын түрінде, қызықты әрі сапалы жүргізудің ең тиімді құралы болып табылады.

### **Ертегінің бала тәрбиесіндегі маңызы**

Ертегі – баланың ой-өрісін, тіл байлығын және шығармашылық қиялын дамытатын басты тәрбиелік құрал. Ол арқылы бала жақсылық пен жамандықты ажыратып, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Мектепке дейінгі жастағы балалар ақпаратты визуалды (көрнекілік) және аудио (дыбыс) арқылы жақсы қабылдайтындықтан, ертегіні заманауи әрі қызықты

форматта ұсынудың маңызы зор.

### **Жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктері**

Жасанды интеллект құралдары педагогтерге дәстүрлі ертегілерді заманауи форматқа көшіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ЖИ келесі функцияларды орындайды:

- Ертегі мәтінін әсерлі, интонациялы дауыспен дыбыстау;
- Кейіпкерлердің бірегей, заманауи суреттерін секунд ішінде жасау;
- Статикалық суреттерді қозғалысқа келтіріп, анимациялық бейнелер құрастыру;
- Балалардың логикасын дамытатын интерактивті ойындар дайындау;
- Ертегі мазмұны бойынша қызықты сұрақ-жауап және викториналар ұйымдастыру.

Педагог ертегі мәтінін жасанды интеллект платформасына енгізу арқылы кейіпкерлердің жаңаша суреттерін немесе қысқа мультфильм үлгісін жасай алады. Бұл балалардың назарын ұзақ әрі тұрақты ұстауға көмектеседі.

### **Педагогикалық тәжірибеде қолданылатын ЖИ құралдары**

Ертегілерді жаңа форматта дайындау және балаларға ұсыну барысында келесі бағдарламалық кешендер кезең-кезеңімен қолданылады:

- **ChatGPT / Claude:** Мектепалды даярлық тобы балаларының жас ерекшелігіне сай, тәрбиелік мәні бар, қысқа әрі тартымды ертегі сюжеттерін, дидактикалық тапсырмалар мен сұрақтар топтамасын құрастыру үшін пайдаланылады.
- **Leonardo AI / Midjourney:** Ертегі желісіне қажетті бірегей кейіпкерлердің суреттерін жоғары сапада (HD) салуға мүмкіндік береді.
- **Canva:** Дайын суреттердің фонын өзгерту, мәтінмен үйлестіру, көрнекіліктер, жұмыс дәптерлері мен демонстрациялық карточкаларды әзірлеу үшін қолданылады.
- **ElevenLabs:** Ертегі мәтінін кәсіби дикторлық деңгейде, ертегі табиғатына сай әртүрлі кейіпкерлердің (мысалы, аюдың жуан, қоянның жіңішке) дауысымен дыбыстауға арналған.

- **CapCut / Runway:** Дайын аудио мен суреттерді біріктіріп, анимациялық эффектілер қосу және қысқа бейнероликтер (мультифильмдер) монтаждау үшін жұмсалады.

**Іске асырылған нақты жобалар**  
(Практикалық нәтиже)

Педагогикалық іс-тәжірибе барысында «Ертегіні жаңаша аяқта» әдісі аясында ЖИ көмегімен балалардың STEM (ғылым, технология) дағдыларын дамытуға бағытталған келесідей цифрлық өнімдер әзірленіп, сабаққа енгізілді:

**1. «Бауырсақ Ғарышта» жобасы**  
(Астрономиялық алғашқы түсінік)

**-Атқарылған жұмыс:**

ChatGPT көмегімен дәстүрлі «Бауырсақ» ертегісінің заманауи желісі құрылды (Бауырсақ түлкіден қашып кетіп, ғарыш зымыранына мініп, планеталарға саяхаттайды). Leonardo AI арқылы скафандр киген Бауырсақтың суреті салынып, Capva платформасында Күн жүйесінің фоны үйлестірілді.

**-Тәжірибелік қолданылуы:**

Сабақ үстінде балаларға «Бауырсақ Марс планетасында не көрді?», «Оған Сатурнның сақиналары неліктен ұнады?» деген сұрақтар төңірегінде интерактивті тапсырмалар берілді.

**Балаларға әсері:** Тәрбиеленушілер ертегіні тыңдай отырып, Күн жүйесі, планеталар және жұлдыздар туралы алғашқы күрделі білімді еш қиындықсыз, үлкен қызығушылықпен меңгерді.

**2. «Жеті лақ пен Роботтар» жобасы**  
(Киберқауіпсіздік және техникалық қауіпсіздік)

**-Атқарылған жұмыс:** Ертегі сюжетіне ақылды үй технологиялары мен роботтар енгізілді. Қасқыр лақтарды алдау үшін дауысты өзгертетін құрылғы қолданады, ал лақтар қауіпсіздік жүйесін іске қосады. CapCut бағдарламасында лақтар мен роботтардың өзара диалогтары анимацияланып, дыбыстық эффектілермен күшейтілді.

**-Тәжірибелік қолданылуы:** Балалармен бірге «Бейтаныс біреу қоңырау шалса не істеу керек?», «Ақылды құрылғыларды қалай дұрыс пайдаланамыз?» деген тақырыпта ситуациялық ойындар ойнатылды.

**-Балаларға әсері:** Тәрбиеленушілер заманауи технологияларды дұрыс пайдалану мәдениетін және жеке қауіпсіздік ережелерін визуалды бейнелер арқылы саналы түрде жадына сақтады.

**-3. «Smart Бауырсақ» (WOW-эффект)**

**-Атқарылған жұмыс:** Оқу қызметінің ең жоғары эмоционалды нүктесі – Бауырсақтың тікелей жасанды интеллект арқылы жасалған өз дауысымен (ElevenLabs) үлкен LED экраннан балаларға тіл қатып, есімдерін атап амандасуы болды. Балалар тірі кейіпкермен сөйлескендей әсер алып, сабаққа деген уәждемесі (мотивациясы) бірнеше есе артты.

**Ұйымдастырылған интерактивті орта және әдістемелік көрсетілім**

Аталған жобаларды іс-тәжірибеде тарату және педагогтерге таныстыру мақсатын да арнайы шеберлік сыныптары мен семинарлар ұйымдастырылды.

Оқу кеңістігі келесідей заманауи элементтермен жабдықталды:

**1.Көрнекілік аймағы:** Семинар барысын да үлкен LED экранда нейрожелі көмегімен жасалған анимациялар мен «ұшып жүрген ертегі кітаптарының» 3D бейнелері көрсетілді.

**2.Қарсы алу аймағы (Welcome zone):** Кіре берісте қатысушыларды арнайы робот-кейіпкер қарсы алып, оларға цифрлық өнімдерге сілтемесі бар QR-кодты буклеттер, бейджер мен бірегей ЖИ стикерлерін үлестірді.

**3.Практикалық жұмыс үстелдері:** Әр үстелде ертегі желісі бойынша интерактивті тапсырмаларға (LearningApps, Wordwall платформаларына) сілтеме жасайтын QR-кодтар, ЖИ арқылы басып шығарылған ертегі карточкалары және рефлексияға арналған смайлик-бағалау карталары орналастырылды.

**Жұмыстың тиімділігі мен бағалануы**

Осы бағытта атқарылған шығармашылық жұмыстар әріптестер мен әдіскерлер арасында өткен педагогикалық шеберлік байқауларында («Smart Kids», «AI Creators», «Future Teachers», «Digital Story» топтық жобалары аясында) ұсынылып, өте жоғары бағаланды.

Жобаларды қорғау кезінде нәтижелі өнімдер үлкен LED экранда демонстрацияланып, қатысушылар «жұлдызша» стикерлері арқылы кері байланыс берді.

Жасанды интеллект – педагогті ешқашан толық алмастыра алмайды, бірақ шығармашыл педагогтің кәсіби мүмкіндіктерін бірнеше есе арттыратыны сөзсіз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде озық технологияларды, шығармашылық идеяларды және балалардың сүйікті ертегі әлемін ұштастыру арқылы білім сапасын мүлдем жаңа, заманауи деңгейге көтеруге болады.



# ЗАМАНАУИ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ: ЭКОЛОГИЯ, КӘСІП ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АЛАҢЫ



## Исмагулова Шулпан Бахитжановна

Батыс Қазақстан облысы  
Бөрлі ауданының білім беру бөлімінің  
«Арман» бөбекжайы, әдіскер-тәрбиеші

Бүгінгі таңда білім мен тәрбие беру саласы мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Қазіргі балаларды тек кітаппен немесе құрғақ теориямен таңғалдыру мүмкін емес, өйткені олар — цифрлық заманның ұрпағы. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз заманымен тәрбиеле» деген даналық сөз бүгінгі күннің негізгі ұранына айналуы тиіс.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:** Тәрбие жұмысына жаңа технологияларды енгізе отырып, баланың бойында адамгершілік, экологиялық мәдениет және болашақ кәсіпке деген икемділікті ерте жастан қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындау.

**Тақырыптың өзектілігі:** Экологиялық дағдарыс пен технологиялық прогресс (ЖИ) дәуірінде балаларға тек білім беріп қана қоймай, оларды өзгермелі әлемге бейімдеу, функционалдық сауаттылығын арттыру басты қажеттілікке айналып отыр. Бұл мақалада мен өз тәжірибемде

қолданып жүрген, нәтижесін берген үш маңызды бағыттың — экологиялық тәрбие, жасанды интеллект және ерте жастан кәсіпке баулудың өзара байланысын қарастырамын.

Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, жобалау әдісі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және интерактивті модельдеу әдістері қолданылды. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ескеріле отырып, экология, кәсіпкерлік және цифрлық технологияларды ұштастыратын келесі жобалар іске асырылды:

-**«Жасыл патруль» жобасы:** Қоқысты сұрыптау және қалдық заттарды қайта өңдеу әдісі.

-**«Терезе алдындағы бақша» жобасы:** Өсімдіктерді күтіп-баптау арқылы еңбек терапиясын жүргізу.

-**ЖИ-мен өзара әрекеттесу:** ChatGPT және кескін генераторлары (Midjourney, DALL-E) арқылы интерактивті медиа-контент құру әдістемесі.

-**Дизайн және идея іздеу:** Көрнекіліктерді, эко-купондарды, жарнамалық постерлер мен шақыру

билеттерін жасау үшін Canva платформасы, ал қалдық заттардан бұйым жасау идеяларын табу үшін Pinterest ресурстары пайдаланылды. Өткізілген іс-шаралар мен енгізілген кешенді жобалардың нәтижесінде балалар бойында келесі негізгі көрсеткіштер мен дағдылар қалыптасты:

### 1. Экологиялық жауапкершілік және ресайклинг

Балалар күнделікті өмірде пластик пен қағазды бөлек жинауды әдетке айналдырды. Пластик қақпақтар мен құтылардан түрлі мозайкалар, ойыншықтар мен сәндік бұйымдар жасау арқылы олардың креативті ойлауы мен ұсақ моторикасы дамыды. Балаларда қалдық заттарды тастай салмай, одан жаңа, пайдалы дүние жасауға болатыны туралы «экологиялық үнемділік» түсінігі бекіді.

### 2. Еңбекқорлық және қаржылық сауаттылық: «Эко-жәрмеңке»

Жобаның қорытынды кезеңі ретінде ұйымдастырылған «Эко-жәрмеңке» балалар үшін нағыз нарықтық қатынастарды түсінуге мүмкіндік берген тәжірибе майданына айналды. Мұнда келесі маңызды құндылықтар көрініс тапты:

**-Тауарды дайындау және ұсыну:** Балалар өздері өсірген жасыл пияз, қызанақ көшеттерін және қалдық заттардан жасаған қолөнер бұйымдарын (қарындаш салғыштар, ойыншықтар) жәрмеңке сөрелеріне шығарды.

**-Баға белгілеу және коммуникация:** Әр бала өз еңбегінің нәтижесіне сәйкес тауарға шартты баға қоюды үйренді (мысалы: 1 пияз – 2 эко-купон). Өз тауарын «сатып алушыларға» таныстыру арқылы олардың тіл байлығы мен көпшілік алдында сөйлеу дағдысы артты.

**-Қаржылық есеп айырысу мен математика:** Сауда-саттық арнайы «эко-ұпайлармен» жүргізілді. Балалар ақша санау, қайтарым беру және өз бюджетін үнемдеуді іс жүзінде көріп, қарапайым математикалық амалдарды (қосу, алу, салыстыру) логикалық түрде меңгерді.

**-Әлеуметтену:** Бір-бірімен саудаласу және кезек күту барысында балалар әдептілік пен өзара сыйластық ережелерін сақтауды үйренді.

ЖИ арқылы интерактивті видео-жауаптар дайындалды. Нәтижесінде, балалар планшет пен телефонды бос уақыт жоғалту құралы емес, танымдық мақсаттағы тиімді көмекші ретінде қабылдауды үйренді.

**Педагогикалық талқылау:** Алынған нәтижелерді дәстүрлі педагогикалық тәсілдермен салыстыра отырып, заманауи балалардың ақпаратты қабылдау динамикасының өте жоғары екенін байқадық. Бұрын экологиялық тәрбие тек «табиғатты қорғандар» деген жалаң ұраннан тұрса, қазіргі ЖИ-мен және кәсіпкерлікпен ұштастырылған модель баланың ынтасын бірнеше есе арттырады. Анықталған басты заңдылық: технология (ЖИ) баланың назарын аударушы құрал рөлін атқарса, экологиялық және кәсіптік жобалар оның шынайы өмірдегі әлеуметтенуін қамтамасыз етеді. Бұл виртуалды әлем мен шынайы еңбектің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Экологиялық таза ойлау, еңбекқорлық және заманауи технологияларды (ЖИ) меңгеру – бұл ХХІ ғасыр баласына ең қажетті дағдылар. Осы үш бағытты ұштастыра отырып, біз тек табиғатты сүйетін ғана емес, өз еңбегімен қоғамға пайда әкелетін, технологияны жақсы меңгерген саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Зерттеу барысында енгізілген «Жасыл патруль», «Терезе алдындағы бақша» және ЖИ-мен эко-ертегілер құрастыру жобалары балалардың бойында тек теориялық білімді ғана емес, қоршаған ортаға деген шынайы жанашырлықты, өз еңбегінің нәтижесін көру арқылы жауапкершілікті және заманауи цифрлық әлемде бағыт-бағдар ала білу дағдыларын дамытты. Ең бастысы, біз технология мен шынайы еңбектің арасындағы алтын көпірді қалыптастыра алдық.



### 3. Цифрлық сауаттылық және ЖИ мүмкіндіктері

Жасанды интеллекттің (ЖИ) көмегімен балалармен бірлесе отырып «Пластик шөлмектің бастан кешкендері» атты экологиялық ертегінің желісі ойластырылды. ЖИ құралдары арқылы сол ертегіге заманауи суреттер мен кейіпкерлер бейнесі бірнеше секундта жасалып шықты. Сондай-ақ, балаларды мазалайтын «Неге жаңбыр жауады?», «Жел қайдан шығады?» деген сұрақтарға

#### ● Аңдатпа:

Мақалада мектепке дейінгі жасындағы балаларға заманауи тәрбие берудің өзекті мәселелері қарастырылады. ХХІ ғасыр ұрпағын қалыптастырудағы үш негізгі бағыт: экологиялық мәдениет, ерте жастан кәсіпке баулу және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын интеграциялау жолдары сипатталған. Осы мақалада қолданылған «Жасыл патруль», «Терезе алдындағы бақша» және ЖИ көмегімен эко-ертегілер құрастыру сияқты жобалардың тиімділігін талданады. Мақала заманауи педагогтер мен тәрбиешілерге әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

# ЗАМАНАУИ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ: ЭКОЛОГИЯ, КӘСІП ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АЛАҢЫ



## Убишева Айжан Султановна

Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласы білім беру бөлімінің  
№9 «Еркемай» бөбекжайы, меңгеруші,  
желілік қауымдастық жетекшісі

Қазіргі балабақшалардың жұмысын жақсарту, тәрбиешілердің кәсіби деңгейін өсіру және бірегей тәжірибелермен бөлісу – білім берудегі басты міндеттер. Ал бұл міндеттерді тиімді жүзеге асыруда желілік қауымдастықтардың көмегі орасан зор.

Желілік қауымдастық – бұл ортақ мақсат пен кәсіби мүдде негізінде біріккен педагогтердің ынтымақтастық алаңы.

Бүгінде Орал қаласында 50 мемлекеттік, 149 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар арасында құрылған 8 желілік қауымдастықтар («Qazaq IQ», «Самға», «Бақыт мекені», «Алтын ұрпақ», «Кемел бала», «Шабыт», «Зияткер», «Ұлағат») өз жұмысын жүргізуде. Әр қауымдастықтың өзіндік жұмыс бағыты мен кәсіби ұстанымы қалыптасқан. Атап айтқанда, «Шығармашылыққа шектеу жоқ», «Артформация: шабыт, идея, нәтиже!», «Ұлттық код пен технологияның тоғысуы!», «Зияткер бала болашағы: инновация мен білімнің синергиясы», «Ұлттық код пен заманауи құзыреттілік: Тұлға

қалыптастырудағы үйлесімділік», «Интеллект пен инновация үндестігі» т.б.

«Шығармашылыққа шектеу жоқ» бағыты аясында педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, инновациялық идеяларды қолдауға және балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырса, «Артформация: шабыт, идея, нәтиже!» бағыты өнер мен заманауи педагогиканы ұштастыру арқылы тәрбие мен оқыту үдерісін жаңғыртуға басымдық береді. «Ұлттық код пен

технологияның тоғысуы!» бағыты арқылы ұлттық құндылықтарды заманауи білім беру технологияларымен үйлестіруді мақсат етеді, балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып қана қоймай, олардың танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. «Зияткер бала болашағы: инновация мен білімнің синергиясы» – баланың зияткерлік қабілетін заманауи білім беру мен инновациялық технологиялар арқылы дамытуға бағытталса, «Ұлттық код пен заманауи құзыреттілік: Тұлға қалыптастырудағы үйлесімділік»



бағыты ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заманауи дағдыларды меңгерген тұлға тәрбиелеу идеясын қамтиды. Ал «Интеллект пен инновация үндестігі» – білім беру үдерісінде интеллектуалдық дамуды инновациялық әдіс-тәсілдермен ұштастыруға негізделген бағыт.

Желілік қауымдастық жұмысының басты мақсаты – бөбекжайаралық әдістемелік байланысты нығайту және тәжірибе алмасудың бірыңғай алаңын қалыптастыру болса, бірлескен жұмысы мектепке дейінгі ұйымдар арасында тәжірибе алмасуды күшейтіп, кәсіби ынтымақтастық мәдениетін қалыптас тыруға және сапалы білім беру ортасын дамытуға ықпал етуде.

Желілік қауымдастықтың тиімділігі оның нақты нәтижелері арқылы айқындалады. Ең алдымен, педагогтердің кәсіби қауымдастықта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Олар өзара тәжірибе алмасып, пікірталас жүргізуге, бірлескен жоспар құруға, ортақ жобаларды жүзеге асыруға дағдыланады. Бұл педагогтердің кәсіби сенімділігін арттырып, шығарма шылық ізденіске жетелейді. Сонымен қатар әр педагог өз тәжірибесіне сырт көзбен қарап, кәсіби рефлексия жасауға мүмкіндік алады.

Желілік қауымдастық аясында бөбекжайлар арасында тұрақты серіктестік байланыс орнады. Мемлекеттік және жеке мектепке дейінгі ұйымдар арасында өзара ынтымақтастық нығайып, ортақ мақсатқа бағытталған жүйелі жұмыс қалыптасты. Бір-бірінің тәжірибесін зерделеу арқылы ұйымдар арасында сенімді қарым-қатынас пен қолдау мәдениеті дамыды. Мұндай серіктестік білім беру ұйымдарының ашықтығын арттырып, кәсіби бірлікті күшейте түсті.

Тәжірибе алмасу арқылы инновациялық идеялар кеңінен таралады. Педагогтер оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын жаңа технологиялармен, заманауи әдіс-тәсілдермен танысып, оларды өз тәжірибесіне енгізуде. Бұл балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, іс-шараларды қызықты әрі тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар цифрлық ресурстарды қолдану, STEAM, AI элементтерін енгізу, жобалық оқыту технологияларын пайдалану сияқты бағыттарда тәжірибе бөлісу жұмыстары жүзеге асып келеді. Желілік қауымдастық бұрыннан келе жатқан мәселелер мен өзекті проблемаларды бірлесіп шешуге .

мүмкіндік береді. Педагогтер күнделікті тәжірибеде кездесетін қиындықтарды талқылап, ортақ шешімдер қабылдайды. Осындай кәсіби қолдау ортасы педагогтердің жалғыз еместігін сезін діріп, өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастырады. Бірлесе талқылау барысында тиімді ұсыныстар мен тың идеялар туындайды, сонымен қатар, педагогтердің шығармашылық белсенді лігі артады.

Қауымдастық аясында әр педагог өз идеясын ұсынып, авторлық жұмыстарын таныстыруға мүмкіндік алады. Бұл олардың кәсіби мотивациясын күшейтіп, жаңашылдыққа ұмтылысын арттырады. Нәтижесінде педагогтер өзін-өзі дамытуға, үздіксіз білім алуға және кәсіби тұрғыдан өсуге талпынады.

Желілік қауымдастық жұмысы білім беру бөлімінің жұмысын жүйелеуге және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қаладағы 50 мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйым арасында өткізілетін байқаулар алдымен 8 желілік қауымдастық деңгейінде ұйымдастырылады.

Нәтижесінде әр желілік қауымдастықтан үздік деп танылған жеңімпаздар іріктеліп, қала көлеміндегі кезенге 8 үздік қатысушы жолданады.



Бұл ретте тәрбиеленушілер мен педагогтер арасында ұйымдастырылатын байқауларды алдымен желілік қауымдастықтар арасында өткізу тиімділігін байқауға болады. Сонымен қатар, желілік қауымдастықтар мемлекеттік бөбекжайлармен қатар жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға да мемлекеттік аттестаттаудан өту барысында әдістемелік қолдау көрсетеді. Атап айтқанда, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапалы жүргізілуіне, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың заманауи талаптарға сай безендірілуіне, жаңа және инновациялық технологияларды енгізу мен түсіндіруге, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында кәсіби көмек береді.

Желілік қауымдастық жұмысы – білім бөлімі үшін тиімді басқару мен үйлестірудің маңызды тетігі болса, мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар үшін өзара тәжірибе алмасуға, кәсіби қолдау көрсетуге және серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған ортақ алаң болып табылады.

Бұл жоба мектепке дейінгі ұйымдар арасындағы байланысты күшейтіп қана қоймай, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Желілік қауымдастық жұмысының нәтижесінде педагогтер жаңа технологиялар мен заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеріп, кәсіби шеберлігін жетілдіреді, шығармашылық әлеуетін дамытады. Әріптестер арасында тәжірибе

алмасу мәдениеті қалыптасып, өзара қолдау көрсету жүйесі нығая түседі.

Ата-аналар үшін бұл жоба – сапалы білім мен тәрбие беру ортасының қалыптасуына сенім. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жаңашыл жұмыстар мен тиімді тәжірибелердің енгізілуі балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар ата-аналар мен педагогтер арасындағы байланыс артып, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілік күшейеді.



Ал балалар үшін желілік қауымдастық жұмысының басты нәтижесі – қауіпсіз, заманауи, дамытушы білім беру ортасында тәрбиеленіп, сапалы білім алу мүмкіндігі. Инновациялық технологиялардың енгізілуі мен педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің артуы балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Ең бастысы, бұл жоба аясында меңгерушілер, әдіскерлер және педагогтер арасында үлкен кәсіби сабақтастық қалыптасқан. Меңгерушілер басқарушылық тәжірибемен бөліссе, әдіскерлер оқу-тәрбие үдерісіне әдістемелік бағыт-бағдар береді, ал педагогтер тәжірибеде тиімді әдістерді жүзеге асырады. Осындай бірлескен жұмыс нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдар арасында кәсіби ынтымақтастық мәдениеті дамып, білім беру жүйесінің сапасы артып келеді.



### ● Аңдатпа:

Мақалада қазіргі білім беру кеңістігінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін жетілдіру мен педагогтердің кәсіби біліктілігін арттырудағы желілік қауымдастықтардың рөлі мен тиімділігі қарастырылған. Орал қаласындағы 50 мемлекеттік және 149 жекеменшік балабақшаны біріктіретін 8 желілік қауымдастықтың («Qazaq IQ», «Самға», «Бақыт мекені», «Алтын ұрпақ», «Кемел бала», «Шабыт», «Зияткер», «Ұлағат») іс-тәжірибесі негізге алына отырып, олардың негізгі бағыттары (ұлттық код, артформация, инновация мен STEAM, AI элементтері) талданған. Автор желілік қауымдастықтың білім беру бөлімі, балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар және тәрбиеленушілер үшін тиімділігі мен нақты нәтижелерін айқындайды. Мемлекеттік аттестаттаудан өтудегі әдістемелік қолдау мен байқауларды іріктеудегі жаңа жүйенің маңызы негізделген.



# МАЗМҰНЫ

Кубашева Гульмира Камаловна	4
Кудашева Даурия Тулегеновна Сиражева Светлана Халеновна	5
Айткалиева Асем Максотовна Биназарова Жанат Рысбаевна	8
Еришова Эльмира Айдынгалиевна	12
Сабирова Шолпан Шамуратовна	15
Ниярова Нурсулу Мадениетовна	18
Утешова Лаура Рашидовна	21
Кажгалиева Гулжанат Жигербаевна Мурзагалиева Айнагуль Искендировна	24
Шарипова Молдир Гадилболатовна	26
Дюсембиева Рауза Магажановна	28
Нугманова Самал Муратхановна	30
Абилова Айболсын Адиеговна Ескалиева Тыныштық Сарсенбаевна	33
Жанжигитова Сандугаш Ерсайиновна	36



<b>Махсотова Айсұлу Марксовна</b>	<b>38</b>
<b>Ниярова Эльмира Темирбулатовна</b>	<b>41</b>
<b>Таниева Актоты Абатовна</b>	<b>46</b>
<b>Сахатова Лилия Муратовна Самигуллина Лаура Биржановна</b>	<b>50</b>
<b>Тлегенова Асель Магзомовна</b>	<b>53</b>
<b>Асанова Рауана Рахимовна</b>	<b>56</b>
<b>Нахметова Аққу Махсотовна</b>	<b>58</b>
<b>Рсмагамбетова Райгуль Рамазановна</b>	<b>61</b>
<b>Мухатова Айнагу Нурлыбаевна</b>	<b>63</b>
<b>Искалиева Айгуль Бисенбаевна Еришова Эльмира Айдынгалиевна</b>	<b>65</b>
<b>Турсаева Улпан Болатовна</b>	<b>70</b>
<b>Сарсенова Анаргуль Жамбуловна</b>	<b>72</b>
<b>Исмагулова Шулпан Бахитжановна</b>	<b>74</b>
<b>Убишева Айжан Султановна</b>	<b>76</b>

